

Мухаммад-Султанның Жапония
мұсылмандарына сыйлығы
немесе
МҰСЫЛМАН АДАМ ТӨРТ МАЗХАБТЫҢ
БІРЕУІН ҰСТАНУЫ МІНДЕТТІ МЕ?

كتاب هدية السلطان إلى مسلمي بلاد اليابان، أو (هل المسلم ملزم باتباع
مذهب معين من المذاهب الأربعة ؟)

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخي>



Шейх Мухаммад-Султан әл-Мә'суми
әл-Худжәнди әл-Мәкки

شيخ أبو عبد الكريم محمد سلطان المعصومي الخجندي



www.al-hanifiya.kz
сайтының кітапханасынан

من موقع أبي حنيفة النعمان www.al-hanifiya.kz

مراجعة: فريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام

**Мухаммад-Султанның Жапония мұсылмандарына
сыйлығы**

немесе

**МҰСЫЛМАН АДАМ ТӨРТ МАЗХАБТЫҢ БІРЕУІН
ҰСТАНУЫ МІНДЕТТІ МЕ?**

Авторы:

*Шейх Мухаммад-Султан әл-Мә'суми
әл-Худжәнди әл-Мәкки*

Өңдеу мен ескерту жасаған:

Шейх Сәлим ибн 'Ид әл-Хиләли

Мазмұны

- Алғы сөз
- Шейх Сәлим әл-Хиләлидің кіріспесі
- Автордың қысқаша өмірбаяны
- Шейх Мухаммад-Султанның кіріспесі
- Иман мен Исламның мәні
- Төрт мазхабтың біреуін ұстану мустахаб та емес, парыз да емес
- Исламның негізі – бұл Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне сәйкес амал ету
 - Кейінгі ұрпақ өкілдері барлық адамдарды мазхаб ұстануға мәжбүр ету үшін Қасиетті мәтіндерді өзгертті, әрі бұрмалады, ал кейіннен өздері бытырап бөлінді
 - Адам қайтыс болғаннан кейін қабірде қандай мазхабта немесе қандай тариқатта болғаны туралы сұралады ма?
 - Мазхабты ұстану міндетті деген тұжырым – саяси қитұрқы болып табылады
 - Әд-Дахләуидің «мазхаб – бұл бидғат» тұжырымы
 - Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа біреудің жолын ұстанған әрбір адам білімнен жұрдай адасқан болып есептеледі
 - Ибн әл-Хумәмнің «белгілі бір мазхабты ұстану – міндетті емес» тұжырымы
 - Мазхабқа соқыр ілесудің себебінен түсініспеушілік пен келіспеушілік пайда болды
 - Имам Әбу Ханифаның (басқаларының да) мазхабы – бұл Құран мен Сүннетке сәйкес амал ету
 - Муджтәһид дұрыс айтуы да, қателесуі де мүмкін, ал пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қателіктерден сақталған

- Ақиқат тек бір ғана адамның пікірімен шектелмейді, тек Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) пікірі ақиқат болып табылады
- Аса маңызды ескерту
- Осы үмметтің алғашқылары жетістікке жеткен нәрседе ғана кейінгілері жетістікке жетеді
- Аллаһтың діні мен Оның заңын өзгерткен кейбір ғалымдар туралы Фәхруддин әр-Разидің әңгімесі
- Имам әл-Ә'зам (ұлы имам) – бұл тек Аллаһ елшісі ғана (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын)
- Аллаһ Тағала тура жолмен жүруді бұйырады
- «Ашуға ұшырағандардың» ерекшелігі – олар ақиқатты тек өз ілімінің жақтастарынан ғана қабылдайды
- Шынында, пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды белгілі бір имамның мазхабын ұстануға міндеттеген жоқ
- Мазхабтардың таралуының бірнеше себептері

Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!

Алғы сөз

Оны дәріптеп, әрі Одан жәрдем мен кешірім сұрап жалбарынатын Аллаһқа барлық мақтау мен мадақтар болсын. Жанымыздың жамандықтары мен жаман іс-амалдарымыздан Аллаһқа сиынып, Одан пана тілейміз. Кімде-кімді Аллаһ тура жолға бастаса, онда оны ешкім де адастыра алмайды. Ал кімде-кімді адастырса, онда оны тура жолға салар ешкім жоқ. Біз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайық ешкім жоқ екеніне, Оның серігі жоқ, әрі Жалғыз екеніне куәлік етеміз, сондай-ақ Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етеміз.

Онан кейін:

Исламдағы мазхаб¹ туралы білгісі келетін әрбір мұсылманға шейх Мухаммад-Султан әл-Ма'сумидің бұл еңбегі өте пайдалы, әрі осы тақырыпқа байланысты дұрыс танымдық түсінік қалыптастыруға септігін тигізеді. Шейхтің позициясын дұрыс түсіну үшін кітапты өте мұқият оқып шығу қажет. Себебі, тақлид² жақтаушылары шейх Мә'сумиді «Исламдағы мазхабты жоққа шығарады деген пікірді ұстанады» деп адамдарды алдап адастырады. Шынтуайтына келгенде, Сүннет ұстанушылардың қатарындағы бізге дейінгі барлық имамдар секілді шейх Мә'суми де мазхабты жоққа шығармайды. Алайда, оған дейінгі имамдар да, шейх Мә'суми де шарифат әмірлеріне қарама-қарсы келетін баз біреудің пікіріне соқыр ілесуді тыйым салып, «мазхаб – Исламның негізі» деген сыңайлы жалған пікірлерді және барлық имамдарға қарамастан тек бір ғана имамның пікіріне сүйеніп, шектелуге тиісті деген көзқарастарды түбегейлі жоққа шығарады.

Осы туралы шейх Джәмәлюддин әл-Қасими керемет сөздер айтты: *“Ақиқат тек бір ғана ғалымның сөзімен және белгілі бір мазхабтың жағдайымен шектелмейді. Аллаһ Тағала мұсылман үмметіне көптеген ғалым-муджтаһидтер беру арқылы мейірім көрсетті”*. Ол тағы былай деді: *“Тақлид – бұл адамдардың арасында шапшаң таралып, оларды тез бөліп жіберетін алапес ауру. Мұнымен қоса, бұл – әрекетсіздік пен*

¹ **Мазхаб** – белгілі бір ғалымның діни-құқықтық мектебі. «Мазхаб» сөзі араб тілінің «зәһәбә» - жүру, бару, бағыттау сөзінен шыққан. Сондықтан белгілі бір адамның пікіріне сүйенген діндегі кез-келген бағыт «мазхаб» деп атала бастады. Әл-Фәйюми “Мисбәх әл-мунир” 1/211 кітабында былай дейді: *“Араб тілінде «пәленшенің мазхабымен жүру» дегеніміз оның жолымен, бағытымен жүру дегенді білдіреді, ал «дінде пәленшенің мазхабымен жүру» дегеніміз діни мәселелерде белгілі бір адамның пікіріне еру дегенді білдіреді”*.

² **Тақлид** – белгілі бір ғалымға соқыр ілесу. Муқаллид деп белгілі бір имамның пікірі Құран мен Сүннетке қарама-қайшы келетінін біле тұра соқыр ілесетін адамды айтады. Барлық уақыттың имамдары тақлидті тыйым салып, Құран мен Сүннетке қайшы белгілі бір имамның соңынан соқыр ілескен адамдардың іс-әрекеті дұрыс емес екендігін талай рет айтты. Имам әт-Тахауи айтады: *“Тереңге бармайтын, әрі ақымақ адамнан басқа ешкім соқыр еліктемейді”*. Қараңыз: “Расмул-муфти” 1/32

Имам Ибн Хазм айтады: *“Шынында, оған соқыр ілесетін ғалымдардың өздері соқыр ілесудің (тақлид) дұшпаны болған. Ғалымдар өздерінің жақтастарына өзінің пікіріне соқыр ілесуге тыйым салатын еді. Осы тұрғыда имам әш-Шәфи’и, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, ең ынталы болды, себебі ол басқаларға қарағанда өте жиі, әрі жүйелі түрде сенімді хабарларға және дәлелге сәйкес келетінін қабылдаудың міндетті екенін ескертетін. Сонымен қатар, ол өзіне соқыр ілесетіндерге дұшпан болып, айналасындағыларды бұдан сақтандырды. Аллаһ Тағала оған осы ісі үшін Өз мейірімін төксін, әрі оның сауабы өте көп қылсын, өйткені ол ұлы игіліктің себепкері болды!”* Қараңыз: “Усулюл-әхкәм” 6/118.

жалқаулыққа душар ететін жалпы сал (паралич), толықтай естен айыратын, тамырын кеңге жайған ауру”. Қараңыз: “әл-Исти’нәс” 44.

Шейх әл-Мә’суми, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, өзінің еңбегінде мазхабтың түпкі мағынасы мен танымал имамдардың пікірін дұрыс түсінуге шақырады. Ғалымдардың зор еңбегі сол, олар адамдарды соқыр ілесудің нысаны қылу үшін емес, керісінше адамдар Құран мен Сүннетпен өмір сүруі үшін оның дұрыс түсінігін жеткізеді.

Осы кітапта шейх әл-Мә’суми өзінің ұлы сөздерін айтқан болатын: “*Фәқиһтердің сөздері мен олардың пайымдауларын қолдану – бұл тек су жоқ кезде ғана қолдануға болатын таяммум секілді. Егер белгілі бір мәселеде Құран, Сүннет және сахабалардың сөздері тура бір мағыналы мәтінде келсе, онда бұл мәтіндермен қолдану міндетті (уәджиб) болып табылады және белгілі бір ғалымның сөзіне бола олардан бас тартуға рұқсат етілмейді!*”

Шейх әл-Мә’сумиден бұрын мұндай сөздерді имам әш-Шәфи’и “әр-Рисалә” 599-600 кітабында айтқан болатын.

Имам әш-Шәтыби шындық айтты: “*Егер шарият үкімдерін тану барысында ғалымдарды құрал ретінде алудың орнына мақсат ретінде алсақ, онда біз адасамыз*”. Қараңыз: “әл-И’тисам” 2/872.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай дейді: “*Әй адам баласы, пайгамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) келген ең болмаса бір нәрсені қабылдамаудан сақ бол, тағы да сақ бол! Оны өзіңнің көңіл-қалауыңа еріп немесе белгілі бір мазхабты ұстанғаның себепті, не болмаса өзіңнің шейхыңның немесе дүнияуи арбауларға қызығушылығың себепті қабылдамаудан сақ бол! Шынында, Аллаһ Тағала ешкімді Өзінің елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа біреуге еруге міндеттеген жоқ. Пайгамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) келген нәрсенің барлығын қабылдау керек, тіпті егер құл бүткіл жаратылысқа қарсы келсе де. Ал егер осындай жағдайда адам елшіге (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) еретін болса, онда Аллаһ Тағала құлдан кімге қарсы келгені туралы сұрамайды! Расында, кімде-кім басқа біреуге бағынар болса, онда пайгамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұйрықтарына сәйкес келген кезде ғана бағынуы тиіс. Осыны біл, тыңда және осыған ер, әрі дінге жаңалық енгізбе!*” Қараңыз: “Мәджму’ул-фәтәуә” 16/528.

Аллаһ Тағаладан осы кішкентай еңбекті әрбір ақиқатқа ұмтылған мұсылманға пайдалы етуін сұраймыз.

Құрметпен www.al-hanifiya.kz сайтының редакциясы

Шейх Сәлим әл-Хиләлидің³ кіріспесі

³ Сәлим ибн ‘Ид әл-Хиләли хиджра жыл санауы бойынша 1377 жылы (1957 ж.) туылды. Шейх әл-Әлбәнидің ең танымал шәкірттерінің бірі. Ақида мен мәнһәдж тақырыптарындағы көптеген кітаптардың авторы, сондай-ақ

Оны дәріптеп, әрі Одан жәрдем мен кешірім сұрап жалбарынатын Аллаһқа барлық мақтау мен мадақтар болсын. Жанымыздың жамандықтары мен жаман іс-амалдарымыздан Аллаһқа сиынып, Одан пана тілейміз. Кімде-кімді Аллаһ тура жолға бастаса, онда оны ешкім де адастыра алмайды. Ал кімде-кімді адастырса, онда оны тура жолға салар ешкім жоқ. Біз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайық ешкім жоқ екеніне, Оның серігі жоқ, әрі Жалғыз екеніне куәлік етеміз, сондай-ақ Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етеміз.

«Әй мүміндер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да, мұсылман болған күйде ғана өліңдер!» (әл-’Имран сүресі, 102 аят).

«Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар! Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар! Шәксіз Аллаһ сендерді Бақылаушы» (ән-Ниса сүресі, 1 аят).

«Әй Мүміндер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер! Аллаһ істеріңді оңалтып, күнәларыңды кешіреді. Сондай-ақ кім Аллаһқа, Елшісіне бой ұсынса, әрине ол ұлы табысқа ие болады» (әл-Ахзаб сүресі, 70-71 аяттар).

Одан кейін:

Әртүрлі мазхабтың ізбасарларының арасындағы көптеген таластарға бірінен-бірін алаламай тура қараған адам, міндетті түрде мұның барлығы – шынымен бүлік, әрі мұсылмандардың артқа қалуының басты себептерінің бірі екендігін түсінеді. Мазхабшылар соқыр еліктеуге сондай терең бойлады, тіпті басқа біреудің ақылымен ойланып-толғанатын дәрежеге жетті. Дей тұрғанмен, мұсылмандардың алғашқы буын өкілдері мұндай емес еді, әрі алдыңғы өткен имамдарымыз ешкімді белгілі бір адамның сөзіне фанатик болып, сөзсіз еруге мәжбүрлеген жоқ. Ал мазхабшылар болса, араларында туындаған келіспеушілікті күн өткен сайын үрлеп, одан әрі тұтатты, ал шайтан болса, олардың араларына іріткі салып, қатал күрес туғызды.

Осы ащы шындықты ертеде-ақ көптеген ғалымдар ұғынып, ғасырлар бойы біресе бір ғалым, біресе бірнеше ғалымдар мұндай фанатизм мен мазхабтардың бөлінуіне және түрлі топтарға жіктелуіне қатты қарсы шықты. Бұл тақырыпқа байланысты көптеген керемет еңбектер бар, ал шейх әл-Мә’сумидің, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, **«Султанның Жапония мұсылмандарына сыйлығы»** деген кітабы – мазхаб тақырыбында таптырмас ерекше құнды кітап. Бұл кітаптың көлемі кішкентай болғанына қарамастан, автор Құран, Сүннеттен дәлелдер және алғашқы мұсылмандардың ұлы имамдары мен әр ғасырдағы танымал ғалымдардың сөздерін өте кең көлемде келтірген. Сайып келгенде, аталмыш кітап мазхаб мәселесінің айналысында «оралып қалған» бүліктерге қарсы салмақты дәлелге айналды.

алдыңғы өткен имамдардың кітаптарындағы хадистер мен әсарлардың (сахабалар мен табиғиндердің сөздері) сенімділігін тексерген мухаккік болып табылады. Қазіргі кездегі көптеген ғалымдар бұл кісіге рекомендация (тәзкия) жасаған, соның ішінде өзінің ұстазы – шейх әл-Әлбәни, сондай-ақ шейх Мукбил, Бәкр Әбу Зайд және т.б. Қараңыз: “Тахриф ән-нусус” 93, “Тухфәтул-муджиб” 160.

Бұл кітап бірнеше рет шығарылымды бастан кешірген. Ол туралы шейх әл-Мә'сумидің өмір баяны туралы айтқан кезде тоқталып өтеміз. Өкінішке орай, автор хадистерді қайдан алғанын көрсетпей кеткен, сондай-ақ кітаптың кейбір жерлері қосымша түсіндірмелерге мұқтаж болды. Міне, кітапты қолдануға, әрі түсінуге жеңіл болуы үшін мен келесідей міндеттерді атқардым:

1. Барлық аяттар мен хадистерге жалпыға ортақ нөмірлеумен сілтеме жасап, хадистердің сенімділік дәрежесін – сенімді, жақсы, әлсіз екендігін алдыңғы өткен үлкен ғалымдардың пайымдауларымен, әсіресе – біздің шейхымыз әл-Әлбәнидің сөздеріне салыстыра отырып, айқындадым.

2. Автор қолданған цитаталарды (тақпақ) түпдерекпен салыстырдым, ал егер келтірілген цитаталардың сөздерінде сәйкессіздік болса, мен шейхтің кітабындағыны емес, керісінше түпдеректегі сөзді жаздым.

3. Кітаптағы кейбір жерлер қосымша түсіндіруге мұқтаж болса, мен өзімнің сөздерім мен ескертпелерімді қостым (сілтемеде). Ал мәтіндегі кейбір созылыңқы жерлерді автордың көздеген мақсаты мен кітаптың мән-мағынасын өзгертпестен, оқырманларды жалықтыратын кейбір керексіз жерлерін қысқарту қажет деп ұйғардым.

Дұрыс айтқан жерлерім болса, онда «**табысты болуым, Аллаһқа ғана байланысты, Оған тәуекел еттім, әрі Оған бой ұсынамын**» (Һуд сүресі, 88 аят). Ал егер бір жерлерде қателесем, онда «**нәпсімді ақтамаймын. Расында нәпсі жамандыққа бұйырады**» (Юсуф сүресі, 53 аят).

Аллаһ Тағаладан бұл кітапты мұсылмандар үшін пайдалы болуын сұраймын. Ғалымдардың бірі айтқандай:

Бүгінде шешендер көп жанарларда
Ел біткен сұлу сөзді санар арға.
Сұлу сөз бірақ әркез дұрыс емес
Екенінен
Дүйім жұрт хабардар ма?

Сөздің сұлу болғанымен
Маңызы жоқ
Болса егер **еш дәлелсіз**, аңызы көп.
Пайдасы жоқ **Білімсіз** дін ұстанып,
Қам – қарекет қылғанның, тамызып от.

Мүмкін емес білімсіз іс өнуі,
Исламға қайтадан күш өнуі.
Білім – ол
Құран, Хадис, Сахаба мен

Ғалымдардың бұл дінді түсінуі.

Шындық ізде!
Қуғанды қойып елес,
Дәлел сұра, себебі Дін ойын емес.
Дінді түсін **сахабалар түсінгендей**
Дін деген **менің, сенің ойың емес!!!**

Аллаһ Тағаладан ізгі сәләфтардың жолындағы Құран мен Сүннетке мұсылмандарды қайтаруын, сондай-ақ дінімізді бөлшектеп, партиялар мен топтарға жіктелуге апарған әралуан бұрмалау мен бидғаттардан және адасушылық пен фанатизмнен тазалауды сұраймын.

Аллаһ Тағаладан осы кітаптың авторына, оны өңдегенге және кітаптың жарыққа шығуына себепші болғандарға сансыз сауап жазсын деп сұраймын.

(Әбу Усама) Салим әл-Хилали

Хиджра жыл санауы бойынша 1403 жыл.

Автордың қысқаша өмір баяны⁴

Оның заманы және қоғамның жәй-күйі

Мазхабқа еру – жаңа құбылыс емес. Дегенмен, кейінгі кезеңдерде бұл жан түршігерлік кейіпке ие бола бастады. Мәселен, осы құбылыстың кесірінің бірі тақлид қылу – Құран мен Сүннеттегі дәлелдерсіз белгілі бір мазхабқа соқыр еліктеу. Тіпті соңына таман, жер бетінде тақлид өз тамырын жаймаған мекен қалмады. Әсіресе, бұл процесс ортаазиялық мемлекеттерде немесе ежелден бері «Өзеннің ар жағындағы жерлер» деп аталып кеткен аймақтар – Мәуренахрда кең етек жайды. Дәл осы жерде мазхаб пен тақлид мәселесі өткір, әрі аса өзекті болды, ал мазхабқа еруден сәл бас тартылса, онда «тура жолдан» ауытқып, бас тартқанмен тең қарастырылды. Мысалы, тақлид жақтаушылары келесідей ұрандарды үнемі қайталайтын:

«Мұсылмандар – бұл Әбу Ханифа мазхабымен жүретін адамдар»;

⁴ Өмір баянның дерек көзі: «Хукму-Ллах әл-уәхид»; «Хаблю әш-шәр' әл-мәтин» кітабындағы кіріспе; «Бид'а әт-та'ассуб әл-мәзхаби» 274 Мухаммад 'Иид әл-'Аббәси.

«Барлық мәликилер, шафиғилер, ханбалилер және хадис жақтаушылары қателескен, әрі олар анық адасушылықта»;

«Шафиғилермен некелесуге тыйым салынған (харам), себебі олар кәпірлер, өйткені олар: «Мен мүмінмін, иншаллаһ (әнә му’мин ин ша-Аллаһ)» деген сөзді айтуға рұқсат етеді»⁵ ;

«Әрбір мұсылман сопылық тариқаттардың піріне қол тапсыруы (ант беруі) қажет, ал оның ішінде ең жақсысы – нақшбанди тариқаты»;

«Әһлю-Сунна – бұл тек матуридилер мен аш’арилер, ал қалғандарының барлығы – бидғатшылар (мубтәди’ун)».

Міне, осындай сопылық-тақлидтік қоғамда шейх әл-Мә’суми өмірге келді.

Шейхтің дүниеге келуі мен шығу тегі

Оның толық аты-жөні - Әбу ‘Абдул-Кәрим Мухаммад-Султан ибн Мухаммад-Урун ибн Мухаммад-Мирсаид ибн Мухаммад-Мә’сум. Өзінің аталарының бірі себепті әл-Мә’суми деп аталып кетті.

Хиджра жыл санауы бойынша 1297 жылы (1880 ж.) Ферғанаға жақын Ходжанд қаласында (қазіргі Тәжікстан) дүние келді. Соған байланысты әл-Худжәни деп аталды.

Мухаммад-Султан сауатты, әл-ауқаты орташа отбасында тәрбиеленді және ең алғашқы білімді – оқу мен жазуды өзінің ата-анасынан үйренді.

⁵ Бұл «истиснә фил-имән» деп аталады. Бұл мәселеге байланысты үш көзқарас бар. Біріншісі: Мұсылман адамға: «Мен иман келтіргенмен, инша-Аллаһ», - деп айтуға болмайды, себебі адам осылай айтар болса, демек ол өз иманына күмәнданып тұр деген сөз. Бұл пікірді мурджилер мен кулләбилер ұстанады. Екіншісі: Керісінше, мұсылман адамға: «Мен иман келтіргенмін, инша-Аллаһ», - деп айтуға болады. Үшіншісі: Бір жағдайды бұл сөзді айтуға болады, ал басқа бір жағдайда олай айтуға болмайды. Мысалы, иман келтірген (му’мин) сөзінің астарында Аллаһқа иман келтірген мұсылман деген сөз болса, онда олай айтуға болмайды. Ал егер иманның толықтығы туралы айтар болсақ, онда «Мен иман келтіргенмін, инша-Аллаһ», - деп айтуға болады, өйткені адам Аллаһтың алдындағы өзінің дәрежесін білмейді, себебі әрбір мүмін – ол мұсылман, ал әрбір мұсылман – ол мүмін деп айта алмаймыз! Сүннет ұстанушылардың көзқарасы дәл осы. ‘Алқамә былай деді: “Бір күні бір кісі Ибн Мәс’удтың көзіне: “Мен мүмінмін (иман келтірген)”, - деді. Сонда Ибн Мәс’уд әлгі кісіге былай деді: “Онда: «Мен Жәннаттамын!», - деп айтсаңшы!” Әбу ‘Убәйд “әл-Имән” 11, Ибн Әбу Шәйбә “әл-Имән” 47. Иснады сенімді.

Сондай-ақ Суфян әс-Саури және Ибн әл-Мубәрәк былай деп айтатыны жеткізіледі: “Үкім мен мұрагерлік мәселелерінде біз үшін адамдар мүмін (иман келтірген) болып табылады, алайда біз Аллаһ Тағаланың алдында олардың жағдайын қандай екенін, әрі олар қандай дінде өлетінін білмейміз!” Қараныз: “Шәрх уәл-ибәнә” 1/153.

Осы мәселеде «инша-Аллаһ» сөзі адам өзінің иманына күмәндану деп есептейтіндерге келер болсақ, онда олардың пікірі қате болып табылады, себебі бұл – жалпы ережеден тыс шығарумен бірге жүретін сенімділік. Бұған шаригатта көптеген дәлелдер бар. Мәселен, Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: «**Әл-Харам мешітіне Аллаһтың қалауымен кіресіңдер**». Сондай-ақ, пайғамбарымыз, (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «**Сендердің араларыңда ең тақуамын деп үміттенемін**» немесе қабірдің қасынан өтіп бара жатып былай дейді: «**Аллаһ қаласа (инша-Аллаһ), біз сендерге қосыламыз**». Пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандардың ішінде ең тақуа екеніне немесе қайтыс болатынына күмәнданды ма?

Осылайша, егер толық иманның мағынасы қатысты айтылмаса, онда «Мен мүмінмін, инша-Аллаһ» деп айтудың еш айыбы жоқ.

Оның білімі, білім алу мақсатында сапары мен ұстаздарды іздеуі

Мухаммад-Султан жастайынан парсы тілінде жазылған діни кітаптарды оқып үйрене бастады. Одан кейін ол араб тілін үйренуге кірісіп, түрлі сарф, нәху, бәләға (араб тілінің грамматикасы мен шешендік өнері) кітаптарын оқыды. Одан соң, логиканы оқып, тіпті философияны да үйренді. Ол ең алғаш ақида кітаптарынан «'Ақида Нәсафия», «Адудадия», «Тахауия», «Джәухара әт-тәухид», «Санусия» және т.б. оқыды. Дәл осы кезден бастап әл-Мә'сумидің ғылымды үйренуге деген қабілеті байқалды. Ол ілгері өткен ғалымдардың кітаптарын оқуға кірісті. Әл-Мә'суми пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) мен сәләфтардан жеткен шынайы Ислам мен өзінің жергілікті тұрған жерінде таралған «Исламның» арасында үлкен айырмашылықтар бар екенін бірте-бірте түсіне бастады. Осылайша, ол 23 жасында ең алғаш рет жұрт алдында жерлестерінің ұстанған дінінің барлық үкімдері тақлидқа негізделгенін айтып, тақлидтің үлкен қателіктері мен бұзықшылығын айыптады. Өкінішке орай, жергілікті «шейхтер» мен «молдалар» өздерінің ата-баба дәстүрін сақтаймыз деген желеумен оны балағаттап, қыр ізіне түсіп алды.

Барлығына жалғыз қарсы тұра отырып, ол өзінің туған жерін тастап, Мекке қаласына кетуді ұйғарды. Сөйтіп, әл-Мә'суми хиджра жыл санауы бойынша 1323 жылы (1905 ж.) үйінен шығып, алыс сапарға шықты.

Оның сапары Бұхара қаласынан басталды. Мухаммад-Султан сол жерде поезға отырып, Красин-Абадқа жетті. Ал ол жерден кемеге отырып, Бакуға келді. Одан соң, Тифлиске, одан әрі Новосібірге. Ялта, Севостополь мен Одессаны жолда қалдырып, теңіз арқылы Стамбулға келді. Ол уақытта Стамбул Осман империясының астанасы болатын. Әл-Мә'суми сол жердегі «Йолдыз» мешітіне барған соң, 'Абдул-Хамид сұлтанның қабылдауына шақырылды. Алайда, Стамбулдағы жағдай Мухаммад-Султанды қатты таң қалдырды.

Әл-Мә'суми Стамбулдан кейін Измир, одан соң Александрия және басқа мысырлық қалалардан өтіп, Меккеге жол тартты. Хиджра жыл санауы бойынша 1323 жылдың (1906 ж.) қажылықтың басталу уақытында Меккеге келді. Қажылық жасап жүрген кезінде бірнеше меккелік ғалымдармен кездесті. Сол уақытта ол шейх Шу'айб әл-Мәғрибиге әл-Бухари мен Муслимнің «Сахихтарын», имам Мәликтің «Мууаттасын» оқып, одан иснад⁶ пен иджаза⁷ алды. Сонымен қатар, әл-Мә'суми шейх Салих Кәмәл әл-Хәнәфиден (ханафи мазхабының ғалымы), Мухаммад-Саид Бәбсыл әш-Шәфи'иден (шафиғи мазхабының ғалымы) және тағы басқа ғалымдардан сабақ алды. Сондай-ақ, оның ұстаздарының бірі шейх Мухаммад-Мурад Рамзи әл-Казани...

Әділеттілік үшін осы жерде әл-Мә'сумидің өмір баянындағы мынадай оқиғаны айта кеткен жөн болар. Оның кейбір ұстаздары сопылар болған. Меккеде болған алғашқы жылдары сопылар оған белгілі бір ықпал жасады. Шейх Мухаммад-Султан олармен достық қатынаста болып, тіпті нақшбанди тариқатының пірі Мухаммад-

⁶ «Иснад» сөзінің тілдік мағынасы – тірек дегенді білдіреді. «Санәд» хадистің тірегі болып табылғандықтан осылай аталады. Терминдік мағынасы: хадис жеткізушілерінің тізбегі.

⁷ Иджаза – шейхтің өз шәкіртіне хадиске немесе бүтін бір хадис жинағын жеткізуге рұқсат беруі.

Мә'сум әл-Муджәддидке қол тапсырды (ант берді). Әлгі пір оған көптеген сопылық салттарды үйретіп, үнемі «Аллаһ» деп қайталауды бұйырды. Ал зікір салған кезде өзінің пірін көз алдына елестетуге кеңес берді. Кейін «ұстаз» әл-Мә'сумидің өзіне жеке мүридтер жинауға рұқсат еткен кезде, ол бұдан бас тартып, сопылармен қарым-қатынасын толықтай үзді.

Сол уақыттан бастап әл-Мә'суми Құран тәпсірі мен хадис жинақтарын оқуға тереңдей бастады. Ол уақыттары әл-Харам мешітінде намаз оқу үшін төрт мазхабтың имамдарына арналған бірнеше орын (мәқам) болатын. Кейбір мұсылмандар парыз намазын оқу үшін орындарынан тұрып жатса, басқалары өзінің имамын күтіп, өз жұмыстарымен айналыса беретініне ол талай рет өз көзімен көріп, куә болды. Сопылармен болған жайт, ал мына жерде төрт мәқамның жағдайы әл-Мә'сумиге тек мұсылмандар барған сайын топтар мен ағымдарға бөлініп бара жатқанын тереңірек түсінуге себепші болды – нәтижесінде шейх бұған қарсы бірнеше кітап пен еңбек жазды.

Меккеде өткен үш жылдан соң әл-Мә'суми Мединаға сапарға шықты. Сол жақта оқуын әрі қарай жалғастырып, түрлі хадис жинақтарынан «иджаза» алады, шейх әл-Кудумиден ханбали мазхабын үйренді.

Әл-Мә'сумидің білім іздену үшін барған келесі жері Шам – Иордания мен Сирия аймағы еді. Дамаск қаласында ол шейх-мухаддис Бәдруддин әл-Мә'марда оқып, басқа да ғалымдардан сабақ, әрі «иджаза» алды. Дамаскте Мухаммад-Султан сопылармен Меккедегідей емес, керісінше өте қатал сөйлесті. Бұл жерде ол сопылықты, әсіресе «мәуләуилік» тариқатты қатты сынға алды. Сопылар жасайтын әртүрлі салттары мен билерін, шыр айналып, зікір салу және барабан соғып, ән салу сықылды көптеген бидғаттарына қарсы шықты. «Рифә'и» тариқаты мен олардың «шайтани» Аллаһтың еске алулары және олардың түрлі қимыл-әрекеттерін әшкереледі. Дамасктен соң әл-Мә'суми Бейрутқа сапар шегіп, онда жергілікті шейхтермен кездесті. Одан кейін Иерусалимдегі әл-Ақса мешітіне барып, бірнеше күн сол жақта болды.

Шамдағы сапарын аяқтап, ол Мысырға қарай баруға шешім қабылдады. Каир қаласында ол «әл-Мәнәр» атты тафсирдің авторы шейх Мухаммад-Рашид Рида мен онымен аттас журнал шығарушы кісімен танысты. Осы журналда әл-Мә'сумидің авторлығымен бірнеше мақала жарық көрді. Ол өзінің қаражатына журналдың бұрынғы номерлерін, шейх Мухаммад Абдоның барлық кітаптарын, Ибн Тәймия мен Ибн әл-Қайимнің бүкіл еңбектерін сатып алды. Оның замандастарының айтуы бойынша, әл-Мә'сумидің кітаптарының саны мыңнан астам том болған. Дәл осы жерде – Мысырда шейх Мухаммад-Султан өз еліне – Ходжәндқа қайтуды ұйғарды.

Шейхтің елге қайту сапары да өте ұзақ болды. Мысырдан Стамбулға, одан соң Одессаға, одан әрі поезбен Харьков, Мәскеу, Пенза, Самара, Орынбордан Ташкентке, сол жерден ата-анасы мен туысқандары күтіп отырған үйіне бет алды. Ұзақ сапарда болған кезінде жинаған кітаптарының барлығын мұқият оқып, зерттеуге уақыт табыла қалды. Әсіресе оны Ибн Тәймия, Ибн әл-Қайим мен Ибн 'Абдул-Бәррдің еңбектері қызықтырды. Шейхтің өміріндегі жаңа кезең – әрбір шарифи мәселелерді

анализдеу, әрбір автордың келтірген дәлелін зерттеу, пікірлерді салыстыру басталды. Муфтийдің шариғи сот кім болады деген сұрағы туындаған шақта, шейхтің білімінің кеңдігі мен түрлі сұрақтардың дұрыс жауабын айтуына байланысты әл-Мә'суми сол қызметке тағайындалуы да бекер емес. Әр уақыттың ғалымдарының пікірін салыстыра отыра, шейх Исламдағы тап-таза тура жол сәләфтардың – сахабалар, табиғиндер мен олардың ізінен тура ілескен ізгі ата-бабалардың жолы деген пікірдің дұрыстығына одан сайын нығая түседі. Осыдан кейін шейх таза Сүннет пен сәләфтар дінді қалай түсінсе, дәл солай түсінуге оралудың қажеттілігін адамдарға түсіндіре бастады. Сонымен бірге, ол бұрынғы және қазіргі кездегі мұқаллидтердің адасуын айыптап масқаралады. Шейхтің дағуаты бірте-бірте қарапайым адамдардың арасында тарай бастады да, ортаазиялық аймақта Таухид пен Сүннетке қайта оралу басталып кетті. Сол уақыттары, адамдар құлшылықты Бір ғана Аллаһқа арнаудың орнына, «қасиетті әулиесымақтардың» қабірлері мен кесенелерінің⁸ басына түнеп, оларға дұға қылатын – міне, бұл құбылыс та жайлап-жайлап жойыла бастады.

Қиыншылық пен одан аман-есен құтылу

Шейх әл-Мә'сумидің дағуаты таралып, ал шейхтің өзі адамдар арасында құрметке ие болып, мойындала бастаған шақта, 1917 жылы большевиктердің революциясы болды. Көптеген адамдар большевиктердің тәуелсіздік, теңдік пен әділеттілік орнайтынына уәделерін естіп, оларға көмек беруге асықты. Бірақ, большевиктердің дінге көзқарасы бәрімізге белгілі, міне осылайша олар мұсылмандарды, әсіресе Ислам ғалымдарын қуғынға ұшыратты. Көптеген ғұламалар сол кезеңде-ақ атылды, одан да көбісі – Сібірге айдалып, кейін қайта оралмады! Ал әл-Мә'сумиге келер болсақ, ол екі рет тұтқындалды: бірінші 1342 жылы (1924 ж.), екінші рет 1344 жылы (1926 ж.). Дей тұрғанмен, Аллаһтың қалауымен, екеуінде де құтылып кетті, әрине бұдан соң туған жері Ходжәндтан кетуге тура келді. Большевиктер оның қыр ізінен қалмай, барлық мал-мүлкін тартып алды, тонады. Тіпті үшінші рет тұтқынға түсіріп, ату жазасына кескен де еді. Дегенмен олардың өлтіреміз деген ниеттері жүзеге аспады. Аллаһ Тағаланың мейірімімен, ол түрмеден қашып шығып, ізіне түскен қуғыншылардың құтылды, сөйтіп Қытайға да жетті. Бұл 1928 жыл болатын, Қытайда бірнеше жыл өмір сүрген соң, ол жерді де тастап шықты.

Хиджра жыл санауы бойынша 1353 жылы (1934 ж.) шейх Меккеде қалу мақсатымен қажылыққа аттанды. Бұл жерде оны қуана қарсы алып, танымал «Дар әл-хадис» институтына оқытушы етіп тағайындады. Соған қоса, жыл сайынғы қажылық уақытында шейх әл-Харам мешітінде Орта Азия мен Түркиядан келген қажыларға арнап түрік тілінде сабақ берді.

⁸ Кесене (мәшхад) – белгілі бір ұлықталатын адамның қабірінің үстіне салынатын құрылыс (мавзолей). Исламда кесене салу рұқсат етілмеген. Пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) мен сахабаларынан келген хадистер негізінде кесімді түрде қабірдің үстіне кесене салу тыйым салынған. Мысалы, 'Али ибн Әбу Талиб Әбу әл-Хайәджуға былай дейді: «Кезінде пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) мені жіберген тапсырмаға сені де жіберейін бе? Ол маған былай деді: «**Бірде-бір қиратылмаған нұт қалдырма және жермен жексен етпейінше бірде-бір көтерілген қабір қалдырма!**» Муслим 968, 969.

Имам ән-Нәуәуи осы хадиске жазған түсініктемесінде былай дейді: “Сүннетке сәйкес қабір биік болмауы қажет және түйенің өркешіне ұқсамауы тиіс, қабірді бір сүйемге (шынтақ) көтерсе болады”.

Шейх әл-Мә'сумидің кітаптарының көбісі Меккеде өмір сүрген соңғы жылдары жазылған. Түрлі тақырыптарға арналған 24 еңбегі даңққа ие болды. Соның бірі – «**Султанның Жапония мұсылмандарына сыйлығы**» атты кітабы. 1949 жылы шейх Мухаммад-Султан әл-Мә'сумидің Меккедегі үйіне, кейіннен «20-шы ғасырдың ұлы ғалымы» деп аталатын шейх Мухаммад Насыруддин әл-Әлбәни (Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын) келді. Ұстазға шынайы құрмет ретінде шейх әл-Әлбәни Меккеге келген сәтінде-ақ алғашқылардың қатарында шейх Мухаммад-Султанның үйіне барып, оның насихатын өте мұқият тыңдады. Кездесудің соңында шейх әл-Мә'суми оған «**Султанның Жапония мұсылмандарына сыйлығы**» атты кітапты сыйға тартты. Бұл – аталмыш кітаптың ең бірінші тиражы еді. Бұл – сол уақытта аз мөлшерде ғана жарыққа шыққан кітап.

Шейх Мухаммад-Султан әл-Мә'суми Меккеде 80 жасында 1380 жылы (1960 ж.) дүниеден озды, Аллаһ Тағала оны Жәннат бақтарына орналастырсын. Сахих хадистердің бірінде былай делінген: *«Адам қайтыс болғаннан соң, оның үш амалынан басқа амалдарының барлығы тоқтайды: үздіксіз келіп тұратын садақа; адамдарға пайда әкелетін білім; Аллаһ Тағалаға ата-анасы үшін дұға қылатын ізгі ұрпақ»*. Муслим 3/1255.

Шейх өзі қайтыс болса да, оның білімі мен еңбектері тірі, әрі мұсылмандарға пайдасын әкеліп жатыр. Бұған дәлел ретінде осы кітап – «**Султанның Жапония мұсылмандарына сыйлығын**» айтуға болады. Кезінде шейх әл-Әлбәниге берілген нұсқа 1970 жылға дейін кітапханада сақталып, одан кейін ғана басылымға шықты. Сол уақыттары шейх әл-Әлбәни Құран мен Сүннетті ізгі ата-бабалардың (сәләф) түсінігімен түсінуге шақырумен танымал болған кезі еді. Алғаш Сириядан бастап, кейін басқа да аймақтарда Аллаһтың көмегімен сәләфи дағуаты тарала бастады. Бұл факт мазхабшылар мен тариқатшыларды үнсіз қалдырмады. Олар бірігіп сәләфи дағуатына шабуыл жасады, әсіресе шейх әл-Әлбәни мұның зардабын көп көрді. Тіпті, қазіргі күнге дейін олар өздерінің кітаптары мен лекцияларында таза таухид пен Сүннетке, иджитһад⁹ ашықтығына қайта оралуды айыптайды, әрі ақида мен шарифатта¹⁰ белгілі бір мазхабқа еру арқылы фанат болып, соқыр сенуге шақырады. Осындай жағдайда шейх әл-Әлбәнидің кейбір шәкірттері, оның ішінде Мухаммад 'Иид әл-'Аббәси де «**Султанның Жапония мұсылмандарына сыйлығы**» атты кітапты қайта бастырып шығаруды қолға алған болатын. Мухаммад 'Иид әл-'Аббәси кітаптың мақсаты мен мазмұнын көрсету үшін кітаптың атауына «**Мұсылман адам төрт мазхабтың біреуін ұстану міндетті ме?**» деген сөзді қосуды ұсынды.

⁹ Иджтиһад – Құран мен Сүннетте тікелей нұсқау болмаған діни-құқықтық мәселелерді өздігінен шешуге қақысы бар ғалымның жоғары деңгейі. Араб тілін жетік меңгерген, Құранды жатқа білетін, әрі оның тафсирін білетін және Сүннет пен оның түсіндірмесін білетін, сондай-ақ тағы да көптеген талаптарға сәйкес келетін тұлғалар ғана иджитһад қыла алады.

¹⁰ Осындай адамдардың бірі қазіргі таңдағы сопы, әрі Сириядағы «ихуэн әл-муслимин» ағымының лидері сириялық доктор Рамадан Буты. Ол шейх әл-Мә'сумиді әшкерелегісі келгені анық байқалатын «Мазхабсыздық – бидғаттың ең жаман түрі» деп аталатын кітап жазған. Ол кітаптың іші шейх әл-Мә'суми мен шейх әл-Әлбәниге жала жабу мен жалған айыптауларға толы. Бұл кітап орыс тіліне аударылып, ТМД елдерінде тарап жүр. Алайда, аталмыш кітаптың ішінде Құран мен Сүннеттен немесе алдыңғы өткен ата-бабаларымыздың сөзінен «Ислам үмметіндегі бір ғана ғалымның артынан еріп, соның ғана пікірін ұстануға міндетті, әсіресе ол анық Құран, Сүннетке қарама-қайшы келген кезде» деген сынайлы бірде-бір дәлел жоқ!

Осыдан кейін кітап тағы да 1978-ші және 1981-ші жылдары екі рет қайта басылып шықты. Кітаптың барлық данасы сатылып кеткен соң, 2001 жылы «Дар Ибн әл-Қайим» баспа үйі осы кітаптың бесінші басылымын шығарды.

Шейх Мухаммад-Султанның кіріспесі

Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен

Ислам мен иманға қарай жол көрсеткен Аллаһқа мадақ. Ол бізге Өзінің Кітабы – Құранның мағынасы мен Өз елшісі – адамзат пен жындардың мырзасының, Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын, хадистерін түсінуге жәрдем берді. Кемелдік пен толықтыққа ұмтылған ізгі сахабалар мен олардың ізінен ергендердің жолымен Жүргізген Аллаһқа бүкіл мадақ тән.

Одан кейін:

Бүкіл әлемнің Раббысына мұқтаж, 'Абдул-Кәрим мен Абдур-Рахманның әкесі Мухаммад-Султан ибн Әбу Абдуллаһ Мухаммад-Урун әл-Мә'суми әл-Худжәнди әл-Мәкки, Аллаһ Тағала оны Құранмен сәйкес амалдарға, әрі пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне еруші етіп, оған бақытты өлімді әкелсін, айтады!

Маған Қиыр Шығыста орналасқан Жапония еліндегі Токио мен Осака қалаларынан сұрақ келіп жетті.

Олардың сұрақтарының мәні былай:

«Исламның шынайы мәні қандай? Исламдағы мазхаб (мектеп, жол) деген не? Исламға келген адам төрт мазхабтың біреуін яғни мәлики, ханафи, шафиғи, ханбалидің ұстану міндетті ме әлде міндетті емес пе?

Бізде осыған байланысты үлкен талас пен қатты дау болды. Бірнеше жапондық азаматтар жақсылап ойланғаннан соң, Ислам қабылдап, лайықты сенімді тапқысы келді. Бұл туралы олар Токиодағы мұсылман қауымына мәлімдеді. Оларға жауап ретінде Үндістанның бір топ мұсылман: «имам Әбу Ханифаның мазхабын ұстануға міндетті, себебі Әбу Ханифа – «үмметтің жарық сәулесі», - деп мәлімдеді¹¹. Алайда

¹¹ Белгілі бір мазхабқа соқыр еліктеу кейбір фанатиктерді өзінің мазхабының пікірін бекіту үшін хадис ойлап шығаруға әкеліп соқтырды. Шейх Сәлим әл-Хиләли былай дейді: «Өтірік және ойдан шығарылған хадистердің шығуының себептерінің бірі – мазхаб мәселесіндегі фанатизм. Мысалы, кейбір адамдар хадис деп ойлайтын мына сөз: «Әбу Ханифа – менің үмметімнің жарық сәулесі», - өтірік болып табылады, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ондай сөзді айтпаған. Мұнымен қоса, бұл сөз Құранның анық мәтініне қайшы келеді: «Әй Пайғамбар! Сөз жоқ, сен бір куә, әрі қуантушы, ескертуші етіп жібердік. Аллаһ жаққа, Оның нұсқауымен шақырушы бір жарық сәуле түрінде жібердік» (әл-Ахзаб сүресі, 45-46 аяттар). Аталмыш сөз келесі дереккөздерде келтіріледі: «Лисан әл-мизан» 5/7; «Тарих Бәғдад» 5/309 және басқаларында. «Тарих Бәғдад» кітабының авторы әл-Хақимнің: «Осы «хадисті» ойлап шығарған адам - Мухаммад ибн Са'ид әл-Бәураки болып табылады», - деген сөзін келтіреді».

Индонезиядан шыққан бір топ мұсылман «керісінше, шафиғи мазхабын ұстану керек», - деп мәлімдеді. Дәл осы жерде мұсылмандар арасында талас басталып кетті.

Мұндай сөздерді естіген жапондықтар қатты таң қалып, Исламды қабылдауға күмәндана бастады. Міне осылайша, мазхаб мәселесі жапондықтардың Ислам қабылдауына кедергі болды.

Құрметті ұстаз! Сіздің сауаттылығыңызды бәріміз білеміз және Аллаһтың көмегімен, сіздің жауабыңыз аталмыш дерттің дауасы мен дәрісі болады деп үміт етеміз. Біздің жүректерімізге сенімділік орнап, жандарымыз қайта оянып, әрі дерттен айғу үшін айдын теңіз біліміңіз арқылы біздің көзіміздің ақиқатқа қарай ашуыңызды өтінеміз. Аллаһ Тағала сізге сансыз сауап жазсын! Сондай-ақ бізден – Ресейден көшкен бір топ азаматтардың атынан алғысымызды қабыл алыңыз.

Сізге және барлық тура жолда жүргендерге сәлем болсын!»

*Токиода хиджра жыл санауы бойынша 1357 жылдың мухаррам айында жазылды
(1938ж.).*

Мухаммад Абдул-Хай Кур Балығлы және Мухсин Жабықұлы.

Иман мен исламның мәні

Оларға мен – әл-Мә’суми Аллаһ Тағаланың үйреткенімен жауап беремін.

Аллаһ Тағаланың бергенінен басқа менде күш те, қуат та жоқ екеніне куәлік беремін! Раббым жәрдем бермесе, мен ешқашан табысқа жетпеймін, себебі Ол – ізгі істерде Көмектесуші.

Көптеген мұсылмандар, оның ішінде қарапайым адамдар да, ғалымдар да¹² бар, имамдарға - Әбу Ханифа¹³, Мәлик¹⁴, әш-Шәфи’и¹⁵, Ахмад¹⁶, Аллаһ оларға разы болсын, қатысты мазхабтардың біреуін ұстану міндетті деп айтатынын біліңдер.

¹² Бұл жерде ғалымдар деп аталғандарды айтып тұр, себебі соқыр еліктеуші (муқаллид) адам ғалым деп саналмайды. Имам әш-Шәтыби (х.ж. 790 ж. қайтыс болды) былай дейді: “Муқаллид – ғалым (‘алим) болмайды!” Қараңыз: “әл-Мууәфәкат” 4/294.

Хафиз әс-Суюты (х.ж. 911 ж. қайтыс болды) былай дейді: “Муқаллид – ғалым деп аталмайды!” Қараңыз: “Шәрх Сунән Ибн Мәджәһ” 1/70.

Имам әш-Шәукәни (х.ж. 1250 ж. қайтыс болды) былай дейді: “Шынында, соқыр еліктеу (тақлид) – бұл надандық болып табылады, білім емес!” Қараңыз: “Иршәд әл-фухул” 267.

¹³ Ән-Ну’ман ибн Сәбит ибн әл-Мәрзубән әл-Куфи, Әбу Ханифа деген атпен танымал. Х.ж. 80 жылы дүние келіп, х.ж. 150 жылы дүниеден озды. Соңғы табиғиндер өкілі болып табылады. Ол дінде имам, әрі әһлю-Сунна уәл-джәмә’аның ұлы ғалымы болған. Әбу Ханифа ислам ғылымдарын жақсы білген, оның ішінде әсіресе хадистану мен ақидадан. Дей тұрғанмен, ол жұртшылыққа фикһ білімінің маманы ретінде танымал болды, соған байланысты көптеген мұсылман ғалымдары, замандасы болсын, кейіннен келгендері болсын, «фикһтің имамы» деп атап, оны құрметтеді. Міне, Әбу Ханифа туралы кейбір ғалымдардың сөзі:

Яхя ибн Мә’ин айтады: “Әбу Ханифа беделді хадис жеткізуші еді”.

Сондай-ақ, ол тағы былай деді: “Біз Әбу Ханифаны тіпті өтірікші деп сезіктенуге болмайтын ізгі адамдардың қатарынан деп есептейміз. Басшылардың бірі - Ибн Хубәйра өзінің қаласында Әбу Ханифаны сот

болып жұмыс істеуге мәжбүрлейтін, ал ол бас тартатын. Осыған байланысты басшы оны қамшымен жазалады, бірақ Әбу Ханифа оған шыдады”.

‘Абдуллаһ ибн әл-Мубәрак айтады: “Өз өмірімде адамдардың ішінде ең тақуа, адамдардың ішіндегі ең ізгі, дін мәселесінде ең білімді және ең сауатты адамды кездестірдім. Ең тақуа – бұл ‘Абдул-Азиз ибн Руад; ең ізгі – бұл әл-Фудайл ибн ‘Ийәд; ең білімдісі – бұл Суфян әс-Саури; ал дінде ең сауаттысы – бұл Әбу Ханифа!” Одан кейін былай деді: “Мен фикһта оған тең келетін адамды білмеймін!”

Ұлы имамдардың бір-бірі туралы айтқан сөздері ерекше құнды. Осындай сөздер арқылы үлкен ғалымдар арасында аса ізеттілік пен сыйластық, тіпті олардың көбісі бір-бірімен дос болғанын білеміз. Осыған сәйкес, мазхабаралық жауласушылық пен мұсылмандар арасындағы жеккөрушілік құбылыстары имамдардың тірі кезінде болмағанын білеміз. Керісінше, мұның барлығы кейіннен барып шықты. Мұның бәрі мұсылмандардың артта қалуы, олардың мазхабқа фанатиктік қарым-қатынасы мен діндегі бөлінушіліктің белгісі еді. Ғалымдардың кезінде жоғарыда айтылғандай фанатизм болмағанына келесідей фактілер дәлел болмақ:

Имам әш-Шафи’и былай дейді: “Бір күні имам Мәлик ибн Әнәсқа Әбу Ханифаны көрдіңіз бе деген сұрақ қойылды. Ол былай жауап берді: «Иә, егер мына қабырғаның құрамы алтын екенін дәлелдегісі келсе, онда оны дәлелдейтін адамды көрдім, оның дәлелдері соншалықты күшті еді!»”

Мухаммад ибн Бишр айтады: “Мен әлі оқып жүргенімде Әбу Ханифа мен Суфян әс-Сауридің сабақтарына барып жүрдім. Мен Әбу Ханифаға барған кезде ол менен қайда келгенімді сұрады. Мен Суфяннан келе жатқанымды айттым. Ал ол маған: «Сен ұлы кісіден келдің! Егер қазір ‘Алқамә мен Әсуәд тірі болғанда, онда олардың өзі Суфянның сабақтарына мұқтаж болар еді», - деді. Одан кейін мен Суфянға бардым, ол да мен қайдан келгенімді сұрады. Мен Әбу Ханифадан келе жатқанымды айттым. Сонда ол маған: «Сен жер бетіндегі ең сауатты адамнан келдің!», - деді.”

Әш-Шәфи’и айтады: “Фикһте адамдардың барлығы Әбу Ханифаның білімімен өмір сүріп жатыр”. Ғалымдардың сөздері имам әл-Миззидің «Тахзиб әл-кәмәл» мен Хафиз Ибн Хәджәрдің «Тахзиб әт-тахзиб» 10/451 кітаптарынан алынды.

¹⁴ Мәлик ибн Әнәс ибн Мәлик ибн Әбу ‘Амр әл-Әсбәхи әл-Химйәри. Х.ж. 93 жылы дүние келіп, х.ж. 179 жылы дүниеден озды. Ол табиғиндердің алғашқы өкілдерінен болып табылады. Ол дінде имам және әһлю-Сунна уәл-джәмә’аның ұлы ғалымы болды. Ол Мәдинада өмір сүрді, сондықтан оны «имам Дәрул-хиджра» (пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) мен сахабалар көшкен жердің имамы) деп атайтын.

Хафиз Ибн Хәджәр имам Мәликке мынадай мінездеме береді: “Ол – Дәрул-хиджраның имамы, білімі ең толық ғалымдардың ішіндегі бастысы және сенімді жеткізушілердің ұлысы”.

Имам Мәликтің діндегі білімі мен басқа ғалымдар ол туралы қандай пікірде болғанын білу үшін имам әл-Бухариден «кімнің иснады ең анық, әрі сенімді деп есептеуге болады» деп сұраған кезде, ол: “Ең жақсы иснад - бұл Мәлик хадисті Нәфи’тен, ал ол - Ибн ‘Умардан, ал ол – пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жеткізгені”, - деп жауап бергенін еске алсақ болады. Ал оның дінге берілгендігі мен Сүннетті қайта тірілкені туралы сөздер аз айтылмаған. Мысалы, имам Мәлик хадис жеткізу үшін сабаққа шыққанда, ең алдымен дәрет алып, ең жақсы аппақ киімін киіп, басына бас киім киіп шығатын болған. Неге бұлай істейді деп сұрақ қойылғанда, ол былай жауап берді: “Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзіне құрмет көрсетемін”.

Имам Мәликтің бұрынғы шәкірті болған имам әш-Шәфи’и былай дейді: “Табиғиндердің кезінде Мәлик Аллаһтың адамдарға қарсы дәлелі еді”.

Имам ән-Нәсаи айтады: “Менің ойымша, табиғиндерден кейін өмір сүргендердің ішінде Мәликтен асқан ізгі, құрметті, сенімді, әрі хадисте сенімге лайық ешкім жоқ”.

Ал имам Мәлик өзі туралы былай дейтін: “Жетпістен астап ғалым маған фәтуә беруге куәлік етпегенше, фәтуә берген жоқпын”. Ғалымдардың сөздері имам әл-Миззидің «Тахзиб әл-кәмәл» мен Хафиз Ибн Хәджәрдің «Тахзиб әт-тахзиб» 10/451 кітаптарынан алынды.

¹⁵ Мухаммад ибн Идрис ибн ‘Аббәс әл-Қураши, әш-Шәфи’и деген атпен танымал. Хиджра жыл санауы бойынша 150 жылы Шамда дүниеге келді, кейін ұзақ уақыт бойы Меккеде, одан соң Мысырда өмір сүрді. Хиджра жыл санауы бойынша 204 жылы дүниеден озды. Имам әш-Шафи’и табиғиндердің ізбасарларының соңғы өкілі болып табылады. Ол дінде имам, әрі әһлю-Сунна уәл-джәмә’аның ұлы ғалымы болған. Ол Құрайыш тайпасынан болғандықтан Мұхаммед пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ата-бабаларымен ортақ көп нәрселері болды.

Имам әш-Шафи’идің білімін айтар болсақ, әрине оның білімі өте үлкен болған. Ал ол өзі туралы былай дейтін: “Мен 7 жасымда Құранды толық жаттап алдым, ал 10 жасымда имам Мәлик ибн Әнәстің «әл-Мууәттә» атты хадистер жинағын толықтай жаттап алдым”. Дәл осы себепті әш-Шафи’иді көптеген ғалымдар құрметтеген, сондай-ақ оны да «дін білімінің имамы» деп атаған. Онымен бірге, имам әш-Шафи’иді «дінді тірілтуші» (муджаддид) деп атаған.

Мәселен, бір күні имам Ахмад ибн Хәнбәл: «Әрбір ғасырдың басында Аллаһ Тағала осы үмметке дінді тірілтушіні (муджаддид) жібереді», - деген хадисті оқып, былай деді: “Біз осындай адамдарды іздей бастадық және мұндай адам бірінші ғасырда ‘Умар ибн ‘Абдул-‘Азиз, ал екінші ғасырда – әш-Шәфи’и екенін анықтадық”.

Алайда, бұл тұжырым - өрескел қателік, онымен бірге бұл – олардың надандығы мен Исламды білмеуін көрсетеді. Жалпыға мәлім Джибрилдің (Оған сәлем болсын) келуі туралы сахих хадисте, Джибрил Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Ислам туралы сұрағанда, ол былай жауап берді: *«Ислам – бұл Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, Мұхаммед – Аллаһтың елшісі, намаз оқуың, зекет беруің, Рамазан айында ораза ұстауың, егер мүмкіндік болса, қажылық жасауың».*

Джибрил: *«Иман дегеніміз не?»*, - деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын): *«Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарға, елшілерге, Қиямет Күніне, тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің»*, - деп жауап берді.

Ихсанның не екені туралы сұралғанда Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауат мен сәлемі болсын) былай жауап берді: *«Ихсан – бұл Аллаһқа құлшылық қылып тұрғаныңда, сен Оны көріп тұрғандай құлшылық етуің және сен Оны көрмесең, Ол сені көріп тұрады».* әл-Бухари 1/114, Муслим 1/164.

‘Абдуллаһ ибн ‘Умардан, Аллаһ екеуіне де разы болсын, жеткен хадисте пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Ислам бес тірекке негізделген: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, Мұхаммед –*

Дәл сол сияқты Хафиз Ибн Хәджәр да әш-Шәфи’иге мінездеме беріп былай деді: *“Ол – екінші ғасырдың басында дінді тірілтуші кісі болған”.*

Имам әз-Зәһәби ол туралы: *“Ол – имам, хадис қорғаушысы, атақты ғалым”*, - деді.

Имам Ахмад ибн Хәнбәлдің баласы ‘Абдуллаһ өзінің әкесінен былай деп сұралғаны жеткізіледі: *“Әш-Шәфи’и кім болған? Өйткені сіз ол үшін Аллаһтан жиі-жиі дұға қылғаныңызды көремін”.*

Бұл сұраққа имам Ахмад: *“Ей балам! Әш-Шәфи’и біздің әлемге Күн сияқты және адамдар үшін денсаулық сияқты еді. Ойланышы, оларсыз немесе олардың орнын басқа бір нәрселер басса, біз өмір сүре аламыз ба?”*, - деп жауап қатты.

Имам ‘Али ибн әл-Мәдини өзінің ұлына мынадай өсиет қалдырды: *“Егер әш-Шәфи’идің сөзін естісең, оны жазбайынша бірде-бір сөзін қалдырма, себебі оның сөзінің әрбірінде білім бар!”* Ғалымдардың сөздері имам әл-Миззидің «Тахзиб әл-кәмәл» мен Хафиз Ибн Хәджәрдың «Тахзиб әт-тахзиб» 10/451 кітаптарынан алынды.

¹⁶ Ахмад ибн Мухаммад ибн Хәнбәл әш-Шәйбәни. Хиджра жыл санауы бойынша 164 жылы Бағдад қаласында дүние келіп, хиджра жыл санауы бойынша 241 жылы дәл сол қалада қайтыс болды. Ол табатабигиндердің алғашқы шәкірттерінен болған. Ол Ислам үмметінің ұлы ғалымдарының бірі болғандықтан «әһлю-Сунна уәл-джемә’аның имамы» деп аталған. Оның беріктігінің себебімен Аллаһ Тағала адасқандарды жеңді, сол кездегі адасқандар: *«Кұран – бұл Аллаһтың сөзі емес, тек Оның жаратылысы-мыс»*, - деген сөздер айтқан болатын. Имамның кезінде адамдардың барлығы дерлік адасушылыққа түсті.

Шейх Ибн әл-Қайим былай дейді: *“Имам Ахмадтың кезінде барлық адамдар адасушылыққа түсті, тек аз ғана адам бұл фитнадан аман қалды және олар сол кезде әл-джемә’а болды! Ол уақыттары соттар да, муфтийлер де, халиф та және оның ізінен ергендер де тура жолдан ауытқыды. Сол кезеңде имам Ахмадтың өзі әл-джемә’а болды!”* Қараңыз: «әл-Хауәдис уәл-бида’» 1/22.

Бұл ғалымның зор еңбегі, оған дейінгі көптеген ғалымдардың еңбегі сықылды. Хадис жинау және дінді үйрену үшін имам Ахмад көптеген елдер мен қалаларда болғанын еске сала кетейін – Куфа мен Басра, Мекке мен Медина, Йемен мен Шам. Ол өзінің сапарларын он алты жасынан бастады. Дәл осы себепті Уәки’ ибн әл-Джәррах пен Хафс ибн әл-‘Ийәс секілді имамдар ол туралы былай деп айтқан: *“Куфа қаласына ешқашан мына жас жегіт сияқты адам келген жоқ!”*

Имам әш-Шәфи’и айтады: *“Мен Бағдадта болған кезімде, ол аймақта ең сауатты, заһид және тақуа Ахмад ибн Хәнбәл болатын”.*

Қутайба былай дейді: *“Егер Аллаһ Тағала бұл үмметке Суфян әс-Сауридің тағайындамағанда, тақуалық жоқ болып кетер еді. Ал егер Ахмад ибн Хәнбәлді тағайындамағанда, онда бидғатшылар өздерінің бидғатын дінге енгізіп үлгерген болар еді!”* Ғалымдардың сөздері имам әл-Миззидің «Тахзиб әл-кәмәл» мен Хафиз Ибн Хәджәрдың «Тахзиб әт-тахзиб» 10/451 кітаптарынан алынды.

Оның елшісі деп куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, Рамазан айында ораза ұстау және қажылық жасау, кім оны жасай алса». Әл-Бухари 1/49, Муслим 1/176.

Муслим Әбу Һурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, жеткізген хадисте, бір кісі келіп, Аллаһ елшісіне (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: «Ей Аллаһ елшісі, егер мен оны жасасам, онда Жаннатқа кіргізетін амал туралы айтыңызшы». Сонда Аллаһ елшісі: «**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, әрі Мұхаммед – Аллаһтың елшісі деп куәлік бер, намаз оқы, зекет бер және Рамазан айында ораза тұт!**», - деп жауап берген соң, әлгі кісі былай деді: «Жаным Қолында Болған Аллаһпен ант етемін, мен осы айтқаныңа ешнәрсені қоспаймын да, азайтпаймын да». Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын): «**Егер ол шындықты айтса, онда табысқа жетті**», - деді. Әл-Бухари 3/261, Муслим 1/174.

Хадис түсіндірушілердің айтуы бойынша, бұл хадисте қажылық айтылмаған себебі – ол кезде әлі қажылық парыз қылынған жоқ.

Әл-Бухари мен басқа көптеген мухаддистер келтіретін Әнәстің, Аллаһ оған разы болсын, хадисінде былай делінеді: «**Бір күні пайғамбармен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бірге болған кезде, бізге түйеге мінген біреу келді. Ол түйесін тізерлеп отыруға мәжбүрледі де, оны мешіттің дәл алдына байлады. Әлгі кісі: «Араларыңда Мұхаммед деген қайсысың?», - деп сұрады. Бұл уақытта пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қабырғаға сүйеніп, адамдардың арасында тұр еді. Әлгі кісіге: «Анау қабырғаға сүйенген ақ кісі», - деп жауап берілді. Сонда түйемен келген кісі: «Сен 'Абд әл-Муталлиб руынансың ба?», - деп сұрағанда, пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: «**Жауап берді деп есептей бер**».**

— «**Мен сенен тағы да сұраймын және сұрағыма жауап бер және бұл үшін мені айып етпе!**», - деді бейтаныс кісі.

— **Не сұрағың келеді, сұра**, - деді Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын).

— **Сенің Раббыңның және саған дейін болған Раббының атымен сұраймын. Сені адамзатқа жіберген Аллаһ па?**

— **Аллаһ көріп тұр, иә, дәл солай.**

— **Сені Аллаһтың атымен шақырамын. Айт, шынында күніне бес рет намаз оқуды бұйырған Аллаһ па?**

— **Аллаһ көріп тұр, иә, дәл солай.**

— **Сені Аллаһтың атымен шақырамын. Айт, шынында жылына осы айда ораза ұстауға бұйырған Аллаһ па?**

— **Аллаһ көріп тұр, иә, дәл солай.**

— *Сені Аллаһтың атымен шақырамын. Айт, шынында біздің байларымыздан алып, кедейлерімізге зекет беруді бұйырған Аллаһ па?*

— *Аллаһ көріп тұр, иә, дәл солай, - деді пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын).*

Сонда әлгі кісі: «Мен сенің әкелген нәрселеріңе иман келтірдім! Ал мен – өз руымнан келген елшімін. Мен бәни Са’д ибн Бәкр тайпасынан шыққан Са’ләбанның ұлы Дымәммін», - деп мәлімдеді. Әл-Бухари 1/148.

Міне, Аллаһ Тағала адамдарға міндетті қылған Ислам осы, әрі оны түсіндіру үшін Мұхаммед пайғамбарды (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жіберді¹⁷.

Төрт мазхабтың біреуін ұстану мустахаб та емес, парыз да емес

Ал мазхабқа келер болсақ, бұл – белгілі бір адамның пікірі, белгілі бір мәселелердің түсінігі, әрі белгілі бір адамның иджтиһәды ғана. Аллаһ Тағала мен Оның елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Құран мен Сүннеттің анық, айқын мәтіндеріне қарсы белгілі бір адамның пікіріне, оның түсіндірмесі мен түсінігіне еруді міндет еткен жоқ. Адамдардың пікірі негізінен, дұрыс болуы да, қате болуы да мүмкін. Сондықтан, еш қатесіз пікір – бұл пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жеткен сенімді хабарлар ғана¹⁸. Ғалымдар өзінің белгілі бір мәселеге байланысты пайымдауларын айтады, алайда көбінесе ақиқат қарама-қарсы жақта болған кезде, олар өзінің бастапқы пікірінен дереу қайтатыны бәрімізге белгілі¹⁹. Демек, белгілі бір адам Исламды қабылдап, шынайы сенімге ие болғысы келсе, онда тек Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, Мұхаммед – Аллаһтың елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) екеніне куәлік беру, күніне бес уақыт намаз оқу, зекет беру, Рамазан айында ораза тұту, әрі жағдайы келсе, қажылық жасауға ғана міндетті болып табылады.

Жоғарыда айтылған төрт мазхабтың біреуін немесе басқа да мектептерді²⁰ ұстану – парыз да емес, мустахаб (маңдуб) та емес. Мұсылман адам осы айтылған белгілі бір

¹⁷ Шейх Сәлим әл-Хиләли былай дейді: «Бұл хадистер, қабылдағысы келген адамға Ислам діні өте жеңіл екендігін көрсетеді. Ислам қабылдайтын адамнан өз жүрегінде нақты сеніп, шаһаданы айтса болғаны, ал одан кейін Ислам тіректерін орындауға кірісе бастау керек. Ал белгілі бір мазхабқа кіру – Исламға кірудің шарты емес».

¹⁸ Ибн ‘Аббәс айтады: «Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзінен басқа, кез-келген адамның сөзі қабылдануы да, жоққа шығарылуы да мүмкін». әт-Табәрани “әл-Кәбир” 11/339. Хафиз әл-‘Ирақи иснадын жақсы деді.

¹⁹ Шейх Сәлим әл-Хиләли айтады: «Мазхабтарда еш дәлелсіз өз пікірінің негізінде айтылған сөздер өте жиі кездесетіні туралы ойын автор растап жатыр. Сондықтан мұндай жағдайлар орындау үшін тіптен міндетті бола алмайды. Егер белгілі бір фақиһтің пікірі шариғи дәлелге сүйенген болса ғана, ол дұрыс болады және мұндай пікірді қолдануға рұқсат етіледі»

²⁰ Тақлид (соқыр еліктеу) тек төрт мазхабтың имамдарына ғана қатысты емес. Сонымен қатар, бұл ізінен соқыр ілесетін кез-келген ғалымға қатысты. Қазіргі таңда мазхабқа соқыр ілесуге болмайтынын айтатын қаншама мұсылмандар бар, ал бірақ өздері қазіргі уақыттағы бір ғалымның артынан соқыр еріп, тіпті өзінің шейхы қателесуі мүмкін екен деп те ойламайды. Біз ондай мұсылмандардан сұраймыз: «Төрт мазхабтың имамдарына соқыр еру мен қазіргі уақыттағы ғалымдардың артынан ілесудің не айырмашылығы бар?»

мазхабқа толықтай ілесу – тіпті де міндет емес. Сонымен қатар, егер адам әрбір мәселеде тек бір ғана мазхабқа еретін болса, онда бұл фанатизм, қателік, соқыр еліктеу (тақлид) болып табылады! Ал сол адамның өзі дінді топтарға бөлген адамдардың қатарынан болады, ал Аллаһ Тағала дінді бөлуге қатаң тыйым салды:

«Күдіксіз діндерінде бөлініп, топтарға айрылғандармен ешбір байланысың жоқ» (әл-Ән’ам сүресі, 159 аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай дейді: **«Әрі серік қосушылардан болмаңдар! Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларға мәз болғандар»** (Рум сүресі, 31-32 аяттар).

Ислам – бір ғана дін. Оның ішінде Мұхаммедтің – Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жолынан басқа мазхабқа да, жолға да орын жоқ! Аллаһ Тағала айтады: **«Айт: “Бұл менің жолым. Мен және маған ергендер ашық дәлелмен Аллаһқа шақырамыз. Аллаһ Пәк. Сондай-ақ мен серік қосушылардан емеспін”»** (Юсуф сүресі, 108 аят).

Мазхабқа қатып қалғандардың арасында ұрыс-таластарды²¹ өте жиі көруге болады, ал Аллаһ Тағала былай деп айтқан еді ғой: **«Өзара жанжалдаспаңдар, әйтпесе үрейленіп, құттарың қашады және сабырлы болыңдар! Расында Аллаһ, сабырлылармен бірге»** (әл-Әнфәл сүресі, 46 аят).

Аллаһ Тағала өзара бөлінбей, Оның Кітабын қатты ұстануымызды бұйырды: **«Түп-түгел Аллаһтың жібіне (дініне) жабысыңдар да, бөлінбеңдер»** (Әли ‘Имран сүресі, 103 аят).

Исламның негізі – бұл Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне сәйкес амал ету

Міне, шынайы Ислам осы, ал оның негізі – бұл Құран және Сүннет. Кез-келген талас-тартыс болған кезде мұсылман адам дәл осы негізге қайтуы тиіс. Ал кімде-кім талас-тартысты шешуді негізге қайтармай, басқа бір нәрсеге қайтаратын болса, онда ол адам мұсылман деп саналмайды. Аллаһ Тағала ол туралы былай дейді: **«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, одан соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай, толық бой ұсынғанға дейін мүмін бола алмайды»** (Ниса сүресі, 65 аят).

Ешқандай айырмашылық жоқ! Ал егер еш дәлелсіз белгілі бір ғалымның сөзіне еретін болса, онда шын мәнінде, қазіргі ғалымдардан гөрі бұрынғы имамдар артынан соқыр еруге лайықтырақ!

²¹ Соқыр ілесудің (әт-тақлид) нәтижесі кейбір мазхабшыларды бір-бірімен жауласып, тіпті бір-бірін күпірлікте айыптауға дейін барған. Мысалы, ханафи мазхабын ұстанатын Мухаммад ибн ‘Абдуллаһ әт-Турки әл-Бәләсағуни Дамаск қаласында сот қызметін атқарған. Ол былай дейтін: *“Егер менде мүмкіндік болса, онда шафиғилерден джизя алар едім”*. Қараңыз: Лисанул-мизан” 5/402. Шафиғи мазхабының танымал имамы – әш-Шийрази айтатын: *“Ханафи мазхабының имамының артынан намаз оқығаннан гөрі, жалғыз оқыған жақсырақ!”* Қараңыз: “Кифәя әл-ахяр” 1/272.

Одан соң, ешқандай имам: «Мен дұрыс деп есептеген нәрсенің барлығына еріңдер», - деп ешқашан айтқан жоқ, алайда олар үнемі: «Біз қайдан алсақ, сендер де содан алыңдар», - дейтін. Сонымен қатар, соңғы ғасырларда мазхабқа көптеген сырттан келген пайымдаулар қосылып, көбінесе қате болып шығып жатты²². Онымен қоса, мазхабқа бұрын соңды қойылмаған сұрақтар, яғни ондай сұрақтардың келешекте де қойылатыны белгісіз болған мәселелерге байланысты шешімдер қосылып кетті. Ол мынадай принципке негізделген: «Егер осындай, осындай нәрселер болса, онда не істеу керек?» Міне, егер мазхабты құрды деген сол ұлы имамдар мазхабтың қазіргі кездегі түрін көргенде еді, міндетті түрде олардан және олардың ойлап тапқандарынан бас тартар еді.

Шариғат пен дін негіздерін кіршіксіз таза күйінде бізге жеткізген бұрынғы имамдар Құран мен Сүннетті қатты ұстанып, Шариғатты басшылыққа ала отырып, соған сәйкес амал қылуға шақырған еді. Мұндай хабарлар сенімді түрде Әбу Ханифа (150 ж. қайтыс болды), Мәлик (179 ж. қайтыс болды), әш-Шәфи'и (204 ж. қайтыс болды), имам Ахмад (241 ж. қайтыс болды), Суфян әс-Саури (161 ж. қайтыс болды) және Суфян ибн 'Уяйн (197 ж. қайтыс болды), Хасан әл-Бәсри (110 ж. қайтыс болды.), Әбу Юсуф Яа'куб әл-Қады (182 ж. қайтыс болды), Мухаммад ибн әл-Хасан әш-Шәйбани (189 ж. қайтыс болды), Абдуррахман әл-Әуза'и (157 ж. қайтыс болды), 'Абдуллаһ ибн әл-Мубәрак (181 ж. қайтыс болды), имам әл-Бухари (256 ж. қайтыс болды), Муслим (261 ж. қайтыс болды) мен басқа да көптеген ғалымдардан жеткен, Аллаһ олардың барлығын Өз мейіріміне алсын²³.

Осы имамдардың әрбірі дінге енгізілетін жаңалықтың қауіптілігін, әрі еш күнәсіз Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа біреуге соқыр ілесуден сақтандырды. Ал басқа адамдардың барлығы, ол кім болса да, қателік атаулыдан сақтандырылмаған. Кез-келген адамның пайымдауы Құран мен Сүннетке сай келсе, қабылдап, ал сай келмесе, тастай салу қажет²⁴. Имам Мәлик, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын: «Кез-келген адамның сөзі қабылдануы да, жоққа шығарылуы да мүмкін. Тек мына қабірдің иесінен басқа», - деп Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қабірін көрсетті²⁵. Дәл осы жолмен мұсылман

²² Бұған мысал ретінде ханафи мазхабындағы сопылық, сондай-ақ матуридилік ақиданың пайда болуы және ханбали мен шафиғи мазхабындағы ашарилік идеологияның пайда болуы айтса болады.

²³ Бұрынғы заманда аты аталған имамдардың көбісінде өзінің шәкірттері болған, әрі ол шәкірттер имамдардың фәтуәларының негізінде мазхаб құрғанын айта кеткен жөн. Мәселен, Суфян әс-Саури, әл-Хасан әл-Бәсри, әл-Әуза'и, Ибн Джәрир әт-Табәри мен тағы басқа көптеген имамдардың өз мазхабы болған. Дегенмен, Аллаһтың қалауымен, бұл мазхабтардың өмірі біздің уақытқа дейін жетпеді (олардың жоқ болып кетуінің кейбір себептерін шейх әл-Мә'суми осы кітабында айтады), бұған қарамастан, біз бұл оқиғаның тарих парақтарынан өміріп тастай алмаймыз. Сондықтан, соңғы уақыттары пайда болған Исламда тек төрт қана мазхаб бар деген пікір айқын қате. Мұндай жағдайда былай айтуға болады: егер бұрынғы уақыттары төрт мазхабтан көп мазхабтар болса, дәл сол сияқты, онда неге болашақта төртеуден де көп пайда болуы мүмкін емес?

²⁴ Хафиз Ибн Кәсир айтады: «Адамдардың сөздері мен істері пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөздері мен істерімен салыстырылады, оның сөзі мен ісіне сәйкес келетіндер – қабылданады, ал онымен сәйкес келмейтіндер – жоққа шығарылады, ол пікірдің иесі кім болса да». Қараңыз: «Тафсир Ибн Кәсир» 3/415

²⁵ Шейх Сәлим әл-Хиләли былай дейді: «Осы алтын, әрі даналықа толы сөздерді ең алғаш Ибн 'Аббәс, Аллаһ оған разы болсын, айтты. Ибн 'Аббәстан бұл сөздерді өзінің шәкірті Муджәһид қабылдап алды. Қараңыз: «Джәми' бәйян әл-'илм уә фәдлихи» 1/91. Ал Муджәһидтен имам Мәлик қабылдап алды, содан кейін барып бұл сөздер зор даңққа ие болып, жұртшылыққа тарады. Сондай-ақ олардан имам Ахмад та осы сөздерді қабылдап алды» Қараңыз: «Мәсаил имам Ахмад» 276.

ғалымдары жүрді – аталмыш төрт имам да, басқа да ғалымдардың әрбірі соқыр ерудің қауіптілігінен сақтандырғанын еді, себебі Аллаһ Тағала Өз Кітабының көптеген жерінде соқыр ілесетіндерді даттайды. Бұрынғы кезде де, қазіргі кезде де көпір болғандардың көбісі пайғамбарларға ермеген себебі кітапшыларына, монахтары мен ата-бабаларына соқыр ілескендіктен еді ғой.

Әбу Ханифа, Мәлик, әш-Шәфи'и мен Ахмад және т.б. имамдар, Аллаһ оларға разы болсын, үнемі: *«Біздің пікірімізге сүйеніп ешбір адамға фәтуә беруге болмайды немесе біздің қайдан алғанымызды білмейінше, біздің сөзімізді алуға рұқсат етілмейді»*, - деп айтатыны бәрімізге мәлім.

Әрбір имам былай дейтін: *«Егер сахих хадис табылса, онда сол менің мазхабым»*.

Сондай-ақ олар әрдайым былай қайталайтын: *«Егер саған белгілі бір пікір жетсе, онда сен оны Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетімен тексер. Егер пікір оған сәйкес келсе, онда қабылда, ал егер сәйкес келмесе, онда оны қабырғаға ұр!»*.

Ұлы имамдардың пікірі міне, осындай, Аллаһ Тағала оларды Жаннат бақтарына орналастырсын. Алайда, ұлы имамдардың заманынан кейін пайда болған, соңғы уақытта өмір сүріп жатқан муқаллидтердің іс-әрекеті өте өкінішті жағдайда! Қарапайым халық оларды күнәсіз ғалым еркектер деп ойлайды, өйткені олар таудай қағаздар жазады ғой! Бірақ олар не нәрсеге шақырып жатыр? Адамдарға төрт имамның тек біреуіне ғана еруге міндеттеген дәл осылар ғой²⁶. Олар мұны міндеттеген соң, артынан басқа ғалымдардың пікіріне құлақ асуды тыйым салды. Осының бәрін көріп отырып, «муқаллидтер белгілі бір имамды Аллаһтың жіберген пайғамбарына айналдырып жіберген жоқ па» деген ой келеді. Муқаллидтердің өздері имамдарының пікіріне толықтай бойұсынғанда еді! Бірақ олардың көбісі өздерінің имамдарының есімдерін басқа, еш нәрсе білмейді - өз имамының ілімін тіптен білмейді. Мысалы, кейінгі ұрпақ өкілдері осы уақытта дейін болып көрмеген жалған мәселелерді ойлап тауып, өздерінің өтірік ілімдерін таратты да, осының барлығын өз имамдарына жаба салды²⁷. Ал одан кейін келген ұрпақ мұның барлығы

²⁶ Имам Ахмад былай деді: *“Фәқиһке адамдарды өзінің мазхабымен жүруге ынталандыруға рұқсат етілмейді”*. Қараңыз: “әр-Радул-муфхим” 16.

²⁷ Шейх әл-Мә’сумидің айтып отырғанына көптеген мысалдар келтіруге болады – түрлі мазхабтардағы пайда болған әртүрлі мәселелер. Мысалы, ханафилік шейх әл-Джәуәби намазда кім имам болуға лайықтырақ деген мәселеде – басшы, оның орынбасары (наиб) және басқа да тұлғалар туралы хадистерде келген хабарға байланысты былай деп жазады: *“Намазда имам болуға бәрінен де бұрын лайықтырағы... ең жақсы көркем мінезділіктің иесі, одан кейін ең сұлуы, одан соң ең сұлу әйелі бар еркек, одан кейін ең бай, содан соң бәрінен киімі тазарақ адам, содан кейін басы ең үлкені, содан соң жыныстық мүшесі ең кішкентайы”*. Қараңыз: “Бид’а әт-та’асуб әл-мәзһәби” 193.

Арасында мағынасыз нәрселері бар мына аталған шарттар дінге қандай қатысы бар?!

Міне, тағы бір мысал. Шафиғи мазхабының өкілі әл-Бәджури “Хашия ‘алә шәрх Ибн әл-Қасим” деген кітапта ғұсыл алу қашан міндетті болады деген мәселенің төңірегінде көптеген мысалдар келтіріп, «фантастикалық» нәрселерді де жазып жіберді: “Егер еркектің жыныстық мүшесі екіге бөлініп, бір бөлігі бірінші әйеліне, ал екінші бөлігі екінші әйеліне кірсе, онда оған ғұсыл алу қажет”. Ол тағы былай деді: *“Егер еркек адам өзінің жыныстық мүшесін басқа еркектің жыныстық мүшесіне тықса, онда екеуіне де ғұсыл алу керек”*. Одан әрі ол адамның ашу-ызасы мен таң қалу сезімін тудыратын нәрселер жазады: *“Егер адам өз әйелінің жыныстық мүшесіне денесімен бірге кіріп кетсе, онда екеуі де ғұсыл алуы тиіс. Өйткені, егер жыныстық мүшенің бас жағы енгенде, ғұсыл бұзылатын болса, ал адам жыныстық мүшеге денесімен кіріп кетсе, онда ғұсыл алу тіптен міндетті болады”*.

шынымен имамдардікі екен деп ойлады. Алайда, шын мәнінде мұндай пікірлерге олардың имамының түк қатысы жоқ еді, тіпті көп жағдайда имамдардың айтқанына қарама-қайшы келіп отырды. Бұған анық мысал ретінде Әбу Ханифаның кейінгі уақыттарда шыққан шәкірттері: «намазда «ташаххуд» уақытында сұқ саусақты көтеріп отыруға тыйым салды», - деп Әбу Ханифаға жауып жіберді!²⁸ Тағы бір мысал: ханафилердің көбісі Құранды тәпсірлеуде Исламға қайшы нәрселерді жібереп алды, мысалы, «Аллаһтың Қолы дегенді Оның Құдіреті деп түсіну керек» деген сөздері! Тіпті, одан да сорақысы – «Аллаһ Тағала Таққа көтерілмеді, жаратылыстың әрбір нүктесінде» деген жиіркенішті сөздері²⁹!

Осыған ұқсас себептердің кесірінен мұсылмандар бір-бірімен араздасты, мұсылмандардың бірлігі мен одағының арасына жік түсіп, жер бетінде екіжүзділік пен бөлінушілік тарады. Біреуі басқасын бидғатта айыптай бастады, әрбір топ өзіне сәл келіспеген басқа топтарды адасушылықта айыптады. Олар тіпті, бір-бірін күпірлікте айыптап, өзара төбелестер мен қанды соғыстарға дейін барды. Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ол туралы: *«Менің үмметім жетпіс үш топқа бөлінеді, әрбір топ Тозақта, тек біреуінен басқа»*, - деді. Одан: *«Ей Аллаһтың елшісі, ол құтылған топ кімдер?»*, - деп сұрады. Сонда ол: *«Бұл менің және*

Аллаһ кемшілік атауылыдан Пәк, мынадай мағынасыз мысалдарды түсіндіруге қажеттілік бар ма?! Ұлы имамдардың мен кейінгілердің мазхаб деп атағанының арасында тек бір ғана атау қалды. Бұл келтірген мысалдарымыз мазхабтың кейінгі өкілдерінің жазғандарының тек бір бөлігі ғана. Кейінгі мазхабшылардың ақымақтығы туралы егжей-тегжейлі білгіңіз келсе, шейх Мухаммад 'Иид әл-'Аббәсидің «Бид'а әт-та'асуб әл-мәзһәби» деген кітабын қарасаңыз болады.

²⁸ Ибн аз-Зубайр айтатын: *“Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) намазда (ташаххудке) отырған кезінде, ол оң қолын оң санына, сол қолын – сол санына қойып, саусағымен нұсқады”*. Муслим 579.

Уаил ибн Худжр айтады: *“Мен пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) оң сұқ саусағын көтеріп, кішкене ғана қозғап Аллаһқа дұға қылғанын көрдім”*. ән-Нәсаи 889, Ибн Хузаймә 1/86, Ибн Хиббан 485. Хадистің сенімділігін имам Ибн Хузаймә, имам Ибн Хиббән, әл-Бәйхақи, хафиз Ибн 'Абдул-Бәрр, имам ән-Нәуәуи, хафиз Ибн әл-Муләққин, шейх Ибн әл-Қайим, шейх әл-Әлбәни және 'Абдул-Қадир әл-Әрнәут растады. Қараңыз: «әл-Мәджму'» 3/453, “Задул-мә'ад” 1/237, “Тамәмул-миннә” 214, “Тахқиқ Джәми' әл-усул” 5/404.

²⁹ Имам Әбу Ханифа әһлю-Суннаның ақидасын ұстанып, Аллаһ Тағала бүкіл жаратылыстан жоғары көтеріліп, Таққа орныққан деп есептегені туралы бәрімізге белгілі. Сондықтан ол былай деді: *«Кімде-кім: “Менің Раббым қайда екенін білмеймін: аспанда ма әлде жерде ме”, - десе, күпірлік (куфр) жасады. Бұл: “Аллаһ Таққа көтерілген, алайда мен Тақтың қайда екенін білмеймін: аспанда ма әлде жерде ме”, - деп айтқан адамға да қатысты»*. Қараңыз: «әл-Фикһ әл-әбсат» 46.

Бір әйелдің: *“Сенің құлшылық Қылатының (Аллаһ) қайда?”*, - деп сұрағын кезде, Әбу Ханифа былай жауап берді: *«Шынында, Пәк және Ең Жоғары Аллаһ аспанда, жерде емес»*. Ал одан бір адам: *“Ал сен Аллаһтың мына Сөздері туралы не дейсің: «Қайда болсаңдар да, Ол (Аллаһ) сендермен бірге?»*, - деп сұраған кезде, Әбу Ханифа былай деді: *«Бұл сенің қасыңда емес бір адамға: “Мен сенімен біргемін”, - деп хат жазғаның секілді»*. Қараңыз: «әл-Әсмә уә әс-сыфәт» 429.

Сондай-ақ кейбір имамдардың кітаптарында Әбу Ханифа Құранды жаратылған деп есептеген деген хабар келеді, бірақ бұл хабар әлсіз. Имам Ахмад айтады: *“Біз Әбу Ханифа Құранды жаратылған деп есептеген-мыс деген хабарды сенімді деп есептемейміз”*. Қараңыз: “Мухтасар әл-'Улюу” 156.

Имам Ибн әл-Мубәрак айтады: *“Әбу Ханифа: «Құран жаратылған», - деп о дүниелік болмағанына Аллаһпен ант етемін”* Қараңыз: “Шәрх усул әл-и'тикад” 2/269.

Шейх әл-Әлбәни «Тахқиқ әл-'Улюу» кітабында былай деп жазды: *“Мұның барлығы - Әбу Ханифаның, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, адресіне айтылған жорамалдар ғана, шынтуайтына келгенде керісінше, бұл пікірге қарама-қарсы пікірі сенімді жолмен жеткен!”*

Имам Абу Ханифа былай деді: *“Құран – бұл Аллаһтың Сөзі, парақшаларда жазылған, жүректерде сақталған, ауыздармен оқылатын және пайғамбарға (Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) түсірілген”*. Қараңыз: «әл-Фикһ әл-әкбәр» 301.

менің сахабаларымның жолын ұстанғандар», - деп жауап қатты³⁰. әт-Тирмизи 2641, әл-Хаким 1/128.

Кейінгі ұрпақ өкілдері барлық адамдарды мазхаб ұстануға мәжбүр ету үшін Қасиетті мәтіндерді өзгертті, әрі бұрмалады, ал кейіннен өздері бытырап бөлінді

Ұлы Аллаһ Тағаламен ант етейін, мұсылмандар Исламды толыққанды, әрі шынайы ықыласпен ұстанған кезде, олар жеңіске жететін, талай елдерді бағындырып, ізгі халифалар мен олардың лайықты ізбасарлары секілді Иман туын биікке көтеріп желбіреткен еді! Ал мұсылмандар Аллаһтың - әлемдердің Ұлы Раббысының бұйрығын өзгерткен кезде, Ол да оларға дәл солай жауап берді – олардың берекесін алып, биліктен айыру арқылы ортақ бір мемлекетін құлатты! Осындай нәтижеге жеткізетіні туралы көптеген Құран аяттары куәлік етеді³¹.

Олардың ішінде көптеген нәрселер Исламға енгізіліп кетті, соның ішінде белгілі бір мазхабқа соқыр еріп, фанаттық күйде оны ұстану қажет, тіпті олар белгілі бір мәселеде адасып жатса да деген пікір. Міне, бұл мазхабтар бидғат болып табылады! Бұл мазхабтар ислам үмметінің алғашқы үш ұрпақтарының уақытынан кейін пайда болып, оған енгізілген екендігі еш күмән туғызбайды. Тағы бір бізге мәлім нәрсе – бұл адамдар діннің бір бөлігі деп ойлайтын әрбір бидғат адасушылық³²!

Біздің ізгі ата-бабаларымыз тек Құран мен Сүннетті, солар нұсқаған нәрселерді және де үмметтің барлық ғалымдары бірауызды келісімі (иджма') нұсқаған нәрселерді қатты ұстаған. Дәл солар шынайы мұсылман еді, Аллаһ оларды Өз Мейіріміне алсын, Аллаһ оларға разы болсын, Аллаһ бізді олардан болуымыз нәсіп етсін, Аллаһ бізді солардың қатарында бірге тірілуімізді нәсіп етсін! Алайда, «мазхабизм» деп аталып жүрген нәрсе тараған кезде, байырғы бірлік ыдыраушылыққа түсті. Біреулері басқаларын адасушылықта айыптады, керек десеңіз, мысалы ханафилерге шафиғи имамның артынан намаз оқуға болмайды деген

³⁰ Кейбіреулер хадистің: «*Бұл әл-джәмә'а*» деген нұсқасын сахих дейді де, «*Бұл менің және менің сахабаларымның жолы*» деген нұсқасын жоққа шығарады. Шейх Сәлим әл-Хиләли былай дейді: «Кейбір авторлар бұл хадистің аталмыш бөлігін әлсіз деп есептейді. Себебі, жеткізушілер тізбегіндегі 'Абдурахман ибн Зияд әл-Ифрики деген әлсіз жеткізуші бар. Алайда, әт-Табәрани «әл-Аусат» (626) және «әс-Сағир» (196) кітабында 'Абдуллаһ ибн Суфян әл-Хуза'иден, ал ол Яхья ибн Са'ид әл-Әнсәриден, ал ол Әнәстан жеткізген басқа нұсқасында хадистің бұл бөлігі бар. 'Абдуллаһ ибн Суфян өзі әлсіз болғанына қарамастан, хадистің бірінші нұсқасымен жинағанда, бұл хадис жақсы (хасан) болады және мұны біз қабылдауымыз қажет».

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия «Мәджму'ул-фәтәуә» 3/345, Ибн әл-Қайим «Мухтасар әс-Сауа'ик» 2/410, имам әш-Шәтыби «әл-И'тисам» 1/189, хафиз әл-Ираки 3/199 және шейх әл-Әлбәни «Сәхих әл-джәми'» 5343 кітабында хадистің сенімділігін растады.

³¹ Мысалы Аллаһ Тағала былай дейді: «**Міне Алла, бір қауымға берген нығметін; олар, өздерін өзгертпейінше өзгертпейді**» (әл-Әнфәл сүресі, 53 аят).

³² Кейбір адамдар күмәнді дәйектерге сүйеніп, Исламда жақсы және жаман бидғат бар деп мәлімдейді. Жақсы мен жаман бидғаттың шекарасын кім анықтайды?! Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын): «**Әрбір бидғат – бұл адасушылық**», - деген сөзіне қарамастан, олар осындай жиіркенішті сөздерді айтады. Муслим 2/135.

Пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларының ішінде ең білімдісі танымал Ибн 'Умар (Аллаһ оған разы болсын) қазіргі кездегілердің сөздерін балды бұрын біліп тұрғандай былай деді: «**Әрбір бидғат - бұл адасушылық, тіпті егер адамдар оны жақсы деп есептесе де!**» әд-Дәрими 1/39. Шейх әл-Әлбәни иснадын сенімді деді.

сықылды фәтуәлар шығарылды³³! Төрт имамның барлық ізбасарлары суннит екендігі тек сөз дәрежесінде ғана қолданылды, ал іс жүзінде тіптен олай болмай, істері сөздеріне қайшы келді.

«Мазхабизм» деген бидғаттың қандай сорақы жағдайға әкелетінін Меккедегі әл-Харам мешітінде төрт имам тұратын орынның (мәқам) көтерілгендігінен-ақ байқауға болады³⁴! Мұсылман қауымының бірлігі ыдырады, әрбір «мазхабшы» намаз оқу үшін өз мазхабының жамағатын іздеді! Сонымен, осындай бидғаттың көмегімен Ібіліс өзінің діттеген мақсатына жетті, ал бұл – мұсылмандардың бытырап, бөлінуі.

Мұндай жамандықты тоқтату үшін Аллаһтан көмек сұраймын.

Адам қайтыс болғаннан кейін қабірде қандай мазхабқа немесе қандай тариқатта болғаны туралы сұралады ма?

Әй саналы, әрі салиқалы мұсылман, мен сен сұраймын! Адам баласы қайтыс болған соң қабірде немесе Қиямет Күні қай мазхабта болғаны туралы сұралады ма? Немесе адам қандай тариқатта болғаны туралы сұралады ма? Аллаһпен ант етемін, бұл туралы сенен сұралмайды! Керек десеңіз, белгілі бір мазхаб пен белгілі бір тариқатта болғаның үшін жауапқа тартыласың! Мұның барлығы **«Аллаһтан басқа монахтарды мен пірадарларды Раббы ретінде»** алғандақтық болып табылады, себебі жекеленген мазхабтар мен танымал тариқаттар – тек діндегі бүлік пен бидғат екені шүбәсіз. Ал әрбір бидғат пен әрбір жаңалық – бұл адасушылық!

Әй адам баласы, сенен Аллаһ пен Оның елшісіне (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) иман келтіру туралы сұрайды, себебі бұны бұйырған Ол! Осы иманға сай амалдар туралы сұрайды. Ал өзіңе белгілі бір мазхаб пен тариқат таңдау – бұл иманға еш сай келмейтін әрекет. Құран мен Сүннеттен ілімі бар адамдар қасыңда бола тұра, сен неге білім алуға талаптанбадың деп сұрайды. Егер сен белгілі бір мәселені шеше алмасаң, онда Құран және Сүннетке ол мәселені қайтаруың керек еді.

³³ Шейх Сәлим әл-Хиләли айтады: «Олардың кейбіреулері өзара келіспеушіліктің алауын соншалықты лаулатты, тіпті ханафи ерлерге шафиғи әйелдерге үйленуге тыйым салатын фәтуәлар шығаруға дейін барды. Олардың ойынша, «Мен иман келтіргенмін, инша Аллаһ» деген сөзді рұқсат еткендігі үшін шафиғилер кәпір болды. Қараңыз: Шәмсуддин әл-Кәхшай, «Шәрх мухтасар әл-уикая». Басқалары болса (мысалы, «Муфтий әс-Сакәләйн» кітабының авторы), «шафиғилер Кітап иелері (христиандар мен яһудейлер) секілді, сондықтан олардан қыз алуға болады» деп жұртты сендірді. Мұсылмандарды кәпірлермен дәл осылай салыстыру арқылы олар шафиғилерден қыз алуға рұқсат етті. Алайда, мұндай салыстыру Кітап иелерінің ерлері мұсылмандардың қыз баласына үйлене алмауы сияқты, шафиғи ерлерге де ханафи әйелдерге үйленуге тыйым салынатынын көрсетеді!»

³⁴ Шейх Сәлим әл-Хиләли айтады: «Ибн ‘Абидин өзінің «Радд әл-мухтар» атты кітабының намаз туралы тарауында, хиджраның 500 жылдарынан кейін әл-Харам мешітінде төрт мазхабтың бірінен-бірі басым болуға ұмтылысының шегіне жеткен кезінде, төрт мәқам салынғаны туралы жазды. Ал шейх Ахмад Шәкір «Сунән әт-Тирмизи» 1/432-ге түсініктеме жазған кезде былай деді: *«Бұрындары әл-Харам мешітінде әр мазхабқа бір-біреуден төрт мәқам тұрғаны туралы маған хабар жетті. Алайда, мен оны өз көзіммен көрген жоқпын. Мен қажсылық жасап жүрген кезде, Сауд әулетінен патша ‘Абдул-‘Азиз басқарып тұрған шағы еді. Ол дәл осы бидғатқа қарсы шығып, мәқамдардан бас тартып, барлық намазхандарды бір имамның артына жинағанын білдім. Аллаһ Тағаладан мұсылман ғалымдарын және әлемдегі барлық мешіттерде осы бидғатқа қарсы күресте көмек беруін сұраймын!»*

Аллаһтың елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын), біздің мырзамыз Мұхаммед пайғамбардың әкелген Исламның талабы міне, осы.

Ей мұсылман! Өзіңнің дініңе қайт: Құран мен Сүннетке және ізгі ата-бабалардың (сәләф) мен имамдардың бірауызды келісіміне сәйкес Аллаһқа құлшылық қыл! Міне, осыда ғана құтылу мен бақытқа жету бар!

Мұсылман бол, бірқұдайшыл бол, Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық қылма, Аллаһтан басқа ешкімнен дұға сұрама, Аллаһтан басқа ешкімнен қорықпа! Әрбір мұсылманға бауыр бол, өзіңе не тілесен, оларға да соны тіле!

Әт-Тирмизи өзінің хадистер жинағы «ас-Сунан» кітабында әл-Ирбәд ибн Сәрияның сөзін жеткізгені бізге жеткілікті. Ол бір күні таң намазынан кейін Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) адамдарға бір уағыз айтты, ол уағыздан біздің көздерімізге жас келіп, жүректеріміз тітіркенді. Сонда бір адам: «Бұл қоштасушы адамның уағзызы зой! Әй Аллаһтың елшісі, бізге не өсиет етесіз?», - деп сұрады. Сонда ол: *«Мен сендерге тақуа болуларыңды, сондай-ақ тіпті егер эфиопиялық құл сендерді басқарса да, оны тыңдап, оған бағынуларыңды өсиет етемін. Араларыңда кімде-кім ұзақ өмір сүрсе, онда көптеген келіспеушіліктерді көреді. Сондықтан бидғаттан сақтаныңдар, себебі олар – адасушылық! Араларыңда кімде-кім сол уақытқа дейін өмір сүретін болса, онда менің Сүннетімді және ізгі халифалардың сүннетін азу тістеріңмен жабысып ұстаныңдар!»*³⁵ Әбу Дәуд 4607, әт-Тирмизи 2676, Ибн Мәджәһ 43, 44, әд-Дәримиді 1/44.

Демек, егер жағдай осындай екені белгілі болса, онда барынша тақлидтен сақтану қажет, себебі әрбір мәселеде белгілі бір мазхабқа еруге ұмтылған адам, көптеген сахих хадистерге амал етуден бас тартатынына еш күмән жоқ, ал бұл – сөзсіз адасушылық. Дәл осы себепті ханафи мазхабы мен басқа да мазхабтардың көптеген зерттеушілері белгілі бір мазхабты ұстану міндетті емес деп мәлімдеген. Мысалы, әл-Кәмәл ибн әл-Хумәмнің «әт-Тахрир» кітабы мен Ибн 'Абидиннің (х.ж. 1203 ж. қайтыс болды) «Радд 'ал-мухтар» кітабының бас жағында осы туралы жақсы айтқан. Белгілі бір мазхабты ұстану міндетті деген тұжырымның ешқандай негізі жоқ.

Мазхабты ұстану міндетті деген тұжырым – саяси қитұрқы болып табылады

Шынында, мазхабты ұстану міндетті дейтін тұжырым қоғамдағы тарихи өзгерістер мен психологиялық аспектіге негізделген түбегейлі саяси себеп болып табылатындығы кез-келген тарихтан хабары бар, ақылы бар адамға құпия емес. Әрі қарай осы тарихтан сәл-пәл сыр шертсек. Біздің міндетіміз – ақиқатты білу және соған сай амал ету.

³⁵ Шейх Сәлим әл-Хиләли айтады: «Имамдар осы хадис сенімді дегенге келіскен. Бұл хадисті сенімді деп атағандардың ішінде мыналар бар: әд-Дыя әл-Мәқдисиді «Йттибә' әс-Сунән» 1/79, әл-Харауи «Заммул-кәләм» 1/69, әл-Бәғауи «Шәрху-Ссуннә» 102, Ибн 'Абдул-Бәрр «әл-Джәми'» 1758, Әбу Ну'айм «әл-Му'табир» 78, Ибн әл-Қайим «Й'ләмул-муаққи'ин» 4/140, Ибн Раджәб «Джәми'ул-улюми уәл-хикәм» 391, Ибн Кәсир «Тухфәту-тталиб» 46, Ибн Хәджәр «Мууәфикахул-хәбәр» 1/137, әл-Әлбәни «әс-Сәхиха» 937 және т.б.»

Міндетті түрде еру керек болған шынайы мазхаб – бұл біздің пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ілімі екенін біл! Тек ол ғана имам әл-ә'зам (ұлы имам)³⁶, оған ғана барлық нәрседе еру керек. Одан кейін ізгі халифтердің ілім жүреді, Аллаһ олардың барлығына разы болсын. Мұхаммедтің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жолынан басқа жолға еруге бізді ешкім міндеттей алмайды, тек қана оның жолы!!! Аллаһ Тағала былай дейді: **«Сендерге Пайғамбар не берсе, алыңдар! Неден тыйса, одан тыйылыңдар»** (әл-Хашр сүресі, 7 аят).

Ал пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деп (жоғарыда келтірілді) өсиет айтты: **«Менің Сүннетімді және ізгі халифтердің сүннетін ұстаныңдар!»**

Имамдардың ешқайсысы - Әбу Ханифа болсын, Мәлик болсын, өз шәкірттеріне ешқашан былай деп айтпаған: «Тек менің ғана пікірді ұстаныңдар»³⁷, сондай-ақ олардың жолымен жүруге ешкімді міндеттеген жоқ. Керек десеңіз, тіпті имамдардан да бұрын болған Әбу Бәкр мен 'Умар, Аллаһ оларға разы болсын, сияқты мұсылман ғалымдары мұндай нәрсеге ешқашан шақырмаған, керісінше олар мұндайды – тыйым салған еді. Егер жағдай осылай болса, онда мына мазхабтар қайдан пайда болды? Олар неге жұртшылыққа таралып, мұсылмандардың мойнына артылып қойылды? Ойлан, бұл мазхабтар Исламның ең жақсы ғасырларынан кейін пайда болып, жұртшылыққа таралды. Ал оны әділетсіз, әрі надан басшылар мен адасушылыққа түскен ғалымдар адамдардың мойнына артып, міндеттеп қойды.

Әд-Дахләуидің «мазхаб – бұл бидғат» тұжырымы

Танымал ғалым Уәлию-Ллаһ әд-Дахләуи (х.ж. 1176 ж. қайтыс болды) өзінің «әл-Инсаф» еңбегінің 68 бетінде былай деп жазады: «Хиджраның бірінші және екінші ғасырларында адамдар «тақлид» пен белгілі бір мазхабқа еліктеу деген нәрсені білмеді, өйткені ол уақытта мазхаб болған жоқ екенін біл! Бұл туралы Әбу Талиб әл-Мәкки «Қуут әл-кулюб» кітабында былай деді: *“Құран мен Сүннет негізінде емес, керісінше адамдардың көзқарасының негізінде үкім шығару, мазхаб бекіткен шекарадан аспай адамдарға фәтуә беру, белгілі бір адамның пікірін таңдап алып, басқа адамдарға соны таңу, белгілі бір мазхабтың негізінде дінді тану... Бірінші және екінші ғасырларда Ислам әлемінде бұлардың бірде-біреуі болмаған!”*

Содан кейін кейбір өзгерістер басталды, бірақ оған қарамастан, белгілі бір мазхабтың жолымен ғана дінді үйрену болмағаны сияқты төртінші ғасырда да ессіз еру әлі толықтай тарай қойған жоқ еді, сондай-ақ белгілі бір мазхабты адамдарның мойнына артып қою да болмады. Бұл факт Ислам тарихын жүйелі түрде өте мұқият зерттеулерден соң анық болды. Міне, сол ғасырларда адамдар екі топтан ғана тұрды:

³⁶ Ханафилер Әбу Ханифаны, Аллаһ оны Өз Мейіріміне алсын, осылай атайды.

³⁷ Имам Әбу Ханифдан сенімді тізбекпен келесідей сөз жеткен: *“Менің дәлелімді білмей, бірақ менің сөзіме сүйеніп фәтуә беру тыйым салынады (харам)!”* Қараңыз: «әл-Хашия» 6/293 Ибн 'Абидин.

ғалымдар және қарапайым халық. Дінді үйрену кез-келген адамға қолжетімді еді. Мысалы, қарапайым адамдар дәрет, намаз, зекет және тағы басқа мәселелердің ережелерін тікелей өзінің тұрғылықты жеріндегі ғалымдардан немесе аталарынан үйренді. Ал егер ерекше жағдай болып, бір сұрақ туындаса, онда кез-келген білімді адамнан сұрап ала беретін еді, мұнымен бірге оның мазхабы сұралмайтын. Ибн әл-Хумәм өзінің «әт-Тахрир» кітабында былай деп жазады: «Олар (төртінші ғасырдың адамдары) өздерінің сұрақтарын бір мазхабтың муфтийін іздемей-ақ, алдымен бір ғалымға, кейін басқа ғалым қойа беретін еді!»

Сонымен қатар, шейх әд-Дахләуи өзінің «Худжәту-Ллаһи әл-бәлиға» 1/153-155 кітабында Ибн Хазмнің (х.ж. 456 ж. қайтыс болды) сөздерін келтіреді: «Тақлид – тыйым салынған (харам)! Пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) пікірінен басқа дәлелмен бекітілмеген біреудің пікірін қабылдауға ешбір адамға рұқсат етілмейді! Бұл туралы Аллаһ Тағала айтады: **«Раббыларыңнан сендерге түсірілгенге бой ұсыныңдар да, Одан өзгені дос тұтып ілеспеңдер!»** (әл-Ә'раф сүресі, 3 аят).

Сондай-ақ Ол тағы былай деді: **«Аллаһ түсіргенге бой ұсыныңдар делінсе, олар: «Жоқ, үстінде ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз» деді»** (әл-Бәқара сүресі, 170 аят).

Ал тақлид қылмағандарды Аллаһ Тағала қолдап былай деді: **«Сондай сөзге құлақ салып, сонда оның ең көркеміне ілесетіндер, міне солар – Аллаһ өздерін тура жолға салғандар. Міне солар, ақыл иелері»** (әз-Зумәр сүресі, 18 аят).

Онымен қоса Аллаһ Тағала тағы былай дейді: **«Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаһқа, Ахирет Күніне иман келтірген болсаңдар»** (ән-Ниса сүресі, 59 аят).

Аяттан көріп тұрғанымыздай, Аллаһ Тағала егер таласқа түссек, онда Құран мен Сүннеттен басқа ешнәрсеге жүгінуге бұйырған жоқ. Демек, адамдардың пікіріне жүгіну – бұл харам, өйткені бұлар Құран да емес, Сүннет те емес. Бір адамды өздерінің арасынан таңдап алып, барлық таласты мәселелерде оған ғана жүгінуге тыйым салынғандығына байланысты сахабаларды иджмә'сы (бірауызды келісім) болғаны туралы сенімді хабар жеткен. Дәл солай табиғиндердің – ең біріншісінен бастап, ең соңына дейін, иджмә'сы бар, одан кейін – табиғиндердің шәкіртерінің иджмә'сы.

Әбу Ханифаның сөздерінен өзінің дінін жасап алып, басқа ғалымдарға қарамастан, тек сонымен ғана шектелген адам білсін! Имам Мәлик немесе әш-Шәфи'и немесе Ахмадтың сөздерінен өзінің дінін жасап, басқа ғалымдарға қарамастан, тек сонымен шектеле отырып, Құран мен Сүннетте келген нәрсеге сүйенбеген әрбір адам білсін! Ол Исламның ең жақсы заманындағы барлық мұсылман ғалымдарының – алғашқы үш ұрпақтың иджмә'сын бұзғанын білсін! Бұл адам ешқашан еш жерден өзіне сылтау немесе алғашқы мұсылмандардан мысал келтіре алмайды! Сондықтан, мұндай адам иман келтіргендердің жолында емес. Мен Аллаһтан мұндай жағдайдан сақтауын сұраймын! Бұған қоса, ғалымдардың өздері тақлидті теріске шығарғаны бәрімізге мәлім, демек тақлид қылушылар тіпті өздерінің имамдарына қарсы шығып тұр!»

Сонымен бірге, осы айтылғандармен қатар имам әл-‘Изз ибн ‘Абду-Ссәләмнің «Қауә’ид әл-әхкәм фи мәсалих әл-әнәм» кітабында және шейх Салих әл-Фуләнидің «Ийқаз әл-химәм» деген кітаптарынан қызықты мәліметтер таба аласыз.

Муққалидтер қандай фанатизм мен ынтамен өз мазхабтарының үкімдеріне жабысатынына қатты таң қалуға болады! Мысалы, кейбіреулер мазхабының бір үкіміне соқыр ереді, тіпті оның сүйенген пікірі дәлелге негізделмеген, әрі дұрыс пікірге қайшы келсе де. Тіпті, олар Аллаһтың елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ізінен ергендей осы қате пікірге соқыр ілеседі. Ал мұндай нәрселер ақиқатқа анық сай келмейді, әрі сау санаға сыймайды.

Біз талай рет көзімізбен де, өзіміздің тәжірибемізден де байқағанымыз: муқаллидтер өз имамдары қателесуі мүмкін емес, олардың айтқаны – бұл еш күмәнсіз ақиқат деп есептейді!³⁸ Муқаллидтің жүрегінде өзінің имамын ешқашан тастамаймын деген сенім болады, тіпті егер оның пікірін жоққа шығаратын дәлел әкелсе де. Мұндай құбылыс келесі айтылған хадиске сайма-сай келеді. Әт-Тирмизи (х.ж. 279 ж. қайтыс болды) және де басқа ғалымдар ‘Ади ибн Хәтимнің сөзін жеткізеді: *“Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) мына аятты оқығанын естідім: «Олар (яһуди, христиандар) ғалымдары мен машайықтарын Аллаһтан өзге Раббы ретінде алды» (әт-Тәубә сүресі, 31 аят). Сонда мен: “Ей Аллаһтың елшісі, христиандар мен яһудейлер оларға құлшылық қылмайды ғой!”*, - дедім. *Пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай жауап қатты: «Шынында, олар бір нәрсені рұқсат етсе, олар да оны рұқсат деп санады, ал егер бір нәрсені тыйым салса, олар да мұны тыйым салынған деп санады. Оларға құлшылық етті дегеніміз міне, осы»”*. Әт-Тирмизи 5/278, әт-Табәри 10/81, әл-Бәйхақи 10/116. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия мен шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деді.

³⁸ Қазіргі таңдағы муқаллидтердің бірі Захид әл-Кәусариді (х.ж. 1371 ж. қайтыс болды), Аллаһ оны Өз Мейіріміне алсын, ғалымдар, оның ішінде шейх Ибн Баз былай деп атады: «Әбу Ханифа мазхабымен есі ауысқан (мәджнун)». Ол кісі Әбу Ханифа мазхабына сәлде болса қайшы келген әһлю-Суннаның барлық ғалымдарын даттағанымен аты шыққан. Мәселен, ол имам Ибн Хузайманың танымал кітабы «Бірқұдайшылық кітабын» көпқұдайшылық кітабы деп атады.

Ол кісі үшін Шейхул-Ислам Ибн Тәймия – адасқан, ал Ибн әл-Қайим – бидғатшы, есек және күпірлікке түскен өтірікші. Имам әш-Шәукәни ол үшін Ислам мен мұсылмандардың жауы. Егер Хафиз Ибн Хаджәр көшеде әйелді кездістіріп қалып, оның ізінен қалмай үйіне дейін барып және үйінің қасында әйелдің әдемі емес екенін көрсе, онда кейін қарай қайтты деп айыптайды.

Бұл кісінің Сүннет имамдарына жала жауып, көптеген лас сөздер айтқанын әлі де тізіп шығуға болар еді. Тіпті, ол имам Бухари, Ахмад, Ибн Қудамә мен басқа көптеген имамдарға жала жапты. Онымен қоса, ол пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сахабасы Өнәсті хадистің мағынасын өзгертті деп айыптады. Әбу Ханифа мазхабына қайшы келетін ең сенімді хадистер жинағы әл-Бухари мен Муслимде келтірілген хадистерді жалған деді.

Әһлю-Сунна ғалымдарын даттайтын танымал еңбектерінің ішінде «әт-Таниб» және «әл-Мәқалят».

Осы жоғарыда айтылғандардың негізінде қазіргі кездегі әһлю-Сунна ғалымдары ол кісі мен оның шәкірті ‘Абдул-Фәттах Әбу Ғуддадан сақтандырды, ол өзінің ұстазын үнемі қолдап қоллаштайтын.

Шейх Ибн Баз әл-Кәусариді пасық күнәһар десе, шейх әл-Әлбәни оны бидғат жақтаушысы деп атады. Сондай-ақ, шейх Бәкр Әбу Зайдтің «Бәраату аһли-Сунна минәл-уақи’ати фи ‘уләмә-ил-уммә» атты кітабын қарап шығыңыз.

Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа біреудің жолын ұстанған әрбір адам білімнен жұрдай адасқан болып есептеледі

Әй мұсылмандар! Егер біз Аллаһ Тағала бағыныңдар деп бұйырған, күнәсіз Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисінен хабарымыз бола тұрып, белгілі бір адамның мазхабына еретін болсақ, онда бізден асқан әділетсіз кім бар, әрі әлемдердің Раббысының алдында тұратын Күнде кешірімге үміт ете аламыз ба?! Егер кімде-кім Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа біреудің пікіріне фанаттық түрде беріліп, әрі басқа имамдардың пікірін теріске шығара отырып, тек оның ғана пікірі еруге лайықты ақиқат деп есептейтін болса, онда ол адам – білімнен жұрдай адасқан, тіпті тәубеге келу керек болған кәпір де болуы мүмкін. Егер ол тәубеге келсе, онда жақсы, ал келмесе, онда ол құрыды. Себебі егер бұл кісі адамдардың барлығы белгілі бір нақты адамға еруі тиіс, тіпті ол имамдардың бірі болсын, деп ойлайтын болса, онда оны пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) дәрежесіне қойған болып есептеледі, ал бұл – күпірлік (куфр)!

Сауатсыз мұсылман адам ғалымдардың біреуін жекелемей оның артынан еруіне болады, тіпті ол Зайд немесе 'Амр болса да.

Ал егер мұсылман адам барлық имамдарды құрметтеп, Сүннетке сай келгенін кез-келгенінен қабылдайтын болса, онда ол адам өте дұрыс істеп жатыр. Егер адам ертедегі имамдарды, мәселен табиғиндерді теріске шығара отырып, белгілі бір нақты имамға фанаттық түрде еретін болса, онда ол адам тек бір ғана сахабаның артынан еріп, басқа сахабаларды жоққа шығарған адамға ұқсайды. Дәл осылай рафидишиалар, нәсыбилер мен хауәридждер істейді. Дәл осылай бидғаттың жақтаушылары мен өз көңіл-қалауларына ергендер жасайды, ондай адамдардың терістелген, әрі ақиқаттан алыс екендігіне Құран, Сүннет пен иджмә'ның дәлелі бар.

Шейхул-Ислам Ахмад Ибн Тәймия (х.ж. 728 ж. қайтыс болды), Аллаһ оны Өз Мейіріміне алсын, өзінің фәтуәларында былай дейді: *“Егер адам ғалымдардың біріне ерсе, мысалы, Әбу Ханифа немесе Мәлик, әш-Шәфи’и немесе Ахмадқа, Аллаһ оларды Өз Мейіріміне алсын, сондай-ақ белгілі бір мәселеде басқа имамның мазхабы дұрысырақ екенін көріп, оған ерсе, онда ол дұрыс істеді және бұл ісі оның иманы мен адамгершілігіне еш кері әсер етпейді. Керісінше, мұндай әрекет пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа, белгілі бір адамның соңынан соқыр ілесетіндерден гөрі жақсырақ, әрі ақиқатқа жақын және Аллаһ пен Оның елшісіне (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ұнамдырақ. Бұған мысал ретінде Әбу Ханифаға соқыр ілесетіндерді келтіруге болады, олар тек оның ғана мазхабы ақиқат және оның соңынан міндетті түрде еру керек деп есептеп, қалған кейбір мәселелерде оның мазхабымен сәйкес келмеген басқа имамдардың мазхабына ермеу керек деп санайды. Дәл осылай ойлайтын адам – надан (джәһил), балкім кәпір де болуы мүмкін, Аллаһ бізді бұдан сақтасын!”*

«Әл-Иқнә'» кітабына түсіндірмеде автор былай дейді: *«Белгілі бір мазхабты ұстану міндетті, әрі басқа мазхабтардан бір нәрсе болса да қабылдамауға тыйым салынуына келер*

болсақ, онда біздің ғалымдарымыздың баршаға таралған пікірі – аталмыш көзқарасқа қарама-қайшы пікір болып табылады. Біздің ғалымдардың көпшілігі ешкімге белгілі бір мазхабқа еруді міндетті деп есептемейді және Аллаһ пен Оның елшісіне (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қарсы келіп, белгілі біреудің артынан ілесуге рұқсат етілмейді. Аллаһ Тағала әрбір адамға барлық жағдайда тек Өзінің елшісі Мұхаммедке (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бағынуды бұйырды ғой».

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтады: «Кімде-кім белгілі бір имамға соқыр еруге міндеттесе, ол тәубеге келуі тиіс, әйтпесе ол өлім жазасына кесілу керек³⁹, себебі бұл Аллаһтың заң орнатуына араласу болып табылады, ал бұл болса, тек Аллаһтың ғана ерекшелігі – шаригатты орнату (таухид әр-рубубия)».

Ибн әл-Хумәмнің «белгілі бір мазхабты ұстану – міндетті емес» тұжырымы

Әл-Кәмәл ибн әл-Хумәм өзінің «әт-Тахрир уә-ттақрир» кітабында ханафи фикһының негіздері туралы сөз қозғап, былай деп жазды: «Белгілі бір мазхабқа еру міндетті емес, себебі Аллаһ пен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) міндеттегенінен басқа ешқандай міндет жоқ. Аллаһ Тағала да, Оның елшісі де (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) адамдардың ешқайсысын белгілі бір имамға еріп, оған еліктей отырып, дін мәселесінде тек оның ғана пікіріне сүйенуге міндеттеген жоқ. Исламның алтын ғасырларында белгілі бір мазхабты ұстану міндеттілігі туралы әңгіме болып па еді? Бұған қарамастан, көптеген муқаллидтер: мен ханафимін, мен шафигимін және т.б. алайда олар өздерінің имамдарының сенімдері туралы түк білмейді. Адам сөзді тек айтып қана, оның мағынасын іске асырушы бола қалмайды ғой. Бұлай деп айту: «мен фақиһпін», «мен жазушымын» деген сөз сияқты, бірақ та бұл сөздерді айту арқылы адам ондай бола қалмайды. Қалайша ол абстрактілі шақырулар мен бос сөздері арқылы имамның шәкірттерінің қатарына жататындығына талаптана алады?»

Әл-Фуләни өзінің «Ийқаз әл-химәм» кітабында «муқаллид» (соқыр ілесуші) мен «муттаби'» (ізбасар, шәкірт) сөздерінің айырмашылығын түсіндіріп былай деді: «Муқаллид – ол Аллаһ пен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұйрығын сұрамай, тек өзінің имамының пікірін сұрайтын адам. Егер тіпті оның имамының ілімі Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайшы келгені белгілі болса, онда ол мұндай жағдайда да оларға сүйенбейді. Ал муттаби'қа келер болсақ, ол ең алдымен Аллаһ пен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұйрығын сұрайды, өзінің мазхабының немесе басқа біреулердің пікіріне қызықпайды. Егер белгілі бір проблемаға жолықса, онда ол өзінің

³⁹ Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтқандай, егер адам Аллаһ пен Оның елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) міндеттемеген нәрсеге саналы түрде басқа адамдарды міндеттесе, онда ол күпірлікке түседі, себебі Аллаһ және Оның елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) дінде заңдастырмаған нәрсені ол келіп заңдастырып жатыр. Сондай-ақ егер оған дәлел жеткізгеннен соң тәубесіне келмей, бұрынғысынан бас тартпаса, онда мұсылман басшысы оны діннен қайтқан деп өлім жазасына кесу керек.

мазхабының ғалымын іздеп жүрмейді, керісінше өзінің сұрағын кез-келген лайықты ғалымға қоя береді. Ол басқа ғалымдардың пікіріне тыңдамай, тек «өзінің» ғалымы үйреткен түріндегі Исламды ұстану міндетті деп санамайды. Кейінгі мұсылман ұрпақтарына біткен тақлид пен Исламның алғашқы ғасырларындағы сәләфтарға ерудің (иттибә') айырмашылығы міне осындай».

Шариғатта «тақлид» деп дәлелге негізделмеген белгілі бір адамның пікірін қолдануды білдіреді, әрі бұл шариғатта – тыйым салынған!

«Иттибә'» – бұл қажетті дәлелі бар біреудің пікірін қолдану. Осылайша, Аллаһтың дінінде соқыр ілесу – тақуалы іс емес, ал еру - қажеттілік. Егер муфтийдің көзқарасы қате болуына қарамастан, қарапайым адам (тіпті жалпы ислами білімі жоқ) оның пайымдауын қабылдауы мүмкін болса, тіпті міндетті болса, онда егер оның пікірі пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисімен бекітілген болса, онда неге оның пікірін қабылдамасқа?!

Егер Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне пәленше мен түгенше сай амал еткені үшін ғана, Сүннетке сәйкес амал ету рұқсат етілді десек, онда бұл ұлы өтірік болады! Сондықтан Аллаһ Тағала Өзінің елшісін (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) адамдар арасында дәлел, әрі айғақ қылды, ал қарапайым адамдардың арасынан Аллаһ Тағала ешкімді Сүннеттен нені алып, нені алмау керектігін көрсететін шешуші қазы, төрешіні тағайындаған жоқ! Хадиске сәйкес амал еткен немесе хадис жөнінде ойланған соң, соның негізінде фәтуә шығарған адамның адасу ықтималдылығы екі талай. Әлбетте бұл жағдай тек иджтиһад (дербес зерттеу арқылы өзінің білімінің негізінде діни мәселеде бір шешім шығару) құқығына ие адамға қатысты. Егер мұндай құқықтық ерекшелік болмаса, онда Аллаһ Тағаланың келесі сөздері негізінде амал ету керек: **«Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар!»** (әл-Әнбия сүресі, 7 аят).

Назар аударыңыздар, егер бір адам фәтуәға мұқтаж болса және оған кітап беріліп, әрі оның ішінде өзінің іздегені табылса, онда ол адамға осы кітаптағы муфтий немесе шейхтің сөзіне сүйенуіне рұқсат етіледі ме?⁴⁰ Егер йә болса, онда сенімді жеткізушілер пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзі негізінде жазғандарына сүйену – тіптен, рұқсат етіледі!

Ал егер біреу жоққа шығаруын жалғастырып, жаңағы адам хадистің мағынасын дұрыс түсіне алмайды десе, онда мен былай жауап беремін: «Ол кісі фәтуәсы бар кітапты оқып, оны түсінбесе ше? Онда ол не істеу керек?» Менің сұрағыма: «Ол

⁴⁰ Сенімді кітаптарда келтірілген хадиске немесе сахабалардың мен имамдардың сөздеріне сүйену, рұқсат етіледі, тіпті дәйек ретінде жүреді. Имам Ибн Бурхан «әл-Әусат» кітабында былай жазады: “Барлық ислами фақиһтер хадиспен амал ету үшін хадисті жеткізушіден тікелей есту міндетті емес деп есептейді. Егер көшірме (кітап) сенімді болса, оған сәйкес амал етуге рұқсат етіледі, тіпті ол тікелей автордың өзінен естімесе де”. Қараңыз: «Шәрх әт-Тақриб» 49.

Шейх әл-‘Изз ибн ‘Абду-Ссәләм «Джәуәбу суәл» кітабында былай дейді: «Фақиһтен сенімді, әрі берік кітаптарға келер болсақ, оларға сүйеніп, сілтеме жасауға біздің кезіміздегі ғалымдар бірауыздан келіскен, себебі иснадпен жеткен хабарлар секілді бұлар да сенімге лайық. Сондықтан адамдар грамматика, тілтану, медицина және басқа да ғылымдардағы танымал кітаптарға сүйенеді. Олардың бұлай істеуінің себебі – бұл кітаптар сенімге лайықты, әрі бұрмалаудан аулақ».

фәтуәны түсіндіріп беретін адамды іздеп, содан сұрасын», - деп жауап берсе, онда мен: «Егер ол хадисті оқып, дұрыс түсінбесе, онда неге дәл солай істей салмайды?», - деймін. Ол хадисті түсіндіріп беретін адамды тауып алың!!! Сүннет – дәлел ретінде салыстыру (қияс)⁴¹ мен иджтиһадтан гөрі дәрежесі биік екендігі бәрімізге белгілі ғой, міне сондықтан, белгілі бір адамның пайымдауына, тіпті ол ғалым болсын, сүйенгеннен гөрі, хадиске сәйкес амал ету дұрыс болып табылады.

Ұлы ғалым Ибн Нуджәйм (х.ж. 970 ж. қайтыс болды) өзінің «әл-Бәхр әр-Раиқ» кітабында былай деп жазды: «Салыстырудан (қияс) гөрі, нақтылы мәтінге (Құран мен Сүннет) негізделіп, амал ету дұрысырақ. Анық хадистің болуы, оны қолдану мен оның негізінде амал етуге міндеттейді!»

Осылайша, хадиске сәйкес амал ету соншалықты пайдалы – саналы адамның өз дініне пайдалы нәрселерді табады деген пікір барлық ғалымдардың пікірі. Имам Әбу Ханифа, Аллаһ оған разы болсын, фәтуә шығарған кезде былай дейтін: «Бұл – бізге білуге сәтті түскен нәрселер. Егер біреу біздікінен гөрі анығырақ түсіндірме тапса, онда ол ақиқат болуға лайықтырақ». Бұны әш-Шә’рани өзінің «Танбих әл-муғтаррин» кітабында жеткізген.

Шейх ‘Али әл-Қари (х.ж. 1014 ж. қайтыс болды) ханафи мазхабын ұстанғанына қарамастан, тақлид туралы былай деді: «Мұсылман адамға ханафи немесе шафиги, малики немесе ханбали болуға қажеттілік жоқ. Ал қарапайым адамға, егер ол білімге ие болмаса, онда ол кез-келген Құран мен Сүннет білгірінен сұрауы қажет! Төрт имам – дәл сондай білгірлер. Сондықтан айтады ғой: «Кімде-кім ғалымға ерсе, Аллаһпен толыққанды, әрі зақымсыз кездеседі». Ал әрбір еңбекке жарамды мұсылман пайғамбарлардың мырзасы – біздің пайғамбарымыз Мұхаммедке (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) еру міндетті».

⁴¹ Қияс (салыстыру арқылы пайымдау жасау) – фикһ ғылымында қорытынды шығарудың танымал әдісі. Көптеген ғалымдар белгілі бір мәселені зерттеген кезде Құран мен Сүннеттен дәлел таба алмаса, қияс жасайды. Осылайша, көптеген ғалымдарда (бірақ бәрінде емес) дереккөздің реттілігі келесідей: «Құран мен Сүннет, одан кейін иджмә’, содан соң қияс». Қажеттілік болған шақта салыстыруды қолдануға көптеген нұсқаулар бар.

Дегенмен, қияс әрдайым рұқсат етіле бермейді, сондықтан қиястың 2 түрі бар: рұқсат етілетін және тыйым салынатын.

Ибн Мәс’уд айтады: «Егер дін мәселесінде қиясқа сүйенетін болсаңдар, онда сендер көптеген тыйым салынған нәрсені рұқсат етіп, көптеген рұқсат етілген нәрсені тыйым салып аласыңдар!» әл-Хатыб “әл-Фәқиһ уәл-мутафәқиһ” 180. Бұл хабар сенімді.

Сондай-ақ Мәсруқ былай деді: “Дінде қияс пен өзіндік пікірден абай болыңдар!” әд-Дәримі 1/191.

Зерттеліп жатқан мәселеде Құран мен Сүннеттен дәлел болған кезде қияс (салыстыру) тыйым салынады, ондай кездерде тек дәлел ғана қолданылып, ал қияс орынсыз болып қалады. Дәл осы дереккөздің реттілігі бұзылған кезде, оның ішінде Құран мен Сүннет мәтіндері бола тұра, қияс пен иджтиһад жасауды бірінші кою – кейбір мазхабтар мен фәқиһтердің адасуы болып табылады, бұны барлық уақыттағы ғалымдар теріске шығарған болатын.

Ғалымдар айтқандай, ең бірінші тыйым салынған қиясты қолданған – Ібіліс. Аллаһ Тағала Адам атаға бас иіюдi талап етіп, екіұшты емес, анық бұйрық берген кезде ол бас тартып, былай қияс жасады: «Адам топырақтан жаратылған, ал мен – оттан. От топырақтан едәуір маңызды болса, онда оған бас июге де болмайды». Имам Ибн Джәрир әт-Табәри (х.ж. 310 ж. қайтыс болды) мына аяттың: «(Аллаһ Ібіліске): “Мен саған әмір еткен кезде сені бас иіюден етуден не тыйды?” деді. Ол: “Мен одан артықпын! Мені оттан жаратып, оны балшықтан жараттың” деді» (әл-А’раф сүресі, 12 аят) түсіндірмесінде былай деді: “Хасан әл-Бәсри мен Ибн Сириннің айтулары бойынша, ең бірінші қате қияс жасаған Ібіліс”. Қараңыз: “Тәфсир әт-Табари” 5/438.

Сондықтан ғалымдардың айтуынша, анық, айқын аяттар мен хадистерді жоққа шығарып, қияс жасауға иек артса, онда «олар Ібілістің іліміне ереді». Қараңыз: “Тәфсир әл-Қуртуби” 7/152, “Тәфсир Фәтх әл-Қадир” 2/281.

Мазхабқа соқыр ілесудің себебінен түсініспеушілік пен келіспеушілік пайда болды

Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) белгілі бір әрекеттің бірнеше нұсқасы келіп, әрі оның қайсысы ескірген, қайсысы күшін жойған екенін білмеген жағдайда барлық белгілі түрлерін қабылдау қажет, кейде біріншісіне сай істеп, кейде басқа нұсқаларына сәйкес жасауға тиіс! Міне, осы кезде сен пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жасаған нәрсені жасаған боласың, оның толық мағынасындағы ізбасары боласың. Ал егер тек бір ғана түрімен шектеліп, басқасын – қалдырсаң, онда сен Сүннеттен сенімді жолмен келген нәрсені тастаған боласың!!! Ал бұл - өте қатты ауыр әрекет!

Немесе егер сен тура мағыналы, анық хадистерден ауытқып, өзіңе сылтаулар әкеле бастасаң, ақиқаттан ауытқуыңа қатер бар, тіпті сен оны сезбей де қаласың. Ешқашан өз нәпсісінен айтпаған, керісінше тек оған уахи етілген нәрсеге сәйкес айтатын елшінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сенімді түрде жеткен сөзін мұсылман адам – Аллаһтың құлы қалайша жоққа шығарады? Дәл осындай, Сүннеттің бір жерін алып, қалған басқа жерін тастау деген көңіл-қалауына еру пайда болғаннан бастап, мұсылмандарды бөлетін мазхабтар да пайда болды. Олар: «Бізде мынадай, ал сендерде - басқаша», «сендердің кітаптарың, біздің кітаптар», «сендердің мазхабтарың және біздің мазхаб», «біздің имам және сендердің имамдарың» деген сияқты сөздерді айтатын болды. Осы жерден бастап өзара өшпенділік пен бір-біріне деген дұшпандылық басталды, нәтижесінде мұсылмандардың құлдырауы келіп, бір тұтас үммет бөлшектенді, ал өздері болса, жауыз патшалар мен жат елдің «жеміне» айналды⁴².

Әһлю-Сунна имамдарының барлығын біздің имамдарымыз деп неге мойындамасқа, Аллаһ олардың барлығына разы болып, бізді солармен бірге қайта тірілуімізді нәсіп етсін?

Соқыр ілесетіндерге қандай өкініш! Ей Аллаһ Тағала, бізді де, оларды да тура жолға сала гөр!

Егер осы мәселені мұқият бақыласақ, онда саған мына нәрсе анық түсінікті болады: мазхабизм модасы Ислам жауларының көмегімен болғанын, әрі кең етек жаюына себепші болғанын білесің, олар мұсылмандардың ынтымағына сызат түсіру арқылы бөліп жіберуді қалайды. Бұл яһудейлер мен христиандарға ұқсайтын надандардың туындысы, себебі мұндай құбылыс оларда да болған. Барлық уақытта, әрбір заманда фанаттық дәрежедегі надандар көп болған. Олар әділетсіздікпен ерекшеленеді, әрі ақиқат пен жалғанды айыра алмайды.

⁴² Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтады: “Аллаһ Тағала нәтижесінде татар-моңғолдарға мұсылмандардың үстіне билік жүргізуіне мүмкіндік беруінің себептерінің бірі – шығыс мемлекеттерінің мазхаб мен басқа да мәселелерде көптеген бөлінушілік пен өзара қарама-қайшылықтарға батқандығы”. Қараңыз: “Мәджму’ул-фәтәуә” 2/250.

Ибн ‘Абдул-Бәһр (х.ж. 463 ж. қайтыс болған) мен Ибн Тәймия, Аллаһ оларды Өз мейіріміне алсын, сияқты ұлы ғалымдар былай деді: «Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) пікірі бар болса, басқа ешкімнің пікірі болмауы тиіс. Сүннетті алып, оған амал ету дұрыс болып табылады. Дәл осылай әрбір мұсылман істеуі керек! Ең бірінші кезекте хадис мәтінін қоюдың орнына, өзінің пікірі мен мазхабын қоятын муқаллидтер сектасы секілді істемеу керек. Құран мен Сүннетке ақыл-ойдың пайымдауын, жеке көзқарас пен фанатизмді қарама-қайшы қоюға болмайды, себебі мұның бәрі – шайтаннан. Мәселен, сенімді хадистерді орындауға келіспейтін кейбіреулер түрлі айдаларға барып былай дейді: «Мүмкін біздің имам бұл хадисті білген шығар, бірақ бұл хадиске амал етпеген, өйткені хадистен ақау тапқан болуы мүмкін! Немесе оған басқа дәлел кездескен шығар!» Сондай-ақ, олар осындай жағдайда фәқиһ-фанаттар тобы қолданатын сылтаулар айтады, ал муқаллидтерден болған надандар бұның барлығын тыңдайды. Сен осыны түсін!»

‘Умар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ оған разы болсын, былай дейді: «Сүннет – бұл Аллаһ пен Оның елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) заңдастырған нәрсесі. Қате болуы мүмкін болған өзіңнің жеке пікіріңді ислам үмметіне заң қылып орнатпаңдар!»

‘Умарға жоғарыдан уахи келіп, осындай жағдай болатынын ескерткен сияқты екен және ол да алды бұрын сақтандырған секілді.

Біздің заманымызда Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайшы келетін пікірлер мен Аллаһтың Кітабындағы бұйрықтарды бұзатын нәрселерді көріп жүрміз! Ал кейбір адамдар осындай пікірді заңға айналдырады, оны дін деп есептеп, даулы жағдайларда оларға қайтады да, мұның барлығын мазхаб деп атайды! Ұлы Аллаһпен ант етемін, мұның барлығы – Ислам мен мұсылмандарға жұққан бақытсыздық пен қақпан, фанатизм мен шектен шығушылық. **«Шын мәнінде, біз Аллаһқа тәнбіз, әрі Оған қайтушымыз!»** (әл-Бәқара сүресі, 156 аят).

Имам ‘Абдур-Рахман әл-Әуза’и, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, айтады: “Сәләфтардың ізінен ер, тіпті егер барлық адамдар сенен бас тартса да. Адамдардың пікірінен аулақ бол, тіпті егер олар өз сөздерін әдемі етіп көрсетсе де”.

Биләл ибн ‘Абдуллаһ ибн ‘Умар өз әкесі ‘Абдуллаһ ибн ‘Умардан, Аллаһ оларға разы болсын, бір күні пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізеді: **«Аллаһтың күңдеріне мешітке баруға тыйым салмаңдар!»** Бұл хадиске Биләл: “Маған келер болсақ, мен өз әйелдеріме бұны тыйым саламын, ал кім қаласа, рұқсат ете берсін”, - деп қарсы сөз айтты. Сонда Ибн ‘Умар оған бет бұрып былай деді: «Аллаһ сені лагінет етсін, Аллаһ сені лагінет етсін! Мен саған Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұны тыйым салмаңдар деп жеткізіп тұрсам, ал сен: Мен бәрі-бір тыйым саламын деп тұрсың!» Осыдан соң Ибн ‘Умар жылап, қатты ашулы күйде ол жерден кетіп қалды⁴³.

⁴³ Шейх әл-Мә’сумидің келтірген бұл хадисін имам әл-Хәким мен әт-Табәрани жеткізген және оның иснады сенімді. Ал бұл хадистің негізі Мұслимде 4/162 келген. Бұл хадистің басқа нұсқасында, Ибн ‘Умар өзінің ұлын сондай сөздермен балағаттаған, тіпті сол уақытқа дейін Ибн ‘Умардан ондай сөздерді ешкім естімеген және ұлымен өле-өлгенше сөйлеспеген. Ахмад 5/194, Ибн Хузаймә 1684.

Аллаһ Тағала барлық сахабаларға разы болсын!

Имам Әбу Ханифаның (басқалардың да) мазхабы – бұл Құран мен Сүннетке сәйкес амал ету

«Әл-Хидая» кітабының авторы мынадай тарихи дерек келтіреді. Бір күні имам Әбу Ханифадан, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, былай деп сұрады: «Егер сіздің пікіріңіз Аллаһтың Кітабына қарсы келсе, не істейміз?»

Ол: *«Онда менің пікірімді тастаңдар да, Аллаһтың Кітабындағын алыңдар»,* - деді.

Әлгілер былай деп жалғастырды: «Ал егер сіздің пікіріңіз Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөздері мен істеріне қарсы келсе, не істейміз?»

Ол: *«Онда мен пікірімді тастаңдар да, Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жеткен хабарды алыңдар»,* - деп жауап қатты.

Әлгілер сұрағын жалғастырып: «Ал егер сіздің пікіріңіз сахабалардың сөзіне қарсы келсе ше?» - деді.

Имам Әбу Ханифа былай деп жауап берді: *«Менің пікірімді тастаңдар да, сахабалардың сөздерін алыңдар».*

Әл-Бәйхақи (х.ж. 458 ж. қайтыс болған) өзінің «әс-Сунан» кітабында имам әш-Шәфи'идің, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, мынадай сөздерін жеткізеді: *«Егер мен бір сөз айтсам және мұны Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөздеріне қарсы келгенін көрсеңдер, онда хадисті алыңдар! Сондай-ақ, маған еліктемеңдер!»*

Дәл осындай мәтіндегі имам әш-Шәфи'идің сөздерін имам әл-Харамәйн жеткізеді.

«Әл-Кәфи» кітабында былай делінген: *«Егер муфтий-муджтәһид белгілі бір мәселеде шешім шығарса және бұл шешім Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисіне сай келмейтіні бекітілген болса, онда хадиске сәйкес амал ету қажет, себебі елшінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзі муфтийдің сөзінен төмен емес. Өйткені сенімді хадис өзінің маңыздылығы жағынан муфтийдің сөзімен салыстыруға келмейді. Егер муфтийдің пікірі шариги дәлел ретінде жарайтын болса, онда Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзі одан гөрі артығырақ, әрі лайықтырақ».*

Ұлы ғалым Ибн әл-Қайим (х.ж. 751 ж. қайтыс болған) өзінің «И'ләм әл-мууәққи'ин» 1/77 кітабында былай дейді: *“ Әбу Ханифаның, Аллаһ оны Өз мейіріміне*

Шынында, сахабалардың дінге деген қызғанышы мен Сүннетке деген ілесу өте ұлы болған! Хафиз Ибн Хаджәр осы хадистің түсіндірмесінде былай дейді: *“Бұл хадистен өз пікірі негізінде Сүннетті теріске шығарған және өз көңіл-қалауына сүйеніп, ғалыммен таласқан адам айыпты болатындығы туралы пайда алынады”*. Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 2/349.

алсын, ізбасарлары салыстыру (қияс) мен белгілі бір адамның пікірінен гөрі, тіпті әлсіз хадистің өзі артығырақ деген пікірде бірауызды келіскен”.

Сондықтан, біздің кезімізде хадиске сай амал етпеу керек дейтіндер – Аллаһтың дәлелін теріске шығаруға ұмтылған адам болып есептеледі. Шынайы мұсылман олай істемейді.

Ал егер біреу хадисті дұрыс түсінуге мүмкіндігіміз жоқ деп сылтаурататын болса, онда мен онымен келіспеймін! Сүннет қалайша түсініксіз болмақ?! Аллаһ Тағала Өзінің Кітабын адамдар онымен сәйкес өмір сүрсін, Өз елшісін (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Құранды түсіндірсін деп жіберді ғой. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Адамдар үшін түсірілген Ескертуді ашық баян етерсің деп, саған Құранды түсірдік»** (әл-Нәхл сүресі, 44 аят).

Адамдарға түсіндіруші ретінде келген пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөздері баяғыда өмір сүрген бір-екі имамнан басқа қалған адамдарға түсініксіз деп қалай айтуға болады? Керек десеңіз, олардың сенімі бойынша, дәл осы уақытта хадистер жалпы адамдардың барлығына түсініксіз, себебі олардың ойынша, бірнеше ғасыр бойы жер бетінде муджтәһид жоқ, әрі «иджтиһәд есігі мүлдем жабық-мыс». Мүмкін мұндай сөздер қарапайым халыққа өздерінің көзқарасы ашылып қалмауды тілейтін адамдардың аузынан шығып жатқан да шығар, себебі олардың көзқарасы Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне қарама-қайшы келеді ғой.

Мұндай адамдардың әдісі өте қарапайым: алдымен олар муджтәһид дәрежесіне жетпегендердің барлығы Құран аяттары мен хадистерді түсіне алмайды деді. Кейіннен иджтиһәд есіктерін «жауып», біздің уақытымызда муджтәһид өмір сүруі мүмкін емес деп мәлімдеді! Осыдан соң, олар аяттар мен хадистер түсініксіз, демек оларды оқып-үйрену де қажеті жоқ дегенін аңғару қиын емес!

Ұлы имамдардың кезеңі біткеннен соң иджтиһәд қылуды тыйым салудың басқа да объективті себептері де болуы мүмкін. Мысалы, кейбір фәқиһтер бұл тыйымды адамдар мазхабтарды салыстырып, біреуін басқасынан артық көре отырып, мына мазхаб Құран мен Сүннетке жақынырақ деп есептемес үшін қолданды. Ал басқалары, бұл тыйымды бір мазхабтан екінші мазхабқа өтпес үшін, немесе мазхабтардың ішінен өзіне жеңіл, әрі ыңғайлысын іздемес үшін қолданды. Бір сөзбен айтқанда, адамдар өзіне ұнаған мазхабын іздемес үшін қолданды.

Білім мен ақыл иелері үшін мұндай «жақсы ниеттер» Аллаһтың дінімен ортақ емес екені түсінікті, әрі оларға бұл құпия емес. Сондай-ақ, олардың көбісі дұрыс мағына мен діни дереккөздердің мазмұнына қайшы келеді. Бұған қарамастан, көптеген ғалымдар Аллаһ елшісіне бағынуда ауытқып жатқанын көрудеміз, бұл міндетті (парыз) болса да. Олар сенімге лайықты, әрі дұрыс иснадқа ие адамдардың жеткізген пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзіне назар аудармайды. Есесіне, өз кітаптарында жазылған мазхаб имамы туралы әңгімелерді қабылдауға дайын, тіпті ол әңгіменің ешқандай иснады болмаса да! Ал егер имамның

пікірін хадис пен Құран аятына салыстыруға кішкентай ғана талпынған адамды байқаса, онда оны адасқан бидғатшы деп санайды.

Шынында, әрбір мұсылман пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сенімді жолмен жеткен сөзіне сәйкес амал етуі тиіс, ал егер ол осыған қарама-қарсы келсе, онда олардың жағдайы қызығарлықтай емес, өйткені Аллаһ Тағала былай дейді: **«Оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын»** (ән-Нур сүресі, 63 аят).

Егер белгілі бір хадис сенімді екені анықталса, онда мұсылман адам мазхабқа соқыр ермей, әрі тақлид жасамауы керек. Ал егер олар бәрі-бірде қасарысатын болса, Аллаһ айтқан келесідей адамдарға ұқсайды: **«Кітап берілгендерге әр түрлі мұғжизаны келтірсең де, олар сенің Қыблаңа ілеспейді (қосылмайды)»** (әл-Бәқара сүресі, 145 аят).

Мұсылман адам хадисті алып, қабылдау керек және хадисті «өзге» мазхабтан жеткізілгендігі үшін қалдырмауға тиіс. Аллаһ Тағала айтып еді ғой: **«Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, пайғамбарға қайтарыңдар»** (ән-Ниса сүресі, 59 аят).

Таласты мәселелерде елшінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзіне қайтару да қабылдауға жатады. Егер имамдардың арасында келіспеушілік пайда болса, елшінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзін алу қажет.

Муджтәһид дұрыс айтуы да, қателесуі де мүмкін, ал пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қателіктерден сақталған

Тақлид жақтаушылары қателеспейтін адам болмайтынын білетіні таң қалдырады, кез-келген муджтәһид қателесуі де, дұрыс айтуы да мүмкін. Тек пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ғана қателіктерден сақталған! Олардың сенімі – міне, осындай жағдайда ғана қалған мұсылмандардың сенімімен сәйкес келеді. Дегенмен, бұған қарамастан, олар іс жүзінде өздерінің муджтәһидтерінің сөздеріне соқыр ілесіп, пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөздерін орындамайды. Мақұл, егер дәл өздерінің муджтәһидінің пікірінде нық тұрса екен, алайда олар өйтпін те істемейді ғой – олар қайдағы бір белгісіз адамның жазғанына ереді, тек ең бастысы – мазхабы сәйкес келсе болды!

Бұған мысал ретінде «өзеннің арғы жағындағы»⁴⁴ аймақтағы жағдайды келтірсек болады. Білімі өте аз ханафилер әл-Кәйданидің «Хуләса» деген кітабындағы бір сөзге жабысып, соның негізінде намаздағы ташаххудте сұқ саусақты көтеруді тыйым салған болатын. Алайда, бұл әрекет Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сенімді жолмен жеткен Сүннетінде, барлық сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) мен муджтәһидтер, оның ішінде имам Әбу Ханифаның және оның екі

⁴⁴ Шейх әл-Мә’асуми Орта Азияны айтып тұр, себебі ежелгі арабтар ол аймақты «Мәура-нәхр» (өзеннің арғы жағы) деп атайтын.

шәкірті – имам Әбу Юсуф пен Мухаммад әш-Шәйбәнидің бірауызды бекіткен келісімі болып табылады! Бұл сөзімді растау үшін ханафиердің бұрынғы өткен ғалымдарының кітаптарын ерекше еске салғым келіп тұр: «Мууәтта» Мухаммад әш-Шәйбәни; «Шәрх мә’ани әл-әсар» әт-Тахауи; «Фәтх әл-Қадир», «әл-’Инәя», «’Умда әл-Қари» Бәдруддин әл-’Айни және тағы басқа ханафи мазхабының маңызды дереккөздеріннен таба аласыз! Міне, бұрынғы ханафи ғалымдарының кітаптарында бұл мәселе егжей-тегжейлі қарастырылған. Сондықтан, бұған өте ерекше назар аударыңыздар!⁴⁵

Тақуалық пен Аллаһқа құлшылық қылуда үлгі тұтатындай талай адамды кездестіргенбіз, бірақ олар хадиске сай амал етуде әлсіздік танытатын. Олар бұл мәселеге онша көңіл бөлмей, тек өздерінің мазхабының кітаптарында жазылған нәрселермен ғана амал ете отырып, хадисті қабылдамауға болады деп есептейтін. Ал мұның барлығының себебі – ақиқатқа байланысты сауатсыздық еді.

Шейх Мухаммад Хаят әс-Синди айтады: *“Әрбір мұсылман адам Құран мен хадистің мағынасын тануға өз бетімен ынталанып ізденуі қажет, оны оқып, ой жүгіртіп және одан қажетті білімдер, заңдар мен қағидалар алуы керек. Ол мұндай нәрселерді өздігінен істей алмаса, міне, осындай жағдайда ғана ғалымдарға еліктеуіне болады. Мұнымен қоса, басқа ғалымдарды қалдырып, өз-өзіңді тек бір ғана мазхабпен шектемеуің керек, себебі осылай мазхабты қабылдау – оны пайғамбарға ұқсатуды еске түсіреді. Мұсылман адам осындай жағдайда, яғни ол тек қана ғалымдардың фәтуәсына сүйенетін кезде, әрбір мазхабтан ең қауіпсізін, әрі басқаларға қарағанда тыйымдар мен күмәнді нәрселерден ең алысырақ пікірді таңдап қабылдауы тиіс. Өте қысылтаяң, қажеттілі жағдайда ғана мұсылман осындай «босаңсуына» болады. Алайда, егер мұндай қысылтаяң қажеттілік жоқ болмаса, онда ең жақсысы – «босаңсуға» ермеу. Ал қазіргі кездегі авторлардың әрбір адамға белгілі бір мазхабқа еруі міндетті, онымен қоса бір мазхабтан екінші бір мазхабқа өтуін тыйым салуына қатысты айтар болсақ, бұлардың барлығы надандық, бидғат және жүгенсіздік. Біз олардың талай рет сенімді, әрі кері қайтарылмайтын хадистерді тастап, өз мазхабындағы ешқандай иснадты жоқ сөздерге жабысып айрылмайтынын көрдік”.*

Имам әш-Шәфи’и, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, айтады: *«Егер кімде-кім бір нәрсені тиіп немесе рұқсат еткен арнайы бір имамға еліктесе, әрі сенімді хадистерде оған қарама-қайшы үкім бекітілген болса және егер әлгі мұсылман Сүннетке сай амал етуден бас тартып, тақлид жасауды артық көрсе, онда ол сол арқылы әлгі муфтийді Аллаһтан басқа кумир мен тәңірге (құлшылық қылатын объект) айналдырады! Себебі ол мұндай жағдайда Аллаһтың тыйым салғанын рұқсат етіп, Аллаһтың рұқсат еткенін тыйым салады!»*

Содан кейін муқаллидпен одан сайын таң қаларлық жағдайлар орын алады! Мысалы, шариятта мынадай сұрақ бар: «Егер белгілі бір тақырыпта пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жеткен сенімді

⁴⁵ Танымал ханафи шейх Әбул-Хасан әс-Синди айтады: “Біздің имамдарымыздың көпшілігі және басқа да ғалымдар ташаххууд кезінде саусақ көтеруге байланысты хадиске сүйенеді, ал бұны жоққа шығаратын кейбір біздің жақтастарымызға келер болсақ, бұған ешқандай негіз жоқ”. Қараңыз: “Хашия ‘алә ән-Нәсаи” 2/236.

хадиске қарама-қайшы сахабалардан жеткен хабар келсе, не істейміз?» Бұған дұрыс жауап былай: егер сахаба бұл хадисті естігенде, онда міндетті түрде оған қарсыласпас еді, демек сахаба ол хадис туралы білмегені! Мазхаб пен тақлидтің жақтаушылары бұл жауапқа бізбен келісетіні қатты таңдай қақтырады.

Ал имамның айтқан сөзіне түйіспейтін хадис келсе, **олар имамның бұл хабар туралы жәй ғана білмегенін мойындаудан бас тартады!** Мұндай жағдайда олар хадисті жоққа шығаруға апаратын түсіндірме беру үшін бар күш-жігерін салып, ал кейде тіпті хадистің мағынасын бұрмалайды! Егер олар ешбір логикалық түсіндірме әкеле алмаса, әрі сен оларға: «еліктеп жүрген имамдарың бұл хадисті білмеген, себебі оны білуге мүмкіндігі болмаған» деген сыңайлы әңгіме айтсаң, бұл соқыр фанаттар сені соққыға жығуға дейін барады, сені боқтап балағаттайды, себебі мұндай қорытынды оларға өте ауыр, әрі жағымсыз! Міне, енді бұл байғұстардың сахабалар бір нәрсені білмеуі мүмкін деген ойға ерік беріп, ал өздерінің имамы бір нәрсені білмеуі мүмкін дегенді мойындай алмайтынына қара!!! Оның үстіне екі жақтың айырмашылығы жер мен көктей екенін қосып қойыңыз⁴⁶.

Олардың хадис кітаптарын оқып, «мүқият» зерттейтінін байқауға болады, бірақ не үшін? Оған сәйкес амал ету үшін емес, керісінше «берекесі (бәракет) болсын» деп оқитына түсінікті болған шығар!

Егер олардың қолына өз сенімдеріне қайшы хадис түссе, өз көзқарастарының астына тықпалау үшін барын салады. Егер оны істей алса, онда «бәлкім ізінен еретін адамымыз бұл хадисті білген шығар, әрі ол бізден бұл хадистің мағынасын жақсырақ түсінген, міне, сондықтан оны қабылдамаған» деп күмілжейді. Олар осы айтқан сөзі арқылы Аллаһтың дәлелін өздеріне қарсы қойып жатқанын байқамай ма? Ал егер олардың қолына өздерінің мазхабына сәйкес хадис түссе, олар шаттанып күлімсірейді! Бірақ Аллаһ Тағала айтқан еді ғой: **«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені шешуі би қылып, содан соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай, толық бой ұсынғанға дейін иман келтірген бола алмайды»** (ән-Ниса сүресі, 65 аят).

Санәд ибн 'Инән (Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын) «Мудауәнә Мәлик» кітабына түсіндірме жазғанда былай деді: *«Біл, саналы адам қарапайым еліктеумен қанағаттанбайды! Себебі бұл – ақымақ надан мен қырсық мигұланың үлесі. Ешкімге тақлид жасауға болмайды деп айтпаймыз. Бірақ та ғалымдардың пікірі мен дәлелін білу міндетті деп санаймыз. Ал сауатсыз адамға келер болсақ, тақлид жасау міндетті, яғни ешқандай дәлел мен айғақсыз басқа адамның пікірін (оның мазхабына қарамастан) қабылдап сену. Мұндай жолмен әрине, білім алынбайды. Тек бір ғана адамның мазхабына*

⁴⁶ Мұндай мәлімдеулермен өте көп кездесуге болады, кейбір мұсылмандар өз мазхабын ақтау тырысып былай дейді: “Сен білесің да, ал пәленше имам бұны білмеді ме?!” Йә, дәл солай! Бұл жерде не таң қалатыны бар? Көптеген сахабалар, оның ішінде Әбу Бәкр, ‘Умар, ‘Усман, ‘Алилер дін мәселелерінде кейбір сұрақтарды білмеген, оның үстіне олар пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) соңынан қалмай үнемі еріп жүруге ұмтылғанын және олар дін мәселесінде көптеген сұрақтарға жауап беретін үлкен имам, әрі ғалым болғанын қосып қойыңыз. Сонымен қатар, белгілі бір хадис бір имамға жетпеді деп айту – жақсырақ, себебі сен оған ақтау іздеген боласың, себебі үлкен ақыл-парасатқа ие имам пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) белгілі бір хадисін біліп, саналы түрде оған қарама-қайшы жүрді деп елестету өте қиын!

еру – бұл бидғат, өйткені сахабалардың кезінде ешқандай мазхаб болмағанын анық білеміз! Олардың бәрі кез-келген мәселенің шешімін тек Құран мен Сүннеттен іздегені белгілі, ал дәлел болмаған жағдайда, терең зерттеудің нәтижесінде бір қорытындыға келетін еді. Міне, дәл осылай табиғиндер де істеді. Муқаллидтердің: «тақлид баяғыдан бері белгілі» дейтіндері күлкіні келтіреді, негізінде ол тек хиджраның екінші ғасырында ғана пайда болды!»

Белгілі бір адамға еліктеп, тіпті Құран мен Сүннетке қайшы келсе де оның пікірін дін мен сенімге айналдырудан қайтарған Санәдтың (Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын) айтқанымен толық келісемін. Күдіксіз, мұның бәрі – кесірлі бидғат және мұсылмандарды бөлшектеп, араларын ажырату арқылы өшпенділік пен дұшпандық дәмін себу үшін қолданатын лағінет атқан Ібілістің жиіркенішті айласы. Сен олардың әрбірі өздерінің имамдарын соншалықты дәріптейді, тіпті Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларын өйтіп ешқашан дәріптемейтінін көресің.

Соқыр еліктеушілер бұның барлығын өздеріне дін мен сенімге соншалықты айналдырған, тіпті оларға хадис мәтіндеріне негізделген мыңдаған дәлел әкелсең де, олар сені тыңдамайды, әрі «**олар аңшыдан қашқан, қатты үркіген есек сияқты**» қашады (әл-Муддассир сүресі, 50-51 аяттар). Мекке мен Мәдина қалаларында өмір сүретін бұхаралықтар, үндістер мен түріктердің көбісі осылай істейді. Олар қолдарына тәспі ұстап, кейді мойнына тағып алады, бастарына мешіттің күмбезін еске түсіретін үлкен сәлде киеді, «Даләил әл-хейрат», «Хатам хауәджә», «Бурда» сияқты «танымал» кітаптарды оқиды, әрі бұның барлығын шынайы Исламға сай келетін нағыз діни амалдар деп есептейді⁴⁷! Енді Сүннеттен жеткен сенімді хабарларды істеуге келгенде, бас тартады!

Тағы мысал ретінде – намаздағы ташаххудте саусақ көтеруді келтірейін. Олардың ешқайсысы мұны істемейді! Мен мына кішкентай ғана амал Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сенімді Сүннетінде бар, әрі мұны ізгі сахабалар мен имамдар да жасаған, сондай-ақ бұл әрекет шайтанмен күресте оған темір шоқпардан да ауыр тиетінін айтып, талай рет «неге олай істемейсіңдер» деп олардан сұрағанмын⁴⁸. Маған олар жауап ретінде былай дейтін: біз ханафи мазхабының адамдарымыз және біздің мазхабымыз бойынша бұл іске рұқсат етілмеген, оған анық тыйым салынған! Мен оларға ханафи мазхабының ғалымдарының өзі бұл әрекетті мойындағанын айтып, ханафилік кітаптарда – имам Мухаммадтің «Мууәтгасында», имам әт-Тахауидің «Шәрх мә’ани әл-әсарында» және Ибн әл-Хумәмнің «Фәтх әл-Қадирінде» бар екенін жеткіздім.

Олар маған жауап ретінде: бұрынғы ханафилердің пікірі шынымен солай болған, бірақ кейін келген ханафилер бұл әрекетті тыйым салып, өз тәжірибелерінен алып

⁴⁷ Шейх Сәлим әл-Хиләли айтады: «Мына трактаттар мен касыдтардың барлығын оқу адамға ешқандай сауап әкелмейді, өйткені олар Сүннетке және шариғатқа қатысы жоқ. Керісінше, ол кітаптардың ішінде адасушылық, ширк пен сопылық бидғаттар болғандықтан оларды оқу – күнә».

⁴⁸ Шейх Сәлим әл-Хиләли айтады: «Ол мына хадисті айтып тұр: «**Сұқ саусақ шайтанға темірден де ауыр тиеді**». Бұл жақсы хадисті Ахмад 4/15 пен әл-Бәззар келтіреді. Бұл хадисті шейх әл-Әлбәни “Сыфәту-ссалә” 171 кітабында жақсы деп атады».

тастады, бұл туралы әл-Мәс'удидің «Китәб әс-Саләсында» және әл-Кәйдани «Хуләсанда» бар екенін айтты.

Надан адамдар осындай ақиқатқа түк қатысы жоқ бос сөздерді айту арқылы ізгілік пен кемелдікке жақындаймыз деп ойлайды. Йә, әрине олар жақындады, бірақ кемелдікке емес, шайтанға жақындады! **«Шын мәнінде, біз Аллаһқа тәнбіз және Оған қарай қайтамыз!»** (әл-Бәқара сүресі, 156 аят).

Әбу Касим әл-Кушәйри (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) айтады: *«Әрбір ақиқатқа ұмтылушының парызы – ешқашан қателеспейтінге еріп, қателесетінге еліктеуді тастау. Енді имамдарымыздан жеткен Құран мен Сүннетпен салыстырайықшы: сәйкес келетін кез-келген нәрсені – қабылдаймыз, сәйкес келмейтін кез-келген нәрсені – тастаймыз. Бізде шаригаттың негізін салушы – Заң Шығарушыға еруге нұсқау бар және Құран мен Сүннетпен салыстырмайынша түрлі фәқиһтер мен сопылардың сөзін қабылдауға ешқандай нұсқау жоқ. Дәлелден кетіп, тақлидтің жолында соқыр еретіндерге қасірет болсын. Шариги дәлелдер, фәқиһтердің түсіндірмесі, тіпті сопылардың салттары еліктеуді жоққа шығарады және белгілі бір мәселені сақтықпен зерттеп, күмәнді нәрсеге ой жүгірту үшін тоқтайтындарға мақтау айтады. Егер кімде-кім бір имамға еліктесе, әрі әлгі имамның пікірі Аллаһтың Кітабы мен Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне, бірауызды келісімге (иджмә') немесе анық рұқсат етілген қиясқа қарсы келсе және ол бұған қарамастан тақлидтің жолымен жүруді ұйғарса, онда ол «мен өз имамымның жолымен жүремін» деген сөзіне жол болсын, ол өтірік айтады! Керісінше, мұндай адам өз көңіл-қалаулары мен нәпсісінің ізімен жүрген болады. Барлық имамдар мұндай «ізбасардан» бас тартады, олар бұған ешқандай қатысы жоқ. Ол адамның имамына деген қарым-қатынасы христиандардың кітапшыларының өз пайғамбарларына деген қарым-қатынасына ұқсайды, себебі әрбір имам өз ізбасарларын дін мен шаригат негіздерін бұзудан сақтандырған болатын».*

Ақиқат тек бір ғана адамның пікірімен шектелмейді, тек Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) пікірі ақиқат болып табылады

Төрт имам муқаллидпен ортақ ешнәрсесі жоқ, ал ол имаммен ортақ ешнәрсесі жоқ, себебі ол бидғатшы (мубтәди'), өз көңіл-қалауының ізбасары, өзі адасқан және өзгелерді де адастырады. Бұда мұсылман адам еш күдіктейбейді. Бүкіл ақиқат бір ғана адамда болмайды, бір ғана адамның пікірінде болмайды, тек елшіліктің иесі, біздің мырзамыз Мұхаммед (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардан басқа. Бүткіл ақиқат оның елшілігінде.

Егер әділетті адам осы сұрақ төңірегінде сәл-пәл ой жүгіртсе, оған тақлид пен белгілі бір имамның мазхабына еш дәлелсіз еліктеу – ұлы надандық және үлкен бақытсыздық екендігін түсінеді. Сонымен қатар, бұның барлығы – көңіл-қалаулары мен фанатизмнен басқа ешнәрсе емес. Бүкіл имам-муджтәһидтер бұған қарсы болған, олардың барлығы өздерінің сөздерімен еш дәлелсіз еліктеуді жоққа

шығарған⁴⁹. Кімде-кім дәлелдің ізімен жүрсе, онда өз имамының, әрі басқа да имамдардың ізімен жүргені, демек Құран мен Сүннеттің жолымен жүргені. Осылай істеу арқылы ол өз имамының ақидасын өзгерпейді. Өз имамының және басқа да имамдардың ілімінен, тек дәлелге қайшы келетін пікірге соқыр ілесіп, қасарысып тұратын адамдар ғана бас тартады, себебі егер әлгі ғалымға сенімді хадис жеткенде, ол өз пікірінен қайтып, хадиске ерер еді. Осылайша, кімде-кім тақлидтің жолында қасарысып тұрып алса, онда ол күнәһар болып табылады, өйткені ол өз көңіл-қалауларының жетегінде жүріп, Аллаһ Тағала мен пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзінен бет бұрды. Міне, осындай жағдайда ол имаммен байланысы үзіліп, өзінің көңіл-қалауы мен шайтанның сыбайласы болады: **«Өз көңіл-қалауын тәңір қылып алғанды көрдің бе? Аллаһ оны білім негізінде адастырды және құлағы мен жүрегін бітеп, көзіне перде тастады»** (әл-Джәсия сүресі, 23 аят).

Оның жүрегінде иман сәулесі өшті. Аллаһ Тағала бізді тура жолға салғаннан кейін адастырмасын!

Әр-Раби' ибн Сулеймән әл-Джийзи айтады: *«Бір күні әш-Шәфи'иге, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, бір кісі келіп, сұрақ қоя бастады. Ал имам (жауаптың орнына) былай деді: «Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұл мәселеге байланысты былай, былай деп айтқаны жеткізіледі». Сонда сұраушы: «Сіз де солай деп есептейсіз бе?» - деді. Сол кезде әш-Шәфи'и ашудан дірілдеп кетті де, беті қатты қызарған күйде былай деп айқайлады: «Әй, саған қасірет болсын! Егер мен пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір нәрсе жеткізіп және өзім онымен келіспесем, онда мені қандай жер көтереді, қандай аспан мені жасыра алады? Йә, менің де саған жауабым дәл хадисте айтылғандай!»* Ол өзінің бірінші сөзін тағы қайталады.

Біл, көптеген адамдар қасіретте, тек аз ғана бөлігі одан аман қалады. Егер кімде-кім өзінің қасіретіне және табысына қарағысы келсе, өзінің амалдарын Құран мен Сүннетпен салыстырып қарасын. Егер оған сәйкес келсе, онда адам табысқа жетті, ал егер оған қарсы келсе, онда ол адам зиянда және оның өмірі қызығуға тұрарлық емес. Аллаһ Тағала бұл туралы бізге хабар беріп, уақытпен ант етті – барлық адамдар қасіретте, тек өзінде төрт қасиетті жинаған адамдардан басқа⁵⁰.

Егер сен ауада ұшып жүрген немесе судың үстімен жүріп бара жатқан адамды, я болмаса ғайыптан (көмес) хабар беретін, бірақ сонымен бірге шарифатты бұза отырып, тыйым салынғанды істеп, міндеттелген нәрселерді тастайтын адамды көрсең, онда біл, ол – надандарды азғыруға бағытталған шайтан. Мұндай жағдай Аллаһ Тағала адасқандарға орнатқан алыс емес жол. Мысалы, шайтан адамның қан тамырларында қозғалады, ал Дәджәл өлтіре де, тірілте де алады, аспаннан жаңбыр жаудыртады – бұның барлығы адасқандар үшін азғыру болып табылады! Осы айтып отырғанымыз жыланды жұтып, оттың ішіне кіре алатындарға да қатысты.

⁴⁹ Имам әш-Шәфи'и өте ғажайып сөздер айтты: *“Білімді еш дәлелсіз алған адам түнде отын жинаған адам секілді, ол отын мен бірге шағып алатын жыланды да бірге алған сияқты!”* әл-Бәйхақи “әл-Мәдхал” 1/211.

⁵⁰ Аллаһ Тағала былай дейді: **«Уақытпен ант етемін! Шын мәнінде, адамзаттың барлығы қасіретте, тек иман келтіріп, ізгі амал жасаған және бір-бірін ақиқатқа шақырып, әрі бір-бірін сабырлыққа шақырғандардан басқа!»** (әл-‘Аср сүресі, 1-3 аяттар).

Әш-Шә'рани өзінің «әл-Мизан» кітабында Әбу Дәуд жеткізді деп айтады: «Мен имам Ахмадтан кімге ерген жақсырақ: әл-Әуза'иге ме әлде Мәликке ме? - деп сұрадым» Сонда имам Ахмад былай жауап берді: «Өзіңнің иманыңды екеуіне де еліктейтін қылма. Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын), оның сахабаларынан, Аллаһ оларға разы болсын, содан кейін табиғиндерден жеткен нәрсені қабылда. Маған да, Мәликке де, Әбу Ханифаға да, әш-Шәфи'иге де, әл-Әуза'иге де, әс-Сауриге де еліктеме, Аллаһ оларды Өз мейіріміне алсын, тек олардың алған қайнарлардан ал! Белгілі бір адамның соңынан соқыр еру – адамның сауатсыз екендігін көрсетеді».

Аса маңызды ескерту

Ғалым-муджтәһидтің түсіндірмесі мен оның пікірі – бұл ешқандай да Аллаһтың заңы да емес, үкімі де емес!⁵¹ Егер ол Аллаһтың заңы болғанда, онда Әбу Юсуф пен Мухаммад (Әбу Ханифаның шәкірттері) Әбу Ханифаның пікірі мен түсіндірмесінен бас тартуларына рұқсат етілген болар ма еді? Міне, сондықтан имам Әбу Ханифа былай дейді: «Бұл менің пікірім, ал егер басқа біреуді күштірек пікір болса, мен оны қабылдаймын». Басқа да имамдар дәл осылай айтатын: «Біз осындай пікірге келдік. Кім қаласа, қабылдасын, ал кім қаламаса - қалдырсын». Мен (әл-Мә'суми) осыған байланысты белгілі бір имамға соқыр еліктейтін адамнан былай сұраймыз деп айтамын: «Неге басқа көптеген ғалымдардың ішінен дәл оны таңдап алдыңдар?» Өз замандастарының ішінде ол ең жақсы білген, ал оның абыройы оған дейінгі болғандардан асып түсті деп жауап берсе, онда мен оларға қарсыласып былай деймін: «Сен қайдан білдің? Сен ешқандай ғалым емессің ғой». Қалайша сен оны өз заманының ең білімдісі деп куәлік етесің? Мұндай тақырыптарды тек барлық мазхабты зерттеп, олардың дәлелдерін, қайсысы күштірек, қайсысы әлсіздеу екенін білетін адамға ғана тексеріп анықтай алады. Халықта айтады ғой: «дирхемнің есебін соқыр қайдан білсін?!» Егер сен ең білімдіге еруге ұмтылсаң, онда Әбу Бәкр, 'Умар, 'Усман, 'Али, Ибн Мәс'уд, Аллаһ оларға разы болсын, жеткілікті емес пе? Сенің таңдаған имамыңнан гөрі олар білімдірек қой! Бұл жөнінде мұсылмандар бірауыздан келіскен.

Біз муқаллидке былай дейміз: «Сендер еліктейтін, әрі сөздерін Заң Шығарушының мәтіндерінің дәрежесіне жоғары қойған таңдаулыларың пайда боламын дегенше адамдардың діні қандай болған?» Ах, егер олар осымен шектелсе еді! Сендер Заң Шығарушының мәтіндерінен басқа оны еруге лайықты етіп алдыңдар ғой. Сонымен, аталмыш имамдар пайда боламын дегенше адамдар тура жолмен жүрді ме әлде адасушылықта болды ма⁵²? Муқаллид: «адамдар тура жолда жүрді» деп жауап беруі тиіс.

⁵¹ Ғалымдардың сөздері өз-өздігінен дәлел емес, әрі ешқандай күші жоқ. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтады: «Шынында, ғалымдардың сөздері шариги дәлелдермен бекітілуі тиіс, ал шариги дәлелдер олардың сөздерімен бекітілмейді!» Қараңыз: “Мәджму’ул-фәтәуә” 26/202.

⁵² Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтады: “Әһлю-Сунна уәл-джемә'а мазхабы көне мазхаб болып табылады, әрі ол Әбу Ханифа, Мәлик, әш-Шәфи'и мен Ахмад бұл дүниеге келмей жатырып та болған. Сондай-ақ, шынында, бұл – сахабалардың мазхабы, ал олар өз кезегінде бұны пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қабылдаған. Ал бұған қарсы болған адамды әһлю-Сунна уәл-джемә'а бидғатшы деп есептейді!” Қараңыз: “Минхаджу-Ссунна” 2/601.

Онда біз оған айтамыз: ал сол адамдар Құран мен Сүннет және сахабалардың әрекеттерінен басқа бір нәрсе иемденді ме? Олар ең бірінші орынға осыларды қойып, қалған оған қарсы келетін нәрсенің барлығын кейінге қалдырмады ма? Олар бір нәрседе таласса, оның шешіміне сүйенбеді ме? Демек, егер міне осы тура жол болса, одан басқа жол іздеп не қажеті бар? Аллаһ Тағала Құранда: «**Ақиқаттан кейін адасудан басқа не бар?**» демеді ме? (Юнус сүресі, 32 аят).

Кез-келген муқаллидтер тобы өзінің жетекшісі ретінде алып, кейін өздерінің кумиріне айналдырған адамынан артық ешкім болмас үшін сахабалар, табиғиндер мен барлық ислами ғалымдардың биік дәрежесін құртуға тырысады. Муқаллидтер оларға қатысты не істемеді десеңізші: өздерінің кумирлерінің пайымдауларына қайшы болған кезде, сондай-ақ сөздері қабылданбай, фәтуәлары қарастырылмай, әрі оларға қарсы теріске шығарылғанда және сөздері қолданылмаған шақта, олар өздерінің кумирлерінің дәрежесін көтеруге кірісті⁵³.

Олар иман негіздері мен тіректерін қираған үйіндіге айналдыра жаздады, бірақ олардың дегені болмады. Аллаһ Тағала бұл дінді әрдайым қорғап, оны жақтайтын адамдар болатынын уәде етті. Сахабалар, табиғиндер мен қалған барлық ғалымдардың атақ-абыройын құрметтемей, олардың түсіндірмелері мен сөздерін қолданбай, әрі олардың қақысын таптайтын адамның иманынан төмен басқа кімнің иманы төмен болуы мүмкін? Олардың орнына, кейінгі ғасырлардағы біреуді алады да, кумирге айналдырып, оның діни түсінігі мен түсіндірмесімен шектеледі!

Сен мынаны біл – «фәқиһтердің сөздері мен олардың пайымдауларын қолдану – бұл тек су жоқ кезде ғана қолдануға болатын таяммум секілді. Егер белгілі бір мәселеде Құран, Сүннет және сахабалардың сөздері тура бір мағыналы мәтінде келсе, онда бұл мәтіндермен қолдану міндетті (уәджиб) болып табылады және белгілі бір ғалымның сөзіне бола олардан бас тартуға рұқсат етілмейді!»⁵⁴ Дегенмен, қазіргі кездегі муқаллид-еліктеушілер қолдарында су бола тұра, топырақпен сүртініп жүр. Мұндай жағдайда олардың таяммумы дұрыс емес. Себебі, оның қолында су бар ғой!

Соқыр еліктеушілер өздерінің кейінгі уақытта пайда болған жетекшілерінің пікірімен ғана шектеліп, Исламның алғашқы ғасырларындағы әл-Бухари, Ибн әл-Мубәрак, әл-Әуза'и, әс-Саури және солардың замандастары сияқты ұлы имамдардың сөздерін тастайтынына таң қаламын. Тіптен одан да бұрын өмір сүрген Са'ид ибн әл-Мусайиб, Хасан әл-Бәсри, имам Әбу Ханифа, имам Малик және басқалары сияқты Исламның бұрынғы ғалымдарының пікірін білудің орнына, олардың пікірлеріне мән бермейді. Онымен қоймай, муқаллидтер Ислам үмметінің ең жақсы адамдары, әрі ең діни сауатты - Әбу Бәкр, 'Умар, 'Усман, 'Али, одан кейін Ибн Мәс'уд және басқа да сахабалардың, Аллаһ оларға разы болсын, фәтуәларының орнына өз мазхабының жазушыларының пікіріне сүйенгенді артық көреді! Мына мазхабшылар кейінгі кезде

⁵³ Шейхтің айтып тұрғанына мысал ретінде ханафи мазхабына әбден берілген фанатик Ма'мун әл-Харауидің іс-әрекетін келтірсек болады. Ол келесідей хадис ойлап тапты: «Менің үмметімде Мухаммад ибн Идрис (имам әш-Шәфи'и) деп танылатын адам пайда болады, әрі ол менің үмметіме Ібілістен гөрі үлкен зиян тигізеді». Қараңыз: “әс-Силсилә әд-дә'ифа” 570.

⁵⁴ Шейх Сәлим әл-Хиләли айтады: «Имам әш-Шәфи'и өзінің “әр-Рисалә” 599-600 кітабындағы сөзін әл-Ма'суми де қайталады».

пайда болған адамдардың сөздері мен фәтуәларын, мұсылман үмметінің алғашқыларының сөздері мен фәтуәларымен теңегені үшін Қиямет Күні Аллаһ Тағаланың алдында қалай жауап беретінін білмеймін. Ал егер олар тіпті мұсылмандардың алғашқы ғалымдарын тастап, соңғыларын айрықша құрметтесе қалай болмақ?

«Осы үмметтің алғашқылары жетістікке жеткен нәрседен ғана кейінгілер жетістікке жетеді»

Бұл ғажайып сөздердің иесі имам Мәлик, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын: «Осы үмметтің алғашқылары жетістікке жеткен нәрседен ғана кейінгілер жетістікке жетеді» деді. Алғашқы (әрі, ең жақсы) мұсылман өкілдері Құран мен Сүннет бұйрықтарын, сондай-ақ салиқалы сәләфтардың бірауызды келісімін қатты ұстанғаны еш күмән тудырмайды! Бірақ та мұсылмандар Аллаһ Тағаланың заңынан бас тартып, өзге біреудің заңымен жүре бастаған шақта Аллаһ Тағала оларды иман келтіргендерге беретін жеңістен айырды. Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында шынайы мұсылмандарға ондай жеңіс келетінін айтқан еді.

Қазіргі кезде біз көріп жүрген, осындай дәрежедегі соқыр сенім өкілдерін хиджраның бірінші ғасырында да, екінші ғасырында да көре алмайсың. Егер Ислам дінін бір ақылды адам немесе мәдениеттің жоғары деңгейіне жеткен халық қабылдады деп есептесек, онда ол не нәрсеге ерерін білмей, қандай ақида мен иман негіздерінің қандай кітаптарына сүйенерін білмей адасып қалар еді. Ислам – бұл шынайы сенім, ал барлық имамдардың ілімі, олардың әралуандығына қарамастан, тұтас бір білім, әрі олар бір-бірін толықтырып тұрады деп әлгі Дінді енді қабылдаған адамға сендіру өте қиын. Сондай-ақ Жапония жерінде болған жағдай секілді кикілжің болмас еді. Егер біз, мұсылмандар, Құран мен пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жолын қатты ұстансақ, онда біз кез-келген адамға өзіміздің дінімізді түсіндіруге оңай болар еді. Сонымен қатар, Ислам дінінде ешқандай қиыншылық пен күрделілік жоқ екенін, әрі шынайы иман бұрмаланбаған, оның ішінде ешқандай қарама-қайшылық жоқ екенін жеңіл түрде түсіндірер едік.

Егер түрлі фәқиһтердің пайымдауларын, олардың өзара келіспеушіліктері мен дәлелдерін қарасақ, мазхабшылардың кейбіреулері амал жасауда және фәтуә шығаруда сүйенбейтінін естіп қатты таңырқауға болады. Не себепті? Себебі баз біреу басқаша айтқандығынан. Көптеген адамдардың ішінде, оның үстіне, өмір баяны бізге белгілі⁵⁵ бір ғана адамның айтқанын естіп, сенімді жолмен жеткен Сүннетті тастауға қалайша жеткілікті болмақ? Дәл, міне осы жерден біздің жағдайымыз бен дініміз, оның негіздерінің арасындағы байланыс үзіледі. Адам баласы сенім («ақида») мәселесінде болсын, құлшылық («ибәдәт») мәселесінде болсын – кез-келген мәселеде Аллаһ пен Оның елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа

⁵⁵ Ибн Ұмар айтады: “Сенің дінің – бұл сенің дінің! Расында, ол – сенің тәнің мен қаның! Сондықтан діндеріңді кімнен алып жүргендеріңді қараңдар!” әл-Хатыб “әл-Кифәя” 122.

Мухаммад ибн Сирин, Даххақ, имам Малик және т.б. сияқты ғалымдар былай дейтін: “Расында, бұл білімдер – дін! Міне, сондықтан діндеріңді кімнен алып жүргендеріңе қараңдар”. Муслим 1/23, әд-Дәрімидің 1/124, әл-Хатыб 2/92.

ешкімге жүгінуге болмайтынын біл! Біз тағы да бір нәрсені жақсылап түсініп алуымыз қажет – діни ережелерді бекіту – бұл тек Жалғыз Аллаһтың ғана айрықша құзырындағы нәрсе және Одан басқа ешкімнен дін қабылданбайды. Міне, дәл осылай біз бірқұдайшылықтың жақтаушыларына айналамыз, әрі өзіміздің иманымызды тек Жалғыз Аллаһқа ғана арнаймыз.

Бізге дәл осылай Аллаһ Тағала Өзінің анық Кітабында бұйырған болатын. Ал кімде-кім бұйрықтың шекарасын бұзса, онда Аллаһқа серік қосушылар мен қасіретке ұшыраушылардың қатарынан болады. Пәк, Ұлы Аллаһ Тағала былай дейді: **«Сол уақытта ерілгендер (бастағандар), өздеріне ергендерден безеді. Сондай-ақ олар азап көрген кезде қарым-қатынастары кесіледі. Ал ерушілер: «Әттең! Бізге (дүниеге) қайтар күн болса, олар бізден безгендей, біз де олардан безер едік» дейді. Міне, осылай Аллаһ олардың істеген істерін өздеріне өкініш етіп көрсетеді. Сондай-ақ олар тозақтан ешқашан шықпайды»** (әл-Бәқара сүресі, 166-167 аяттар).

Біл, бұл аят соқыр ерушілерді жер сілкінісінен де қаттырақ шайқалтып теңселтеді, себебі олар дін мәселесінде адамдардың сөздері мен пікіріне сүйеніп, жармасып айрылмайды ғой! Соқыр еліктеу сенім ('ақида) мәселесінде болсын, құлшылық ('ибәдәт) мәселесінде болсын немесе тыйым салынған (харам) және рұқсат етілгенде (халал) болсын – қандай діни мәселеде болса да бәрі-бір. Мұның барлығы тек Аллаһ пен Оның елшісінің (Аллаһтың оғана салауаты мен сәлемі болсын) сөздерінен ғана алынады.

Кейбір Құран тәпсіршілері жоғарыда келтірілген аят тек қана кәпірлерге қатысты деп мәлімдейді. Әрине, шынында, аталмыш аят кәпірлердің себебімен түсті. Алайда, осыған бола Аллаһтың ескертулерінің барлығын тек көпқұдайшыларға (мушрик), яһудейлер мен христиандарға қатысты деп мұсылмандарды Құраннан айыруға болмайды ғой, себебі мұндай тәпсірлеу аяттың тура мағынасынан ауытқиды. Міне, дәл осылай болып жатқандықтан, біз қазіргі таңда көптеген мұсылмандардың Құранның талаптарын дұрыс түсінбейтінін көріп отырмыз. Мұсылмандардың көпшілігі жай «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігін айту жеткілікті деп есептейді. Алайда, Тозақтан құтылу үшін бұл куәлік не нәрсеге шақырса, не нәрсе талап ететін болса, соны орындау қажет. Қарап отырсақ, бұл куәлікті көптеген екіжүзділер мен кәпірлер айта береді! Міне, сондықтан біз Құрандағы көпқұдайшылардың (мушрик) түрлі амалдары, кәпірлердің сипаттары, олардың іс-әрекеттері тек олардың өздерімен ғана шектелмейді дейміз, өйткені біз де олардың қателіктері мен адасушылықтарын қайталамас үшін сабақ алуға тиіспіз⁵⁶. Бір қосымша айта кететін жайт, мен осы аятқа байланысты «Бастаушылар өз ізбасарларынан безетіні туралы анық дәлел» деп аталатын лайықты еңбек дайындаған болатынмын. Ол еңбек, Аллаһтың көмегімен, Мысыр елінде жарыққа шықты. Аллаһ Тағала ақиқатқа ұмтылған мені де, сені де тура жолға салып жетелесін.

⁵⁶ Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтқандай, тіпті егер белгілі бір аят белгілі бір адамдарға немесе бір ғана адамға, я болмаса белгілі бір уақытқа байланысты түссе, онда бәрібір оның мағынасы жалпыға ортақ болып қала береді және ол аят соған ұқсас жағдайлардың барлығына қолданыла береді. Қараңыз: «Мәджму'ул-фәтәу» 13/341-342.

Аллаһтың діні мен Оның заңын өзгерткен кейбір ғалымдар туралы Фәхруддин әр-Разидің әңгімесі

Адамдар дінді бұрмалағанын, өзгеркенін және адасушылықты енгізгені туралы жоғарыда айтап өткенімдей, саған мысал ретінде өткен ғасырларда болған оқиғаны келтірейін.

Мәселенкей, Фәхруддин әр-Рази (х.ж. 606 ж. қайтыс болды) өзінің «Мәфәтихул-ғайб» 4/431 кітабында Аллаһ Тағаланың: **«Олар өздерінің ғалымдары мен машайықтарын және Мәриам ұлы Исаны Аллаһтан өзге Раббы ретінде алды»** (әт-Тәубә сүресі, 31 аят) деген аятты түсіндіріп былай деді: *«Бір күні мен бір фәқиһтің мазхабына еретін бір топ муқаллидпен кездесіп қалдым, әрі оларға түрлі мәселелер бойынша Аллаһтың Кітабынан көптеген аяттар оқып бердім. Олардың мазхабы Құрандағы бұл аяттарға қайшы келгендіктен қабылдамады, әрі олар бұны тыңдаудан бас тартты! Мұның орнына, олар анық аяттарға сәйкес амал істеуге қайран қалғандай, маған қатты таң қала қарай бастады, себебі, олардың ойынша мұның барлығы ата-бабалары үйреткен нәрсеге қайшы келеді ғой! Егер сен осы тақырыпта өте мұқият ой жүгіртсең, онда көптеген мұсылмандар осындай адасушылыққа түсіп, індетке шалдыққанын байқайсың!»*

Біздің уақытымызда да дәл осындай жағдай болып отыр. Мұсылмандардың көпшілігі белгілі бір шейхті таңдап алады да, оған діннің барлық мәселелерінде еліктей бастайды: сенім жүйесінде де, құлшылықта да, тыйымдар мен рұқсат етілген нәрселерде де және т.б. Сондай-ақ, олар бұл шейхтің айтып тұрғаны рас па, жоқ па әлде оның сөздері Құран мен Сүннетке сай ма, жоқ па – бұл мәселеде тіптен қызықпайды. Мүмкін, тіпті оның сөздері өздерінің мазхабына да сай келмейтін шығар, бәлкім тек өзінің айналасынан адамдарды қашыртып алмас үшін сол мазхабтың атын жамылып жүрген шығар? Ол өзін мазхабтың білгірімін деп, адамдардың сауатсыздығын пайдаланып, өзіне ыңғайлы көзқарастарды таратып жүрген де шығар.

Міне, бүгінгі күннің жағдайы осындай. Керек десеңіз, біздің жағдайымыз әр-Рази айтқан жағдайдан да төмен. Сондықтан, сақ бол! Сонымен қатар, бұл туралы шейх Мухаммад Рашид Рида өзінің тафсири «әл-Мәнәр» 10/367 кітабында айтты.

Аталмыш автор өзінің Құран тәпсіріндегі ең алғашқы сүре «әл-Фәтиханы» түсіндіргенде көрсетілген жағдайларды мынадай тақырыпта баяндады: «Алғашқы сүре әл-Фәтиханың түсіндірмесіндегі ең анық дәлелдер». Ол кітап хиджра жыл санауы бойынша 1357 жылы Мекке қаласының типографиясында басылып шықты.

Имам әл-Ә'зам (ұлы имам) – бұл тек Аллаһ елшісі ғана (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын)

Танымал ғалым әз-Зубәйди өзінің «Шәрх әл-Ихйә» кітабында былай дейді: «Тек шаригатпен келген адамның артынан ғана соқыр еру міндетті екенін біл! Ал бұл Мұхаммед пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын)».

Ибн 'Аббәс айтады: «Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзінен басқа, кез-келген адамның сөзі қабылдануы да, жоққа шығарылуы да мүмкін».

Тақлид (мазхабқа соқыр еру) мұсылман әлемін зақымдаған орасан зор бақытсыздық, арнайы жіберілген дерт сықылды. Қазіргі кезде өз ата-бабаларының дәстүрі мен шейхтарының сөздерінен Аллаһ пен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзін жоғары қоятын адамдар қаншалықты аз қалды екен? Біздің кезімізде шынайы түрде таухидті (бірқұдайшылық) ұстанып, адамдарды соған шақырып және муқаллид-еліктеушілерге, адасқандар мен өтірік балгерсымақтарға қарсы барлық күш-қажырын жұмсап, Аллаһ жолында қасиетті джихад жасайтын адамдардың бар болғанына Аллаһқа сансыз шүкір. Таухидті тарату үшін біріккен мұсылмандардың саны күн санап артып келе жатқаны жүректі жадыратып қуантады. Олар Хиджазда да, Мысырда да, Суданда да, Ирактағы Синджарда да және басқа аймақтарда бар. Аллаһтан олардың ісін сәтті етіп, оларға жәрдем беруін сұраймын! Әмин!

Шейх Сыддық Хасан Хан өзінің «Фәтх әл-бәйән фи мәқасыд әл-Куран» кітабында Аллаһ Тағаланың: «**Олар (яһудейлер мен христиандар) өздерінің ғалымдары мен машайықтарын және Мәриам ұлы Исаны Аллаһтан өзге Раббы ретінде алды**» деген аятына былай түсіндірме жасайды: «Бұл аятта әрбір жүрегі тірі, есту қабілеті анық адамға бірмағыналы нұсқау бар – Аллаһтың дінінде тақлид жасаудан, әрі ата-баба сөзін Аллаһтың Кітабы мен тап-таза Сүннеттен жоғары қоюдан сақ болу керек! Шынында, осы үмметтің ғалымдарының бірінің мазхабына, тіпті Құран, Сүннет басқаша бұйырып тұрған кезде де, оған соқыр еру – бұл дәл яһудейлер мен христиандардың өз ғалымдары мен машайықтарын Аллаһтан өзге Раббы ретінде алғаны сияқты! Ал яһудейлер мен христиандар олардың алдында анық басын иіп, сиынған жоқ қой, олар бір нәрсені тыйым салса немесе рұқсат етсе, тек соған бағынды. Дәл сондай қателікті біздің үмметтің муқаллидтері қайталап жатыр. Айталық, осы екі үмметтің ұқсастығы, бір жұмыртқа басқа бір жұмыртқаға немесе бір құрма – басқа бір құрмаға, су – басқа суларға ұқсастығынан да артық ұқсайды.

Әй Аллаһтың құлдары, әй Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ізінен ерушілер! Қалайша сендер Құран мен Сүннетті шетке ысырып, өздеріңнен асып түспейтін, дәл өздерің сияқты адамдардың жазғандарына ұмтыласыңдар? Құран мен Сүннет сендерді бар ынта-жігерімен шақырады, ал сендер ол шақыруды естімейсіңдер, ал жүректерің – түк ойланбайды! Сендер былай айтқан адамға ұқсайсыңдар: «Мен Физидің қарапайым тұрғынымын. Жергілікті тұрғындар дұрысталса, мен де дұрысталамын, ал адасса, олармен бірге адасамын...»

Сондықтан, мен сендерді қарапайым адамдар жазған кітаптарды тастап, өздеріңнің Раббыларың Кітабы мен Оның елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайтуларыңа шақырамын»⁵⁷.

Құранның көптеген аяттарында бір мағыналы, әрі кесімді мынадай нұсқау бар: Аллаһ Тағала – діннің Заңын Бекітуші, ал елші (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) – осы Заңды адамдарға жеткізуші ғана:

«Сенен жеткізуден **басқа ешнәрсе талап етілмейді**» (әш-Шура сүресі, 48 аят).

«**Бірақ елшінің міндеті жеткізу ғана**» (әл-Мәйдә сүресі, 99 аят).

«**Саған – жеткізу ғана міндет**» (әр-Ра'д сүресі, 40 аят).

Құран мен Сүннеттен алынатын дәлелдердің көмегімен бекітілетін діннің тіректерін былайша 3 топқа бөлсе болады:

1) сенім;

2) құлшылық салттары, оларды жалпылай түрі де, жете сипатталған түрі де; олардың уақыты, орыны, орындау тәртібі және қажетті саны;

3) діни тыйымдар.

Егер зерттелетін тақырыпта Құран мен Сүннеттен тікелей нұсқау болмаса, онда басқа қалған шарият үкімдері иджтиһәдтің көмегімен бекітіледі. Бұған қоса, жасалынатын иджтиһәд барынша үлкен пайда мен игілікке жетуге ұмтылу қажет, сондай-ақ барынша зиянды мен бүкіл жамандықтан азайтуды қарастыруы тиіс («джәлб әл-мәсалих уә даф' әл-мәфәсид» қағидасы).

Расында, Құран, Сүннет пен сәләфтардың сөздерінде бұған нұсқау өте көп!

Аллаһ Тағала тура жолмен жүруді бұйырады

Аллаһ Тағала бізге осы дүниеде тура жолмен жүруді бұйырды. Бұл жол Аллаһтың пайғамбарлары мен оларға түсірілген Кітаптар арқылы түсіндірілді. Аллаһ Тағала осы тура жол Оның Жәннаты мен мәңгілік рахат мекеніне апаратыны туралы хабар берді. Адам осы дүниеде бұл жолды берік ұстанса, Қиямет Күні Тозақтың үстіне төселген Сыратпен жүргенде оның қадамдары соншалықты нық болады. Дәл осы себепті, Аллаһ Тағала былай дейді: **«Күдіксіз, Менің тура жолым осы. Енді соған еріңдер! Басқа жолдарға түспеңдер, өйткені олар сендерді Аллаһтың жолынан**

⁵⁷ Мазхабшылар фикһ немесе 'ақиданы оқып-үйренсе немесе басқа біреуге үйреткенде, тек өз мазхабтарының кітаптарына жүгінеді. Хадис жинақтарына жүгініп, кейін барып түрлі ғалымдардың түсініктемелерін қараудың орнына, олар өз мазхабтарының кітаптарына жүгініп, кейін барып өз мазхабының пікірін бекітетін хадис іздеп жүреді. Бұлар каншалықты ақиқаттан алыс еді?! Сүннет ұстанушыларына келер болсақ, олар мына ережені қатты ұстанады: «Әһлю-Сүннаға ерушілер ең бірінші дәлелді оқып-үйренеді, содан кейін барып өздерінің сенімін соның негізінде құрады, ал бидғатшылар ең бірінші сенімді құрып алады да, содан кейін барып өздеріне қолайлы дәлелдер іздеп жүреді!»

айырады. Аллаһ сендерге қорқуларың үшін осыларды нұсқады» (әл-Ән'ам сүресі, 153 аят).

Аллаһтың тура жолын іздеген адам міндетті түрде, оған басқа көптеген адамдар қарсы болатынын көреді. Осы тура жолда тұрған адам өзін жалғыз екендігін сезінетін кезге де жолығады. Міне, сондықтан Пәк, Ұлы Аллаһ Тағала тура жолда жүрген адамның жолдасы кім екенін былай баяндайды: «**Аллаһ Тағала нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһиттер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас!**» (ән-Ниса сүресі, 69 аят). Осыны білгеннен соң, тура жолды іздеуші мен ақиқи жолмен жүргендерде өзінің замандастары мен туыстарының арасында жалғыздық мен торығуды сезімінен құтылады. Сонымен қатар, әрбір ақиқат іздеушінің осы жолда жолдастары игілер екенін білсін. Сонымен бірге, әрбір ақиқатқа ұмтылушы тура жолдан ауытқыған адамдардың Аллаһқа бағынбайтындығына назар аудармасын. Олардың саны қаншалықты көп болса, соншалықты олар Аллаһтың алдында дәрежесі төмен. Кейбір салиқалы сәләфтардың мына сөздерін естеріңе алыңдар: *“Тура жолға ер, міне сол кезде құтылғандардың санының азшылығы зиян әкелмейді. Адасушылық жолдарынан сақ бол, мына құрдымға ұшырағандардың санының көптігімен азғындыққа түспе!”* Қараңыз: “әл-Әзкәр” 238.

Жалғыздықтан торыққан шағында, алдында өткен ізгі сәләфтарға көз сал, солардың қатарына қосылудың қамын ойлап, олардан басқа ешкімді елеме, себебі Аллаһтың алдында басқалары ешқандай пайда әкелмейді. Егер сен тура жолда жүрген кезінде олар айқайлай бастаса, оларға бұрылып қарамай-ақ та қой, өйткені сен оларға бұрылсаң, олар сені бас алып ұстап алады да, сені барынша еліктіріп әкетуге күшін салады! Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) үтір намазының «құныт» дұғасында былай деп айтуды үйреткені бекерден бекер емес: *«Ей Аллаһ! Өзің тура жолға салғандарыңмен бірге мені де тура жолға салып жүргізе гөр!»* Әбу Дәуд 1425, әт-Тирмизи 464. Сенімді хадис.

Одан кейін, адам «ашуға ұшырағандар» мен «адасқандардың» жолынан сақтануы тиіс.

«**Ашуға ұшырағандар**» — олар өздерінің дінін бүлдіргендер, ақиқатты біліп, соған сәйкес амал етпегендер.

«**Адасқандар**» — дұрыс дін туралы түк білімі жоқ адамдар.

Шынайы жол – бұл Аллаһ елшісі Мұхаммед (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) пен оның сахабалары жүрген жол! Егер әрбір білім, амал, түсінік, жағдай немесе дәреже пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) алатын болса, онда ол – тура жол. Ал басқаша болса, онда – «ашуға ұшырағандар» мен «адасқандардың» жолы, әрі олар үшін Тозақ дайындалған. Қараңыз: «Мәдаридж әс-саликин» 1/21.

Еш күдіксіз, Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сахабалары – дін мәселесінде ең сауатты адамдар және Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) не үшін келгенінің шынайы мәнін түсінген

адамдар. Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сахабалары ақиқатты түсінбеді, оның орнына ақиқатты олардан кейін келген бидғатшылар, оның ішінде шииттер және сол сияқтылар, таныды деп айту бассыздық болар еді!

Тура жолмен жүргендер мен бидғат пен бұрмалаудың жақтаушыларының айырмашылығын түсіну үшін сәл де болса, олардың амалдары әкелген жемістергі көз салайық. Мысалы, сахабалар кәпір мемлекеттерді ашып, оларды Ислам мемлекетіне айналдырды⁵⁸, ал Құранның, білім мен тура жолдың көмегімен олар көптеген адасқандардың жүректерін дұрыстады. Олардың амалдар шынында, тура жолда екендігіне куәлік етеді. Ал шииттер, бидғатшылар мен түрлі мазхаб өкілдері қай уақытта да, қай аймақта да өзара қарама-қайшылықта болып, тура жолға толықтай қарсыласты.

Рамазанның бір күні мен Таиф қаласындағы Ибн ‘Аббәс атындағы мешітінде Құран оқумен шұғылданып отырған едім. Мен Құранда перғауынның, Аллаһтың оған лағінеті болсын, оқиғасы сипатталған жерде Аллаһтың Сөздеріне ойланып, тоқтап қалдым. Расында, ең алғаш адамдарды топтарға, партиялар мен ағымдарға бөлуді ойлап тапқан дәл осы перғауын еді ғой. Осылайша, бұл бидғаттың – мазхабқа, топтарға, партиялар мен тариқаттарға бөлудің ең алғашқы негізі салушы – Перғауын екенін түсіну қиын емес. Қазіргі кезде европалық көптеген мемлекеттерде таралған секілді оның да саясаты осындай болған! Бұған дәлел ретінде Аллаһ Тағаланың келесі сөздерін келтірсе болады: **«Расында, Перғауын жер бетінде тәкәппарланды және елін топтарға бөліп, олардың бір тобын әлсіретті»** (әл-Қасас сүресі, 4 аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деді: **«Әрі ортақ қосушылардан болмаңдар! Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларға мәз болғандар»** (Рум сүресі, 31-32 аяттар).

Тура жолда жүретіндердің ерекшеліктерінің бірі – еш күдіксіз, барлық пайғамбарларға деген сенім, олардың араларын бөліп-жармай, сол пайғамбарларды құрметтеп, әрі олардың әкелген нәрсесіне мойындау арқылы қай жерде болса да, оларға еру екенін біл!

Мәселенің мән-жайы осылай екені белгілі болса, онда пайғамбарлардың мирасқорларын да құрметтеуге міндеттіміз – сахабаларды, одан кейін – табиғиндерді, ғалым-муджтәһидтерді, мысалы төрт имам мен сол сияқтыларды, хадис жеткізуші имамдарды, Аллаһ олардың барлығына разы болсын.

Біз қалай пайғамбарлардың арасын бөліп-жармайтын болсақ, дәл солай олардың мирасқорларының да арасын бөліп-жармаймыз. Мысалы, бір имамның сөзін қолданып, басқаларына түк назар аудармай, бір имамды жақсы көріп, қалғандарын жек көру дұрыс болмайды ғой. Мазхабқа қатып қалғандардың көбісі дәл осылай

⁵⁸ Міне, осыда тура жолдағылардың бидғатшылар мен адасқан ағымдардан айырмашылығы – олар Ислам мен мұсылмандар үшін ешқандай пайда әкелген жоқ. Имам Ибн Хазм айтады: *“Біл, Аллаһ сізді Өз мейіріміне алсын, Аллаһ Тағала адасқан ағымдардың қолымен ешқашан ізгілік жасаған жоқ! Сондай-ақ, олар кәпірлердің бірде-бір мемлекетін өзіне қаратып бағындырған жоқ, тіпті бір ауылды болса да өздеріне қарата алмады және олар Ислам үшін ешқашан ту көтерген емес!”* Қараңыз: “әл-Фисал” 5/98.

істейді, бірақ бұл ізгілердің жолы емес, тақуалардың сипаты емес. Міне, осы себепті түрлі мазхаб арасында өшпенділік басталып кетті, тіпті бір мазхабтың өкілі екінші бір мазхабтың адамының артынан намаз оқымайтын да дәрежеге жетті. Надандықтың кесірінен пайда болған осындай дәрежедегі фанатизм олардың жүректері мен көздерін соқыр қылды.

Қараңызшы, адасқандар барлық нәрсенің негізі – мазхаб деп есептейді, ал Құран – бұл екінші кезектегі нәрсе, оны үнемі негізбен яғни мазхабпен салыстырып отыру қажет деп санайды. Егер олардың арасында қайшылық пайда болса, онда екінші дәрежелі нәрсені – Құранды ысырып қою қажет, оны негізге яғни мазхабқа сай тәпсірлеп, «қиюластыру» керек деп есептейді. Міне, осылай ауытқыған, иләһи көмектен мақұрым қалған адамдар істейді.

Ал шынтуайтына келер болсақ, негіз бұл – Құран! Дін туралы пікірлер мен мазхабтарды Оның астына «үндестіруге» тиіспіз: сәйкес келгенді қабылдап, ал сәйкес келмесе, еш аяюсыз жоққа шығарылады!

«Ашуға ұшырағандардың» ерекшелігі – олар ақиқатты тек өз ілімінің жақтастарынан ғана қабылдайды

Біл, «ашуға ұшырағандардың» ерекшеліктерінің бірі – ақиқатты тек өз тобынан ғана қабылдауы. Онымен қоса, олар өз ілімінің жарлықтарына ермейді. Міне, мұндай қасиетті кейбір топтардың фәқиһсымақтары мен сопылардың және т.б. көбісінен кездестіруге болады. Олар өз топтарындағы адамдардың сөзі мен пікірін ғана қабылдайды, ал Ислам барлық нәрседе ақиқатқа еруге бұйырады: түрлі хабарларды (хадистер), түрлі пікірлерді, Аллаһ елшісінен (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) басқа, белгілі бір адаммен шектелмеуді. Бұның барлығының себебі, мұсылманның мақсаты – ақиқат және оны кім айтса да, ол қабылдауға дайын. Мазхабшының жүрегінде белгілі бір адам ұлықталады да, дәл өзінің тұрғылықты жері мен ата-бабалардың салтын қайталап, оның не айтқанына ойланбастан соқыр еліктейді (тақлид жасайды). Негізі, бұл адасушылықтың нағыз өзі ғой, өйткені сөздің мазмұнына қарау керек, ол сөзді кім айтқанына емес! ‘Али ибн Әбу Талиб, Аллаһ оған разы болсын, былай дейді: *«Ақиқат адамдармен танылмайды, керісінше адамдар – ақиқат бойынша танылады. Ақиқатты танып-біл, міне сол кезде сен ақиқатты ұстанушыларды танисың»*⁵⁹.

Сондықтан, бүкіл жақсылық Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) өзі істеген, басқаларға бұйырған ізінде жатыр, ал оның ізімен – сахабалар жүрді, Аллаһ оларға разы болсын, одан кейін салиқалы сәләфтар, Аллаһ оларды Өз мейіріміне алсын. Дәл сол сияқты керісінше, бүкіл жамандық пен адасушылық

⁵⁹ Дегенмен, әрбір адам ақиқаттың белгілеріне қарап басқаларға баға беру құқығына ие емес, тек қана өзі ақиқатты білетін адамға оған ие! Кейбір адамдар ‘Алидің бұл сөздерін бұрыс мағынасында қолданады, әрі олардың ойынша, ғалымдар қажет емес және Құран мен Сүннетті өздері түсінуге мүмкіндіктері бар. Мұндай жағдай тақлидке қарама-қарсы жақтағы шектен шығу болып табылады. Имам әш-Шәтыби айтады: *“Шынында да, ақиқат бойынша адамдар емес, керісінше адамдар ақиқат бойынша танылады, дей тұрғанмен бәрі-бір де біз бұл ақиқатты адамдардан білеміз ғой”*. Қараңыз: “әл-И’тисам” 2/880.

кейінгі ұрпақ өкілдерінің діни мәселеде ойлап тапқан жаңалықтарында жатыр. Еш күдіксіз, мазхаб – діндегі жаңалық (бид'а). Ал оны патшалар мен сұлтандар кейбір кезде саяси сылтауға байланысты, кейде өзінің көңіл-қалауына еріп немесе өзінің ықпалы мен күшін сақтауға ұмтылып, ал кейде жай әншейін өзінің шейхының айтқанын желеулетіп ойлап тапқан. Бұл нәрселер тарихпен таныс кез-келген адамға мәлім.

Шейх Уәлию-Ллаһ әд-Дахләуи өзінің «әт-Тафхимәт әл-иләһия» 1/151 кітабында былай жазады: *«Өсіресе біздің уақытымызда, әрбір елде қарапайым адамдардың белгілі бір мазхаб ұстанғанын көресің. Олардың ойынша, адам «өз» мазхабынан сәл қайтса, тіпті бір ғана мәселеде болсын, діннен қайтқанмен теңестіріледі, мазхаб – бұл пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) өзі сияқты! Олар осының негізінде адамды бағынуға мәжбүрлейді. Хиджра бойынша IV ғасырға дейінгі алғашқы мұсылмандар белгілі бір мазхаб ұстанған жоқ».*

Шынында, пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды белгілі бір имамның мазхабын ұстануға міндеттеген жоқ

Шынында, пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды белгілі бір имамның мазхабын ұстануға міндеттеген жоқ, алайда Сүннетке еруді бұйырды. Егер белгілі бір ғалым бір пікір айтса, ал ол Сүннетке қайшы келіп тұрса, онда бұл мәселеде мазхабтар арасында келіспеушілік бар деп айту дұрыс емес! Сүннетке қайшы келетін ондай пікірді «екінші пікір» деңгейіне көтерместен, бірден жоққа шығару керек және ондай пікірдің бар екенін де мойындамау қажет. Белгілі бір мәселеде ешқандай дәлелге сүйенбеген, тіпті сенімді хадиске қайшы келетін белгілі бір имамның пікірі барын алға тартып, сондай-ақ хадисті теріске шығара отырып, имамның пікірін ұстануға болады деп айтуға ешкімнің қақысы жоқ. Адамның мұндай әрекеті діннен қайтуға (ридда) әкеп соқтырады, Аллаһ бізді одан сақтасын.

Мұсылман адам хадистің мазмұнына ой жүгіртіп, мұқият оқып үйренуі тиіс, содан кейін – «оған азу тісімен жабысып», бүкіл жүрегімен де, қолымен де қатты ұстануы қажет; оны бұзатындарға назар салмастан, оларды тыңдамау керек. Міне, осы тура жол! Тек оны жалғыз ғана ілім ретінде алып, одан ауытқыма! Бұл жолдан ауытқуға мысал өте көп: дәретте (таһәрат) – адамның табанын жууға тыйым, некеде – уақытша некені рұқсат ету, «халал» мәселесіндегі ауытқу – аз көлемде алкогольді ішімдіктерді рұқсат ету, үй есегінің ет жеуге рұқсат ету, намазда – бесін намазының уақыты заттың

өз көлемінен екі есе үлкен болған кезде аяқталады деген тұжырым және соған ұқсас көптеген адасушылықтар.

Әй мұсылман! Егер сен өз дініңді дұрыс танығың келсе және сенің тақуалыққа деген зор ынтаң болса, онда мен кеңесіме құлақ сал!

Құран мен Сүннетті, сондай-ақ алғашқы ғасырлардағы үлкен ғалымдардың – сәләфтардың сөздерін оқып-үйрен! Хадис жинақтарын оқы және бүкіл сенімді хабарларды қабылда да, оларға амал ет! Егер сен сырттай қарағанда бір-біріне қарама-қайшы хадис кездестірсең, онда оны келесідей қағидаға сал: ең күшті, әрі ең қауіпсіз (яғни тыйым мен күдіктен алысырағы) хабарды қабылдау керек.

Бұл жол мүлде қиын емес. Сенің діңіңе қажет нәрсенің барлығы хадис кітаптарында бар – бұл Мәликтің «әл-Муаттасы», әл-Бухари мен Муслимнің «Сахих» сенімді жинақтары, Әбу Дәуд, әт-Тирмизи мен ән-Нәсаидің «Сунандары». Бұл кітаптарды табу оңай, әрі бұл кітаптар жұртшылыққа кең тараған және бәріне мәлім. Сондықтан, соларды оқып-білуге тырыс! Егер ол кітаптар сенің тіліңде аудармасы болмаса, онда оны жақсы түсінетін бауырларыңа хабарлас және олар саған жақсылап түсіндіріп берсін. Менің кеңесім осы, Аллаһ жақсырақ біледі⁶⁰!

«Әт-Тафхимәт» 1/309 (шейх әд-Дахләуидің) кітабында былай делінген: *«Тақлид жасауды артығырақ көретін және өз имамының пікірінен қайтпайтын, тіпті егер ол пікір сенімді хадиспен жоққа шығарылған болса да, бірақ өздерін фәқиһ деп атайтындар – адасқан нақұрыс, ақымақтар. Ақиқат деген анық, әрі түсінікті ғой! Аллаһ Тағаланы ортаға ант қылып айтайын, Аллаһ Тағала – Құдіретті, Әділетті, Ол адамдарды Қиямет Күнге дейін шаригатпен өмір сүруге міндеттеп, содан кейін оларды соншалықты соқыр, сауатсыз қылып, тіпті олар жалғаннан ақиқатты айыра алмайтындай етті деуден Пәк. Керісінше, Аллаһ Тағала ақиқатты барлық адамдарға ашып түсіндір берген, тек бағынбайтындар – жалғыз қасіретке ұшырауға лайықтылар. Сондықтан, Ол айқын Кітап түсірді, ол Кітапты адамдардың сөзімен шатастыру мүмкін емес, Ол Құранды түрлі бұрмалаулардан қорқап қойған.*

Сонымен қатар, Аллаһ Тағала Өз елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) аузына түрлі шариги үкімдер мен дана сөздерді салды. Хадистердің орасан зор бөлігі көптеген анық, әрі сенімді жолдармен жеткен. Ғалымдардың көпшілігі ондай хадистерді біледі және өз пікірлерінде соған сүйенеді, сондықтан егер біреудің пікірі оған қарсы келсе, ондай пікір қабылданбайды.

Кеңге таралған хадистерден бөлек тағы да сирек кездесетін хадистер де бар, көбінесе ондай хадистер үлкен ғалымдарға, хадистану ғылымындағы мамандарға мәлім, ал қарапайым адамдар ондай хадистермен таныс емес. Егер ондай хадистерді анық, әрі сенімге

⁶⁰ Шейх әл-Мә’суми осы сөздері арқылы мұсылмандарды өз дінін оқып-үйренуге шақырып жатыр. Сонымен қатар, соқыр еліктемеуге, әрі түк кітап оқымай, білім ізденуге талпынбай, сондай-ақ өздері ешнәрсе білмей жатырып, өзі сияқтылардың сөзі мен ісіне тиісетіндердің қатарынан болудан алдын-ала сақтандырады. Әйткенмен, өз тіліндегі хадистер мен сенімді кітаптарды оқудың өзі жеткіліксіз. Білім иелерінен немесе білім ізденуде сенен озғандардан оқығаныңды дұрыс түсіндің бе әлде қате түсіндің бе – осыны сұрап біліп алу керек, өйткені оқылғандар мен тыңдалғандардың барлығы дұрыс түсініле бермейді.

лайықты жеткізуші келтірсе, онда ол сенімді (немесе жай ғана «жақсы») деп есептелінеді. Осылайша, хадисті міндетті түрде қолдану қажет, сондықтан оларды оқып-білуге тырыс және соларға амал етуді ұмтыл!»

Осы кітаптан тағы бір үзінді келтірейік:

«Аллаһқа ант етемін, Аллаһтан басқа Үстемдік Етуші жоқ және Аллаһтан өзге ешкімде билік жоқ. Тек Аллаһ Тағаланың Өзі ғана ненің міндетті (фәрд, уәджиб), ненің қалаулы-қосымша (мәндуб, мустахаб), ненің рұқсат етілетіндігін (мубах), ненің жағымсыз (мәкрух) және ненің тыйым салынғандығын (харам) анықтайды. Аллаһ Тағала адамдарға бұл үкімдерді пайғамбарлық мақсаты үшін таңдап алынған адамның тілінде түсірді. Егер белгілі бір адам еш дәлелсіз, өз тарапынан әлдебір амалды парыз деп, басқасын – тыйым салынған немесе күнәлі деп мәлімдесе, онда ол адам Аллаһқа жала жапты.

«Тілдеріңнің “бұл харам, бұл халал” деп өтірік сипаттағанын айтпаңдар! Аллаһқа өтірік жала жапқан боласыңдар. Шынында, Аллаһқа өтірік жала жапқандар құтылмайды» (ән-Нәхл сүресі, 116 аят)

Аллаһқа ант етемін, Аллаһ Тағала дұрыс та, қате де айтанын белгілі бір адамның ізінен еруді бұйырды, әрі дінде тек сол адамның айтқаны ғана парыз деп есептейтін адам кәпір болады⁶¹. Ау шаригат ол адам дүние келмей жатырып бекітілген еді ғой. Ол адам пайда болмай жатырып-ақ адамдар шаригатты түсінген, оны бұрынғы ғалымдар орындаған, хадис жеткізушілері келтірген және фәқиһтер соған сәйкес шешім шығарған. Бұған қарамастан, адамдар ғалымдарға еліктеу қажет деп шешті, себебі олардың ойынша, ғалымдар дін туралы ешкім білмеген нәрселерді білді, олар ғылыммен соншалықты қатты шұғылданды, тіпті олардан кейін ешкім олай шұғылдана алмады. Енді міне, егер сенімді деп танылған хадис болса және оған сай мұсылмандар амал еткен болса, тек «жетекші» оны істеуге бұйырмағаны үшін адамның одан бас тартуы – бұл үлкен адасушылық!»

«Әт-Тафхимәт» кітабының авторы әрі қарай былай жалғастырады:

«Мен ғылыммен айналысатындарды және өздерін білім ізденуші «талиб-ул-‘илм» деп атайтындардың назарын аударғым келіп тұр. Сіздер ғалым болғыларыңыз келеді, әрі осы үшін ежелгі грек философиясын, морфология мен грамматиканы «сарф уә нәху» оқып жатырсыздар, енді, сіздердің ойларыңызша, осы нағыз білім бе? Жоқ та! **Нағыз білім – бұл Аллаһтың Кітабы туралы білім⁶² және Сүннет білімі⁶³**. Содан соң, осы алынған білімнің негізінде өмір сүру керек: осы ғана тура жол және ең жақсы пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) өнегесі екенін біле отырып, махаббатпен

⁶¹ Жалпы күпірлікте айыптау мен кәпірлердің кейбір сипаттары бар немесе күпірлік сөздерді айтып қойған жеке тұлғаны күпірлікте айыптаудың арасында үлкен айырмашылық бар. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтады: “Расында, Құран мен Сүннеттегі қаһарлы мәтіндер мен имамдардың күпірлікте (такфир), пасықтықта (тафсиқ) және сол сияқтыларға байланысты айтқан айыптаулары, арнайы шарттарды сақтаудан басқа (дәлел жеткізу және т.б.), бірден жеке тұлғаға байланысты қолданылмайды”. Қараңыз: “Мәджму‘ул-фәтәуә” 10/372.

⁶² Яғни әрбір аяттың түсу себебі мен оған жасалған тәпсірді түсіну.

⁶³ Яғни Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қалай істегенін, ол қалай намаз оқығанын, қалай дәрет алғанын, қалай ораза тұтқанын, қажылық пен джихәд қалай жасағанын, оның қандай әдеттері болғанын, қалай ол сөйледі, қалай үндемейтінін білу.

Сүннетке еру. Сүннетті орындау дегенде біздің қалауымызға қарсы мәжбүрленген, міндеттелген нәрсе деп қарамау керек!

Мысалы, сендер дінді оқып-үйренгенде тек дәреттің тіректерін, намаздың тіректерін, зекеттің жағдайын, мұра қалған кезде мирасқорлардың үлесін білу жеткілікті деп ойлайсыңдар, алайда бұл білімдер тек өмірімізге қатысты ғана ғой. Онымен қатар, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бен сахабалардың өмір баянын оқып-үйренбейсіңдер, әрі оны артық, қажетсіз нәрсе деп есептейсіңдер. Дәл солардың әрекеттері мен сөздері туралы білім адамның Қиямет Күніндегі есеп туралы ойлануына, амалдардың дұрысталуына және сол Күнге дайындалуға итермелейді емес пе?!

Міне, мысалы сендер түрлі фәқиһтердің пікірлерін, олардың түрлі нұсқалары мен теорияларын, олардың «истихсаналары» мен жіктеулерін оқып-үйренудің тұңқиығына баттыңдар. Шыныменде, сендер Аллаһтың бекіткен заңы бәрі-бір де біздің заңымыз болып қала беретінін білмейсіңдер ме?! Өздеріңе қараңдаршы: Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сенімді хадистерінің бірін кездестірген кезде, көбінесе пәленше ғалымның мазхабына сай амал етуіміз қажет деп ақталып, хадиске сәйкес амал етуден бас тартасыңдар ғой?! Одан кейін неше түрлі сылтаулар айта бастайсыңдар: «хадисті тек толыққанды ғалым-муджтәһидтер ғана түсінуге құқығы бар, ал біздің ісіміз – тек оларға үн-түнсіз еру. Иمامымыз бізден гөрі бұл хадисті жақсырақ түсінген.

Ол хадисті қалдырды, демек ол хадистің бір ақауы бар болғаны немесе имамымыз ол хадис қайтарылған деп есептеген, я болмаса одан да сенімдірек хадисті кездестіргендіктен ол хадисті теріске шығарған».

Бауырларым, мына бір нәрсені жақсылап біліп алыңдар – жоғарыдағыдай сөздер мен істер дінге ешқандай қатысы жоқ. Егер сен өзіңнің пайғамбарыңа (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) иман келтірсең, онда оның сөзі басқа біреудің сөзіне қайшы келе ме, әлде сай келе ме – оған қарамастан, пайғамбардың ізінен ер! Мұсылман адамның міндеті – Құран мен Сүннетке сәйкес амал ету. Егер сен Құран, Сүннетті түсінуге мүмкіндігің болса, онда дереу білімді тікелей солардан ал!⁶⁴ Ал сәл қиыншылықтар пайда болса, онда түрлі

⁶⁴ Әрине, бұл діндегі жалпыға ортақ – джихад мәселесі, мұсылман басшыға қарсы шығу, қылмысы үшін жаза қолдану, өз-өзін мұсылман санайтын жеке арнайы тұлғаларды күпірлікте айыптау секілді мұсылман үмметіндегі мәселелерге қатысты емес. Бір сөзбен айтқанда, шариғат арнайы құқыққа тағайындаған адамдар ғана айналысатын мәселелерде мұсылман адам дербес шешім шығармауы тиіс.

Ал Аллаһ Тағаланың дініне келер болсақ, ол өз негізінде анық және түсінікті (мухкәм), бірақ адамдар оны біліп, түсінуде бір-бірінен ерекшеленеді. Адамдардың арасында бүкіл дінді толықтай анық (мухкәм) түсінетіндері бар, ал кейбір адамдар үшін діннің жартысы түсінікті да, келесі жартысы түсініксіз, ал басқалары үшін тіпті толықтай түсініксіз (муташәбих) болуы мүмкін.

Аллаһ Тағала адамдарда білім болмаған кезде және оны түсінуде анық емес (муташәбих) болған кезде білім иелерінен сұрауды бұйырды. Аллаһ Тағала былай дейді: «Егер өздерің білмесеңдер, онда білім иелерінен сұраңдар!» (ән-Нәхл сүресі, 43 аят). Шейх Салих Али Шейх айтады: «Құран мен Сүннетте анық (мухкәм) және анық емес (муташәбих) нәрселер бар екені жұрттың барлығына мәлім. Сондай-ақ, мұндай нәрсе сахабалар мен ғалымдардың сөздері мен істерінде де кездеседі. Негізгі білімге ие адамдар анық емес (муташәбих) нәрседен анықты (мухкәм) айыру білумен және анық емес нәрсені аныққа қайтарумен ерекшеленген. Егер де білім иелерінің осындай айрықша қасиеті болмағанда, онда әрбір адам білімді болып кетер еді. Алайда, Аллаһ Тағала ғалымдар мен шынайы білім иелері анық көрінуі үшін адамдарды мухкәм және муташәбих нәрселер арқылы сынайды». Қараңыз: “әл-Мәр’а әл-да’ия”. Дәл осындай сөздерді шейхул-Ислам Ибн Тәймия да «Мәджму’ул-фәтәуә» 13/272-280 кітабында айтқан болатын.

ғалымдардың пікіріне жүгін – қайсысы ақиқатқа және Сүннетке жақынырақ, әрі анығырақ.

Ал түрлі қосымша ғылымдар қаншалықты бірінші кезекті ғылымға – **Құран мен Сүннет білімін** тануға көмектессе, соншалықты олармен (қосымша ғылымдармен) айналысыңдар! Сонымен қатар, оларды ешқашан құралдан мақсатқа айналдырмаңдар және оларға арнайы, жеке бір ғылым ретінде қарамаңдар!»

«Әт-Тафхимәт» 2/161 кітабының авторы әрі қарай былай жалғастырады:

«Егер кімде-кім бір имамның ізінен еріп жүрсе, әрі оған белгілі бір мәселеге байланысты Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисі жетсе және ол хадис өзінің имамының сөзіне қайшы келсе, осы кезде ол хадисті тастап, имамның сөзіне жүгінсе, онда ондай адамға ешқандай ақтау жоқ. Шынайы мұсылман адам ешқашан олай істемейді, ал егер солай істеп қойса, онда оны екіжүзді деп күдіктенуге болады.

Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Сендер өздеріңе дейін өмір сүргендердің салтына еліктейсіңдер: олардың ізіне түсіп, бір сүйем де, бір қадымдай да кейін қалмайсыңдар! Тіпті егер олар кесірткенің ініне кірсе, сендер де бірге кіріп кететін боласыңдар!»** Сонда сахабалар: «Әй Аллаһтың елшісі, бұл айтып тұрғаныңыз яһудейлер мен христиандар ма?» деп сұрады. Ол былай деп жауап қайтарды: **«Енді ше, олардан басқа кім болатын еді?»** әл-Бухари 6/495 мен Муслим 3/219.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) рас айтты. Біз талай әлсіз мұсылмандардың тақуа әулиелерді Аллаһпен қатар раббы ретінде алып, олардың қабірлерін құлшылық қылатын орындарға айналдырғанын көріп жүрміз, дәл солай яһудейлер мен христиандар да жасайды. Онымен бірге, біз талай рет Аллаһтың Кітабындағы аяттардың мағынасын бұрмалағандарды көріп жүрміз. Аяттың мағынасын бұрмалау құбылысы бүкіл үмметке таралды. Мысалы, сопылық ілімінде таухид мәселесінде немесе басқа көптеген мәселелерде Құран мен Сүннетке түбегейлі қарама-қарсы жағдайлар бар. Ал фәқиһтер болса шығу тарихы белгісіз қаншама мәселелерді енгізіп жіберді десеңші, мысалы «ондықтың оннан бір бөлігі», «құдық мәселесі» және сол сияқтылар... Қарапайым адамдар болса, пұттарға табына бастады, әулиелердің қабірін мешітке айналдырып, тіпті арнайы сапармен баратын “қажылық” іспеттес орынға айналдырды. Аллаһ Тағала мұндай адасушылықтардан сақтасын».

Ұлы ғалым Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын) «И’ләм әл-Мууәққ’ин» 4/261 кітабында былай дейді: **«Қарапайым адамға белгілі бір мазхабты ұстану міндетті ме, жоқ па? Бұл мәселеге байланысты екі пікір айтылды, біріншісі – мазхаб ұстану міндетті емес. Міне, жалғыз осы пікір ғана дұрыс. Аллаһ пен Оның елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бекіткен нәрсе ғана міндетті болып табылады. Аллаһ Тағала да, Оның елшісі де (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) ешбір адамға біздің үмметтің белгілі бір адамының мазхабына еріп, тек одан ғана бүкіл дінді қабылдауға міндеттеген жоқ қой.**

Қарапайым адамға мазхабқа еруге рұқсат етілмейді, тіпті егер сол мазхабты ұстанамын деп мәлімдесе де. Қарапайым адам үшін «мазхабқа еру» деген түсінікті қолдану мүмкін емес нәрсе. Өйткені, мұндай сөзді тек қажетті білім деңгейіне ие болған, әрі ой жүгіртіп, дәлелдей алатын және дәлелдерді салыстыра отырып, мазхабтар арасында түсінігі бар адам ғана қаратылып айтылады. Немесе ондай адам белгілі бір мазхабтың кітаптарын оқып, өз имамының фәтуғалары мен сөздерін оқып-үйренген болуы тиіс.

Алайда, егер адам осы аталғандардың ешқайсысын түсінбесе, оның үстіне өзін “шафигимін”, “ханбалимін” немесе басқа бір мазхабты ұстанушымын деп мәлімдесе, онда мұндай бос сөздерді айта салып, бірден өзі айтқанындай бола қалмайды. Бұл сөздері: «мен фәқиһнің» немесе «мен ғалыммын», я болмаса «мен жазушымын» деген сөз сияқты. Өйткені, ондай дәрежеге жету үшін тек сол сөздерді айту жеткіліксіз ғой.

Егер кімде-кім өзін “шафигимін”, “мәликимін”, “ханафимін” және т.б. дейтін болса, әрі белгілі бір имамның ізіне еретінін, соның жолымен жүретінін мәлімдесе, онда ол ғылымда да, білімде де, дәлел келтіру тәсілінде де өз имамының жолымен жүруі тиіс. Міне, осындай кезде ғана бұлай айтуына құқығы бар. Ал егер ол өз имамы туралы білмесе және оның өмірлік жолынан, оның қағидалары мен тәсілдеріндегі түсініктен алыс болса, онда қалайша ол бос сөздер арқылы өзін имамның іліміне байланыстыра алады? Міне сондықтан, Исламдағы қарапайым, сауатсыз адамды қарастырар болсақ, ол адам үшін «мазхабқа еру» сөзі тіптен қолдану келмейтін, әрі ақылға сыймайтын ұғым. Ал егер тіпті ондай жағдай болуы мүмкін десек те, бәрі-бір ешкімді белгілі бір адамның барлық сөздерін алып, басқа имамның сөзін тастауға міндеттеуге болмайды.

Мұның барлығы – жиеркенішті бидғат! Мұндай құбылыс – барлық имамдарға беймәлім құбылыс, әрі бұл біздің үмметте кейіннен пайда болды. Сонымен қатар, олардың дәрежесі жоғары, бізден гөрі әлдеқайда абыройлы, әрі олар бізден гөрі Аллаһ пен Оның елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) туралы жақсырақ біледі, осыған қарамастан олар ешқашан тақлидке шақырған емес және мұсылмандарды мазхабқа еруге міндеттемеген. **Ең жаманы – бір адамның мазхабына еру бұйырылған деп есептейтін адамның пайымдауы. Одан да бетер – тек төрт мазхабтың біреуін ғана ұстанып, оған бүкіл нәрседе еру керек дейтіндердің пікірі.**

Біздің жағдайымызға қарашы! Сахабалардың, табиғиндердің, табә-табиғиндердің және басқа да Ислам имамдарының ілімі құрылды. Бар болғаны төрт-ақ мазхаб қалды! Имамдардың бірі осындайды айтып немесе осыған шақырған ба еді? Сен мынаны жақсылап түсініп ал – сахабалар, табиғиндер мен табә-табиғиндерге міндеттелген парыздар мен заңдар Қиямет Күнге дейінгі өмір сүретін соңғы ғасырлардағы адамдарға да міндеттеледі: Аллаһ Тағала ең алғашқы мұсылмандарға бұйырған нәрсесін, олардан кейін өмір сүретін мұсылмандарға да бұйырады! Діннің заңдары өзгермейді, парыз парыз болып қала береді, тек кішкентай бөлшектері ғана өзгеруі мүмкін: мүмкіндік, уақыт, мекен, нақты жағдайға және т.б. байланысты сыртқы факторлардың түрі немесе саны өзгеруі мүмкін. Сондай-ақ бұл факторлардың барлығы Аллаһ және Оның елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұйырған нәрселерге сәйкес келуі тиіс.

Келесі дәлел. Бір мазхабқа еру міндетті деген тұжырым дұрыс деп елестетіңізші. Онда біз келесідей келеңсіздікке жолыққан болар едік. Біріншіден, ондай жағдай бола қалса, онда барлық адамдарға «бөтен» мазхабтың ғалымдарынан Исламды оқып-үйренуге, олардан фәтуә алу мен діннің жағдайларын түсіндіруді сұрауға тыйым салынған болар еді. Екіншіден, ондай жағдай бола қалса, онда кез-келген «жат» мазхабтың үлкен ғалымына жүгінуіңе тыйым салынар еді, тіпті сол кезде сенің мазхабыңда ол ғалымның деңгейіне жететін адам болмаса да. Үшіншіден, ондай жағдай бола қалса, онда әрбір адам өзінің мазхабына қайшы келетін бүкіл хадистер мен сахабалардың сөздерінен бас тартуына тура келер еді. Яки пайғамбар (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) мен сахабалардың сөздерінің алдына өз мазхабының жетекшісінің сөзін қою керек болып қалады. Міне, бұл тұжырымның салдары қаншалықты негізсіз екенін осыдан-ақ түсіне беруге болады. «Мазхабқа еру міндетті» деген тұжырымның қате, жаңсақ екендігіне жалған ереженің нәтижесі көрсетіп тұр жоқ па?!

Осы айтылғандардың негізінде біз сенімді түрде, қарапайым адам өз дінін оқып-үйренуге, төрт мазхабтың кез-келген өкілінен, әрі басқа да имамдардың ізбасарларынан фәтуә сұрап жүгінуге толық құқығы бар деп айта аламыз. Сұраушы да, сұралып жатқан муфтий де төрт мазхабтың біреуін ұстануына еш қажеттілік жоқ. Дәл сол сияқты, ғалым-муджтәһид те тек өзінің өмір сүретін аймағында таралған хадистерді ғана сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар сахих деп танылған барлық хадистерді қабылдауы керек, ол хадис Хиджаздан болсын, Ирактан болсын, Сириядан болсын, Мысырдан болсын немесе Йеменнен болсын – бәрі-бір»⁶⁵.

Мазхабтардың таралуының бірнеше себептері

Төменде бүкіл әлемде мазхабтардың таралуына бірнеше себептерін көрсеткім келіп тұр. Аллаһ Тағала менің жинаған мәліметтерімді ақиқатқа ұмтылған адамдарға қажетті қорытынды шығаруына көмекші болуын нәсіп етсін! Бірнеше тарихи фактілерді келтірейін.

Мағрибтік Ахмад әл-Мукри (х.ж. 1041 ж. қайтыс болды) өзінің «Нәфх әт-тыйб» 3/158 атты кітабында Мағриб тұрғындары имам Мәликтің мазхабын қалай қабылдағаны туралы айтады: «Сирия тұрғындары секілді ежелден бері Мағриб⁶⁶ пен Андалузияның байырғы тұрғындары имам әл-Әуза'идің мазхабымен өмір сүрді. Әл-Хакәм ибн Хишәм әд-Дахилә - Омейядтар әулетінен шыққан Андалузияның үшінші патшасының кезінде фәтуә имам Мәлик ибн Әнәс пен Мединә қаласының тұрғындарына көшті. Бұл оқиға патшаның өзінің саяси астарлы шешімімен болды. Бұл таңдаудың себебі неде деген сұрақта тарихшылардың пікірі сан түрлі. Көпшілік тарихшылардың пікірі бойынша, Мәлик Мединә қаласында өмір сүрді, ал Мединеде қажылар қайтып бара жатқанда үнемі соғатын болған. Міне, осындай кездерде Мәликті кездестіру оңай, әрі қажетті сұрағыңды

⁶⁵ Шейх Ибн әл-Қайим, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, мазхаб мәселесінің дұрыс түсінігін ашып беретін ұлы сөздер айтты

⁶⁶ Мағриб – батыс елдері. Тарих бойынша, Мағриб аймағына Африканың бүкіл солтүстік батыс аумағы (қазіргі Марокко және көрші елдер), Европаның оңтүстік батыс жерлері (Андалузия – қазіргі Испания, кезінде ол территорияда Ислам кең тарап, Халифаттың аясына кірген) кіреді.

қоюға қолайлы болған. Осындай жағдайды андалузиялық ғалымдар оңтайлы қолданды. Ал кейін Андалузияға қайтқан кезінде, олар жұрттарға имам Мәликтің ерекшеліктері мен білімінің кеңдігін сүйсіне мақтайтын. Міне, осылайша олар Мәликті көтермелеп, кейін оның мазхабын қабылдады.

Басқа бір пікір бойынша, имам Мәлик, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, бірнеше андалузиялықтардан олардың патшалары туралы және оның қасиеті туралы сұрады. Әлгі андалузиялықтар патшаның тарихын айтып берген соң, Мәликке ол ұнап қалды, себебі сол кездері аббасидтік әулеттің патшаларының қасиеті мен амалдары қанағаттанарлықтай емес еді⁶⁷. Әлгі әңгімелеп берген кісіге имам Мәлик: «Біз Аллаһ Тағаладан біздің қасиетті мекенімізді (Мединаны) сіздердің патшаларыңызбен безендіруін сұраймыз» деді. Бұл сөздер Андалузияның патшасына жеткізілді. Мұны естіп, Мәликтің қадір-қасиетін түсінетін патша барлық адамдарға оның мазхабына өтіп, имам әл-Әуза'идің мазхабынан бас тартуды бұйырды!

Міне, осылайша Ислам әлемінің батыс өңірінде малики мазхабы таралды. Бірақ бір кедергі бар еді. Әдеттегідей үлкен ғалымдардың өзінен кейін бірнеше жетекші шәкірттері қалады (онымен қоса, олардың сөздері мен фәтуалары сол ғалымның мазхабынан деп есептелінеді). Ал кейде олардың арасында келіспеушілік пайда болып, бір-біріне қарама-қайшы фәтуалар береді. Мұндай жағдай имам Мәликпен де болған, оның шәкірттерінің арасында бір мәселеге байланысты бірнеше пікір айтылды. Мағриб патшалары тек Ибн әл-Қасим таңдап бекіткен нәрсесінің негізінде ғана іс пен билік жүргізетіні туралы бірауызды келісті! Міне, осылайша мазхабтар патшалар мен олардың саясатының қолындағы ойыншыққа айналды».

Ал мен (әл-Мә'суми) болсам былай деймін: егер сен әртүрлі мазхабтар мен тариқаттардың пайда болғандығы туралы жан-жақты танысқың келсе, Ибн Халдуннің «Муқаддимә әт-Тарих» кітабын оқуға кеңес беремін. Ол осы тақырыпты өте тамаша түсіндірген, Аллаһ оған сансыз сауаптардан жазсын. Мысалы, Ибн Халдун мазхабтардың пайда болуы мен оның таралуы тікелей кейбір саяси айлакер қызметкерлерге байланысты екенін егжей-тегжейлі сипаттайды, ал кейде – билікке өзінің ерекше жоспарлары мен мақсаттары бар жат елдік адамның келуімен байланысты. Соңдықтан, бұған ерекше назар аударыңыздар!

Ұлы ғалым Ибн әл-Қайим «Иғаса әл-ләхфән мин мәсаид әш-шәйтан» 1/125 кітабында былай деп жазды: «Шайтанның азғыруларының бірі мынадай: ол адамдарға біркелкі кейіпті ұстануды, бірдей киім киюді, арнайы бір келбет пен жүріс-тұрыс мәнерінде болуды, тек бір ғана шейхты тыңдауды, тек бір тариқатқа кіріп, тек белгілі бір мазхабты ұстануды бұйырады. Шайтан оларды дегеніне соншалықты көндіреді, тіпті олар бұны міндетті (фард) деп есептей бастайды. Адамдар қабылданған ережелерден бір

⁶⁷ Бұл жерде анықтап түсіндіру қажет: Андалузияның патшалары омейяд әулетінен болған. Бұл ізгі халифтердің заманы біткен соң (хиджраның 40 жылы) ислам әлеміндегі ең алғашқы халифтер шығатын әулет болып есептеледі. Алайда II ғасырда ислам мемлекетінің, оның ішінде Медина қаласының да, билігі басқа әулеттің – аббасилердің қолына өтті. Бұл кезең үлкен бүліктер мен екі әулеттің арасында күреспен есте қалған. Тек батыс өңірде – Мағриб пен Андалузия жерлері омейядтер әулетінің билігінде қалған болатын. Имам Мәлик Мединада өмір сүрді, ал ол аймақты аббасилердің қол астында болған, міне, осы оқиғадан көріп отырғанымыздай, имам Мәлик басқа әулеттің патшалары жөнінде мақтаулы сөз айтты.

қадым да аттап шықпайды, әрі олармен бірге болмағандарды адасқандар деп есептей бастайды».

Белгілі бір мазхабқа соқыр еретін муқаллидтердің көбісі дәл осылай істейді, сондай-ақ түрлі сопылық тариқаттар, мысалы, «нақшбандия», «қадирия», «сахрууардия», «шазилия», «тиджәния» және басқа көптеген тариқаттар.

Сондықтан, осы мазхабтар мен тариқаттардың өзегінде жатқан фанатизм мен соқыр тақлидтен сақтан! Бұл адамдар шарифат пен ақиқатқа емес, керісінше өз салттарына ергенді артығырақ көреді. Осылайша, олар фикһ пен ақиқат ғалымдардың жағында емес, керісінше бидғатқа толы салттарды орындайтын адамдардың қатарынан болып қалды. Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жолы мен оның өмір баянын білетін, оқып-үйреніп жүрген адам болса, оның жолы мына бидғатшылардың жолына қаншалықты алыс, әрі қарама-қарсы екендігін түсінеді. Ал оның ізгі жолы тек Аллаһ Тағала бұйырған нәрсені ұстануды талап етеді. Сондықтан, ізгі жол мен жаңағыдай адамдардың жолының арасындағы айырмашылық – жер мен көктей алшақтық!

Мен (әл-Мә’суми) айтамын: егер сен Ислам бұзатын, әрі мұсылмандардың бірлігіне сызат түсіретін осы мазхабтар мен ағымдардың пайда болу тарихын жан-жақты қарастырғың келсе, тағы да Ибн әл-Қайимнің «Иғаса әл-ләхфән мин мәсаид әш-шәйтан» кітабын, әсіресе – соңғы бөлімінің 2 томның 266 бетін оқуға кеңес беремін. Оның ішінде автор түрлі оқиғалар мен Ибн Сина, Нәсыр әт-Туси сияқты адамдардың тіміскілік әрекеттерін, убайдилер мен басқалардың шиеленісін келтіреді. Осылайша, Исламның жаулары мұсылмандарды мазхабтар мен тариқаттарға бөлшектеу арқылы дініміздің өзгеріске ұшырауына бар күш-жігерін салған. Сондықтан, осы туралы шамалы ойлан!

Имам Шихабуддин Абдуррахман Әбу Шама (х.ж. 665 ж. қайтыс болды) өзінің «әл-Муәммәл ли-ррадд илә әл-амр әл-аууәлә» 1/10 атты кітабында былай дейді: *«Адамдар өздерін бірте-бірте шектей бастады: Құран зерттейтін ғылымдарды үйренудің орнына, адамдар бірнеше сүрені жаттап, Құранды бірнеше оқу тәсілін (қираат) жеткізумен қанағаттана бастады, әрі Құранның тәпсірі мен одан үкімдер мен заңдар алуды қалдырды. Ал хадистану ғылымында адамдар тек кейбір кітаптарды тыңдаумен шектеліп, өзінен да наданырақ шейхтерден ала бастады. Ауызша қоқыс пен ой-пікір қалдықтарын жинаумен разы болып жүргендер де бар. Ал басқалары өздерін біреудің мазхабына қамқорлық қылып, оны келесі ұрпаққа жеткізе отырып, ондағы әрбір пікірді сақтауға тырысуға арнады. Кейбір білім иелерінен «мазхаб» сөзінің мағынасын сұрағанда, олар былай деп жауап беретін: «Бұл – дінді бұрмалау!» Аллаһ Тағала былай дейді: **«Әрі серік қосұшылардан болмаңдар! Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларға мәз болғандар».** Сонымен бірге, біз сипаттаған адамдардың барлығы өздерін ең білімді, әрі сауатты ғалым санайды, ал шын мәнінде, олар Аллаһ пен шынайы ғалымдардың алдында – надандардан өткен надандар».*

Сол кітапта 1/15 имам Әбу Шама сөзін жалғастырып былай дейді: *«Тек төрт мазхаб қана танымал болып қалды, ал қалғандары – ескерусіз қалып, артынан ұмытылып*

та кетті. Мүмкін ол имамдардың ізбасарлары ғылымда әлсіз болған шығар, тек аз ғана бөлігінен басқа. Мысалы, олар тақлид жасай бастады, бірақ оларға дейін бұл тыйым салынған болып есептеліп еді. Онымен қоса, өздерінің имамдарының сөздері Құран мен Сүннет тәрізді болып кеткен, ол туралы Аллаһ Тағала былай дейді: **«Олар ғалымдар мен машайықтарын Аллаһтан өзге Раббы ретінде алды»** (әт-Тәубә сүресі, 31 аят).

Мен осы сөздерді жинап құрастырған, осы кітаптың авторы, 'Абдул-Кәрима мен 'Абдуррахманның әкесі - Мухаммад-Султан әл-Мә'суми айтамын: міне, осы Қиыр Шығыстан - Жапониядан келіп жеткен мазхабқа еру мәселесіне байланысты жинауға ниет еткендерімнің соңы. Жауаптың ауқымы үлкейіп кету себебінен осы тақырыпта келтірген нәрселеріммен ғана шектелемін, себебі «тамшы теңізді нұсқайды» емес пе?!

Бүкіл мадаққа лайық Ұлы Аллаһ Тағаладан бүкіл әлемдегі Оның құлдары осы еңбектен пайда алып, сондай-ақ осы жұмысты тек Оның ғана Жүзіне шынайы ықыласпен жасауымды, әрі осы себепті Жаннаттағы тәттілерге қол жеткізуге себепші етуін сұраймын.

Бұл кітап Аллаһтың қорғауындағы ел Мекке қаласында, әл-Харам мешітіне жақын әл-Бухария көшесіндегі менің үйімде хиджра жыл санауы бойынша 1358 жылы 15 мухаррамда жазылды (1939 жылдың 6 наурызына сәйкес келеді).

«Қастерлі Раббың – олардың сипаттағандарынан Пәк! Елшілерге сәлем! Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһқа лайық!» (әс-Саффат сүресі, 180-182 аяттар).